



**ПРОФЕССОР М.Ғ.АРЫННЫҢ 85  
ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН  
«АРЫН ОҚУЛАРЫ»  
тақырыбындағы республикалық  
ғылыми-практикалық  
конференциясының  
МАТЕРИАЛДАРЫ  
20 мамыр, 2021 жыл**

---

---

**МАТЕРИАЛЫ  
республиканской научно-практической  
конференции  
«АРЫНОВСКИЕ ЧТЕНИЯ»,  
ПОСВЯЩЕННОЙ 85-ЛЕТИЮ  
ПРОФЕССОРА М.Г.АРЫНА  
20 мая, 2021 года**

---

---

**MATERIALS  
Of the Republican scientific and practical  
conference  
"ARYNOV READINGS", DEDICATED TO THE  
85TH ANNIVERSARY OF PROFESSOR M. G.  
ARYN  
20 may, 2021 year**

**ӘОЖ 370**  
**КБЖ 74.00**  
**П92**

Редакция алқасы:

Р.А. Бекназаров - т.ғ.д., профессор, Б.С. Абенова - т.ғ.к., профессор, Ж.А. Жусупова - п.ғ.к., доцент, К.Ж. Туребаева - п.ғ.д., профессор, Г.Р. Бахтиярова - п.ғ.к., профессор, С.Е. Досжанова - п.ғ.к., доцент, Г.И. Туретаева - п.ғ.к., доцент, А.К.Тоғайбаева - п.ғ.к., доцент, М.Н.Есенғұлова - п.ғ.к., доцент, М.М.Бегимова - магистр, оқытушы, М.Н.Нұрлан-магистр, оқытушы.

**П92** Профессор Мұхтар Арыновтың 85 жылдығына арналған «Арын оқулары» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Ақтөбе, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, 2021 ж. - 106 бет. – ISBN 978-601-7664-03-9 = Материалы Республиканской научно-практической конференции «Арыновские чтения», посвященной 85-летию профессора М.Г.Арына – Ақтөбе, Актюбинский региональный университет им.К.Жубанова, 2021 г. - 106 стр. – ISBN 978-601-7664-03-9 = Materials of the republican scientific and practical conference "Arynov readings", dedicated to the 85th anniversary of professor M.G. Aryn. – Aktobe, K.Zhubanov Aktobe Regional University, 2021 . - 106 pp. – ISBN 978-601-7664-03-9

Жинақта Арынның педагогикалық және лингвистикалық мұралары, ұлттық руханият кеңістігі: М.Арынның тәрбие тұжырымдамасындағы «Бес анық», білім беру жүйесіндегі дәстүрлер және инновациялар туралы материалдар қамтылған.

ӘОЖ 370  
КБЖ 74.00

**ISBN 978-601-7664-03-9**

© Қ. Жұбанов атындағы АӨУ, 2021 ж

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ  
И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

Қ.ЖҰБАНОВ атындағы АҚТӨБЕ  
Өңірлік университеті  
Ақтөбе қаласы



АКТЮБИНСКИЙ РЕГИОНАЛЬНЫЙ  
УНИВЕРСИТЕТ им. К.ЖУБАНОВА  
Город Актобе

**ПРОФЕССОР М.Ғ.АРЫННЫҢ 85 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН  
«АРЫН ОҚУЛАРЫ»**

тақырыбындағы республикалық ғылыми-практикалық конференциясының  
МАТЕРИАЛДАРЫ  
20 мамыр, 2021 жыл

МАТЕРИАЛЫ  
республиканской научно-практической конференции  
**«АРЫНОВСКИЕ ЧТЕНИЯ», ПОСВЯЩЕННОЙ 85-ЛЕТИЮ  
ПРОФЕССОРА М.Г.АРЫНА**  
20 мая, 2021 года

MATERIALS  
Of the Republican scientific and practical conference  
**"ARYNOV READINGS", DEDICATED TO THE 85TH ANNIVERSARY  
OF PROFESSOR M.G. ARYN**  
20 may, 2021 year

**Ақтөбе – Актобе – Aktobe**

## **ҚҰРМЕТТІ КОНФЕРЕНЦИЯҒА ҚАТЫСУШЫЛАР!**

«Асқар тау алыстаған сай асқақтай түседі», - дегендей, өзі өмірден өтсе де, соңына өшпес із қалдырған ел азаматының есімі халқымен бірге жасай бермек. Осының дәлелі - бірегей тұлға, ғалым Мұхтар Арын ағамыздың 85 жылдығына орай Құдайберген Жұбанов атындағы мемлекеттік өңірлік университеті ұйымдастырған «**Арын оқулары**» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы. Сонымен қатар, Мұхана арналған келелі жиынның ел тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында өтуінің де символдық мәні бар деп есептеймін. Өйткені, Мұхтар Ғалиұлы өзінің батыл да нық қадамдарымен ата-бабамыз аңсаған егемендікті жақындатқан ұлтжанды азамат.

Осыдан тура 32 жыл бұрын, 1989 жылдың мамыр айында бүгінгі бас қосуымыздың басты себепкері – профессор Мұхтар Ғалиұлы Арын тіл білімі саласындағы алғашқы қазақ профессоры, түркітанушы ғалым, ұстаз, Ақтөбеде кіндік қаны тамған Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың 90 - жылдығына арналған республикалық ғылыми-теориялық конференция ұйымдастырғанын айрықша атап өткім келеді. Бір сөзбен айтқанда, 1957 жылы заңғар жазушымыз Мұхтар Омарханұлы Әуезов репрессияның құрбанына айналған Құдайберген Жұбанов туралы «Оқымысты» мақаласын жарыққа шығарса, Мұхтар Арын – елімізге белгілі ғалымдарды арнайы шақырып, асыл азаматтың әлемдік ғылымға қосқан орасан зор еңбегі жерлестеріне паш етілген болатын. Сондай-ақ, көп жылдар бойы «халық жауының баласы» деген ауыр айыптауды арқалап, жалтақтаумен болған Құдайберген Жұбанов ұрпақтары асқар тау әкелерінің туған жері Орқашты көру бақытына ие болды, әке рухына тәу етті. Бүгінгі көзқараспен аталған оқиғаны тағы бір сараласақ, Мұхтар Ғалиұлының жасағаны ерлік. Еліміз егемендігін алмай тұрып, оның үстіне ұлттық тарихы әрбір тау-тасында тұнып тұрса да солақай саясаттың керімен орыстанып кеткен Ақтөбе өңірінде республикалық деңгейдегі жиынды ұйымдастыру – ұлт мүддесіне қызмет етуді мұрат еткен Мұхана бұйырыпты. Оған қоса бір жылға толар толмас уақыт ішінде Мұхтар Ғалиұлының пәрменімен жоғары оқу орнына Құдайберген Жұбановтың есімін беру туралы Үкімет қаулысының қабылдануы – ел азаматының қайраткерлігін дәлелдей түседі. Осы арада, Құдайберген Жұбанов пен Мұхтар Арынның еңбек жолы мен тағдырындағы сәйкестікті атағым келеді: екі азамат та 90 жылдан астам тарихы бар Қазақ педагогикалық институтында (қазіргі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті): Құдайберген Қуанұлы өмірінің соңғы алты жылында қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, ал Мұхтар Ғалиұлы жеті жыл проректорлық қызметін атқарыпты. Сонымен қатар,

Мұхтар ағамыздың әкесі Арын атамыз бен Құдайберген Жұбановтың тағдыры ұқсас, екеуі де «халық жауы» дейтін жалған жаланың құрбаны.

Мұхтар Ғалиұлының жаугершілік заманда елін, жерін қорғаған Есет Көкіұлы мен Есет Көтібарұлының кесенелерін салуға, облыс орталығынан шалғайда орналасқан Шалқардың Ақбауырындағы қазақтың әйгілі күйші-композиторы Қазанғаптың бейітінің кірпішін қалап, ескерткіш қоюға және басқа да ел жадынан ұмтыла бастаған Ұзақбай Құлымбетов, Нұрпейіс Байғанин, Шығанақ Берсиев сынды ардақтыларды еске алу, мұраларын жинастыруға арналған іс-шараларға бастамашы болып қана қоймай, оларды ұйымдастыру арқылы егемендігіміздің нығаюына өлшеусіз үлес қосқаны ел аузында. Мұханды нар жігітке теңеген халық жазушысы Әбдіжәмил Нұрпейісов ағамыздың мына сөздерін келтіргім келеді: *«... Мұхтар көп ішіндегі жәй жақсы жігіттің бірі емес бірегейі еді; және шын мәніндегі нар көтерер ауыр жүкті мыңқ етпей халқы алдындағы өзінің перзенттік парызы көріп, мақтанышпен көтерген нағыз азамат жігіт еді. Ол көзі тіріде, тіпті әне бір қиын кезде, әсіресе Ақтөбе өңірінің арғы бергі заманда елдің сөзін ұстап, намысын қорғап, кемдікке көнбей, тек теңдік үшін тайталасып күресіп өткен билерінің, батырларының, ақындарының аруағын тірілткен тұста көшбасшы көсем болған, тарихи, мәдени-рухани һәм азарту салада жанын жалдап, аянбай еліне еңбек еткен көзі ашық, көкірегі сергек, нар жүгін көтерген, өзі де нар жігіт еді»*. Сондай-ақ, көрнекі мәдениет қайраткерлері – күйші-домбырашы Қаршыға Ахмедияров ағамыз өзінің «Қазанғап Ақжелең» күйін, профессор Мұхтар Ғалиұлының шақыруымен көп жыл Қ.Жұбанов атындағы университетте музыка кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарған Қайырғали Қожанбаев «Арнау» күйін Мұхаңа арнап шығарған болатын. Осы сәтті пайдалана отырып, биыл туғанына 115 жыл толып отырған Ахмет Қуанұлы Жұбановтың қазақ өнеріне қосқан үлесі орасан мол екенін және ағасы Құдайберген дүниеден өткеннен кейін, оның балаларына қамқор болып, әке орнына әке болғанын да атап өткен жөн деп санаймын.

Бәрімізге белгілі, еліміз егемендікке қол жеткізген бастапқы жылдары көрші ел қарым-қатынастарын көмескілендіретін Александр Солженицынның «Ресейді қалай жайластырамыз?» («Как нам обустроить Россию?») ешқандай негізі жоқ мақаласы шықты. Жириновскийдің де осы сықылды көкімелері жадымызда. Іле-шала Қазақстанның Ресеймен шекаралас облыстарында жат пиғылды белсенді топтар пайда болып, ел ішінде іріткі сала бастады. Мұның барлығы Қазақстанда орынды ашу-ыза, қатты қарсылық туғызып, Тұңғыш Президентіміздің өзі араласып, мықты тойтарыс берілді. Менің айтайын дегенім, осындай теріс құбылыстың Ақтөбеде орын алмауы – Мұхтар Ғалиұлы бастаған зиялы топтың осы өңірде атқарған елдік істерінің нәтижесі деп білемін.

Сәл уақытты алға жылжыта айтарым, 2007 жылы, Ақтөбе жерінде қызмет істеген кезімде Елбасымыздың «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында көптеген оқиғалар өтті. Олардың

арасында республикалық деңгейде айрықша аталған маңызды іс-шаралардың бірі – қаракыпшақ Қобыланды батырды мәңгілік есте қалдыруға арналған мерейлі істердің сапалы өтуіне тікелей атсалысу бақыты бұйырды. Аталған игілікті істі бүгінгі конференциямызға арқау болған Мұханның жолын жалғастыру десем қателеспеспін.

Мұхтар Арын ректорлық қызметімен бірге ел қалауымен Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Ақтөбе облыстық ұйымы басқармасының төрағасы болып сайланып, соңғы демі біткенше қыруар жұмыс атқарды. Бір ғана мысал, «Қазақ тілі» қоғамының аймақтық пленумда жасаған баяндамасында *«... «Тың көтеру» деп аталған ылаңды кезеңде, яғни 1950-1970 жылдар аралығында зана біздің Ақтөбе облысында 87 қазақ мектебі жабылып, оның есесіне жүзден астам аралас мектеп ашылуы да, сөз жоқ, осындай теріс саясаттың салқыны»,* - деген болатын. Одан әрі Мұхтар Ғалиұлы Ақтөбе қаласында алғашқы қазақ мектептерінің бірі - №21 мектеп-гимназиясы ашыларда сол жылдары қала басшылығында болған С.Н.Лапшин мен М.Евдокимовтың «жаңа мектепті қазақ мектебінде ашу үшін үй-үйді аралап, ата-аналардан мынадай есімді баламызды қазақ класына береміз деген, нақтылы тұрағы көрсетілген өтінішін жаздырып әкеліндер» деген шарт қойғанын, «Қазақ тілі» қоғамының мүшелері үй-үйді аралап, қазақ ата-аналардан 900-дің үстінде баламызды осы мектепке береміз деген өтініштерін жинап беруге мәжбүр болғандығын ашына айтады. Сондай-ақ, Мұханның берік ұстанымы - аралас мектептердің ашылуына түбегейлі қарсы болғанын да жақсы білеміз.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлының жасампаздық идеясы жүзеге асып, астанамыз Алматыдан Ақмолаға (қазіргі – Нұр-Сұлтан) ауыстырылғаннан кейін қазақ тілінде бала-бақшалар мен мектептерді жаппай ашу мәселесі өткір болды. Сол жылдары Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасы Үкіметіндегі жауапты қызметте, кейін елордалық Білім департаментін басқарған кезде аталған мәселемен тікелей айналысуыма тура келді. Елбасы тарапынан Министрлікке, елорда әкімдігіне жаңадан салынып жатқан оқу ғимараттары тек қана қазақ тілінде білім беретін мектептер ретінде ашылу керек деген тапсырма берілген болатын. Аталған тапсырманы орындау барысында жергілікті тұрғындар тарапынан үлкен қарсылыққа тап болдық. Президент Әкімшілігі, Үкімет Кеңесіне, министрлікке кезекті жаңа оқу ғимараты ашыларда, оны аралас мектеп ретінде ашу туралы өтініштер «қарша борады» деуге болады. Осындай «өтініштерді» ұйымдастырушылардың авторы кей кездері сонау «Целиноград» кезеңінен мектеп директоры болып келе жатқан «өткенді көксеген» азаматтар болды. Кез келген күрделі жағдайда Министрдің қолдауын, қамқорлығын сезетін едік. Сол жылдары Білім, мәдениет және денсаулық сақтау Министрі лауазымын атқарған Қырымбек Елеуұлы Көшербаевтың еңбегі зор. Сондай-ақ, «Әке көрген оқ жонар..», - дегендей, Мұханның ізі – Білім және ғылым министрінің бірінші орынбасары, Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы Павлодар

университетінің ректоры қызметін абыроймен атқарған Ерлан Мұхтарұлының Кереку-Баян жеріндегі қалың сенді бұзып, игілікті істердің бастамашысы болғанын атап өткім келеді.

Осылайша, мемлекетіміздің нығайту мәселелерін шешуде Мұхтар Ғалиұлы Арынның «Бес анығындағы» құндылықтарын, оның Ақтөбе өңірінде ұлтымыздың абыройын асыру мақсатындағы қолданған бастамаларын, шешімдерін басшылыққа алдық деп нық сеніммен айтамын.

Профессор, білікті ғалым, ұлағатты ұстаз, ел ағасы, қоғам қайраткері Мұхтар Ғалиұлы Арынның «Бес анық» атты ұлттық тәлім-тәрбие туралы толғамдары отандық этнопедагогика ғылымында ойып тұрып, орнын тапқан құнды еңбек екені әлдеқашан дәлелденді. Егемендігімізді ресми түрде жариялағанмен «тәуелсіз ел боламыз ба? болмаймыз ба?» деген сұрақтар Елбасымыздан бастап ұлтжанды азаматтарды толғандырып жүргенде Мұхаң жарықтық қай заманда болмасын ата-бабаларымыз ұрпақтан ұрпаққа мирас еткен Тіл, Дін, Дәстүр, Тарих, Атамекен атты қасиетті құндылықтарды «Бес анығы» арқылы ұлтына тарту еткен-ді. Ең бастысы, Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашаққа бастар жол» және «Ұлы даланың жеті қыры» мақалаларының ширек ғасыр бұрын жарық көрген «Бес анықпен» үндесуі – Ғалым, Ұстаз һәм Елағасы Мұхтар Ғалиұлы көтерген мәселелердің қазіргі уақытта да күнтәртібінен түспегенін дәлелдейді.

Парламент Мәжілісінің депутаты ретінде Мұхтар ағамыздың Жоғарғы Кеңес депутаты сайланып, еліне қызмет еткенін атамай кетуге болмайды деп санаймын. Мұхтар Ғалиұлының қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы күресте есімі елге танылған тама Есет батыр мәңгілік тыныстаған, мемлекет қайраткері, ақын, Ұлт ұстазы атанған Ахмет Байтұрсынұлының 1895 жылы алғашқы ұстаздық жолы басталған Алға сайлау округінен депутат атануында үлкен мән бар деп есептеймін.

Биыл 1995 жылғы қабылданған Ата Заңымызға сәйкес қос палаталы кәсіби Парламенттің құрылғанына ширек ғасыр толды. Дегенмен, Жоғарғы Кеңестің 12-ші, 13-ші шақырылым депутаттары қабылдаған Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясы, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық Заңы, Қазақстан Республикасының алғашқы конституциясы және басқа да заң актілері егеменді еліміз тарихының жылнамасына алтын әріптермен жазылған. Сонымен қатар, тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдары қабылданған «Тіл туралы», «Білім туралы» заңдарында Мұхтар Ғалиұлы Арынның халық қалаулысы ретіндегі ерен еңбегі, дара қолтаңбасы бар екені айқын. Мұхтар ағамыз өзінің «Бес анығында» *«... Дәстүрлерді негізе ала отырып, заң шығарудың көп артықшылықтары бар. Мәселен, оқу-тәрбие мәселесіне байланысты, әділетке қатысты заңдар осылай шығарылса дейсің. Олай дейтініміз, әуелгі кезде шаруашылыққа, жерді пайдалануға байланысты қабылданған заңдар дәстүрлерімізді аяқ асты етті. Заңдарды қабылдағанда*

*дәстүрлеріміз ескерілсе дегеніміздің өзі осыдан шыққан қорытынды» -* дейді. Осы арада, Мұхтар Ғалиұлының жоғарыдағы түйін сөзі Мемлекет басшысының жер мәселесі туралы Ұлттық кеңестің 5-ші отырысында жариялаған ұстанымына сәйкес келетінін атағым келеді. Қасым-Жомарт Тоқаев былай деген болатын: *«... Халқымыз үшін жер мәселесі қашанда аса маңызды. Бұл – мемлекеттігіміздің берік негізі және қасиетті символы. Қазақтың жері шетелдіктерге сатылмайды деп бірнеше рет айттым. Бұл мәселеге қатысты қауесеттерді тоқтату қажет. Сондықтан, мен мынадай нақты шешімдер қабылдадым. Біріншіден, шетелдіктерге және шетелдік заңды тұлғаларға ауыл шаруашылығы жерлерін сатуға, жалға беруге заң жүзінде біржөла тыйым салуды тапсырамын».*

Аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, 13-ші шақырылымдағы Жоғарғы Кеңестің Төрағасы болған Әбіш Кекілбаевтің мына бір естелігі Мұхаңның мемлекетшілдігін аша түсетіндей: *«... ұтырлы қимылдап, ұтқыр сөйлейтіндеріміздің бірі де Мұхтар еді. Алабұртпай, ала қызбай, діттеген жерден шыға білуші еді. Ғылыми тереңдікке азаматтық парасат қосылып, талқыға салиқалылық бітіруші еді. Іштей сүйсініп отыратынбыз... Айтулы ғалым. Ұлағатты ұстаз. Аты да, абыройы да зор еді. Аз ғана жасап, ортамыздан ойып алған орны орасан зор екен...».*

**Құрметті қауым! Ардақты ағайын!** Мұхтар Ғалиұлының қысқалау болса да аса мәнді де мағыналы ғұмырында атқарған игілікті істерін бір баяндама аясында қамтып шығу мүмкін емес. Ең бастысы, Мұхаңның **«Аңсатып берген азаттығымды сақта! Ата-бабамнан қалаған қазақтығымды сақта!»**, - деген аталы батасы орындалып, Қазақстанымыз Елбасы негізін қалаған, бірлігі жарасқан дербес мемлекетке айналды. Бүгінгі күні тәуелсіз еліміз 30 жылдық белесіне айтарлықтай табыстармен жетті. Толағай табыстардың бірі де бірегейі – рухани байлығымыз екені айдан анық. Осы бір рухани жетістіктеріміздің қайнар көзінде – асыл азамат Мұхтар Ғалиұлының өшпес ізі жарқырап көрінеді. Олай болса, *«Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді»*, - дегендей, Мұхаңның мұралары алдағы уақытта да тәуелсіз елдің перзенттері үшін дара жолын табатын темірқазық бола берсін дегім келеді.



**М.АРЫННЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МҰРАЛАРЫ  
ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ И ЛИНГВИСТИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ М.АРЫНА  
PEDAGOGICAL AND LINGUISTIC HERITAGE OF M.ARYN**

---

**А. Айталы ф.ғ.д., профессор**  
(Ақтөбе, Қазақстан)  
Қ. Жұбанов атындағы АӨУ

**М.АРЫН ӨМІРІНІҢ КЕЙБІР СӘТТЕРІ**

Мұхтар Ғалиұлымен қоянқолтық жақын араласып, қызметтес болғандықтан бүгін оның тұлғалық қасиетін айқындай түстеін кейбір жағдайлар ойға оралады.

Кеңес Одағы ыдырай бастап, архивтер ашылып, көптеген деректерге қол жете бастады. Мұқанның әкесі репрессия құрбаны болған, анасы да ерте өмірден озған, Ғали ағасының қолында тәрбиеленген.

Репрессияға ұшырағандардың ұрпақтары өз өмірбаянын толық айта бермейді, әңгімені басқа арнаға бұра береді және сөзінде, ісінде өте сақ, құжаттарда қалыптасқан лексикадан айнымайды, сақтанғыш стереотип байқалады. Мұқаң да солай еді

Заман өзгерген тұста Мұқаң өзінің беделін де салып Республикалық Қауіпсіздік Комитетінен әкесінің жеке ісін алдыртты. Бір күні маған ертең жұмысқа келмейтінін, облыстық қауіпсіздік комитетінде әкесінің жеке ісімен танысатынын айтты. Үшінші күні жұмысқа шыққан соң, әңгімесін айтты. Өңінен шаршаған, қажығандығы көрінеді. Әкесінің ісімен танысуға телефоны бар бөлме берген, ешқандай материалды жазып алуға рұқсат жоқ және танысқан ақпаратпен ешкіммен бөліспейтіні туралы қолхат алған. «Шағын ғана бірнеше беттен тұратын іс екен,-дейді Мұқаң, - оны қолыма алғанда толқыдым, көзіме жас алдым, қанша жасқа келсең де жетімдігің жүрегіңде шер болып жатады ғой,- деді. Сөзін жалғастыра келіп, «менің көңілімді онан әрі толқытқан мына бір сұмдық жағдай болды. Әкемді соттатқан (әкесі аудандық білім бөлімінің басшысы болған) өзіміздің жақын туыстар болып шықты. Оларды мен білемін, талай маған әкемді мақтаған, «ол білімді, парасатты, мінезге бай адам» дегендері есімде. Осылай үйге көңілім құлазып, шаршап келдім»-деді.

Мұхтар Арын мынандай әңгімен сөзін жалғастырды. «Россия түрьюма народов» деген Лениннің белгілі сөзін айтып, «СССР – большая түрьюма народов» деді. Біз рухани түрмедеміз, бір-бірімізді сату, сыртынан арыз

жазу қазақтың мінезіне айналған. Осы мәселенің төңірегінде біраз пікр алмастық.

Мұқаң педагог реформатор, студенттердің ғана емес, Ақтөбе елінің тәрбиешісі болды. «Қазақстан» арнасынан «Тәрбие деген тәңір бар» деген сұхбат жүргізгені есімде. Рухани қапастан шығудың жолы Мұқаң үшін ұлттық білім, мәдениет, дәстүрлі болды.

Екінші бір сәт-М. Арының ВАК-тан (Мәскеу) профессор атағын қорғауы.

Ол ғылыми атақты алу үшін Мәскеудің В.Ленин атындағы пединститутының шет тілдер факультетінің неміс бөлімінде неміс тілінде дәріс оқу керек деп Мұқанды Мәскеуге шақырған. Сол күндері мен де Мәскеуге ғылыми конференцияға баратын болдым. Мұқаң маған болельщик болып келсейші деді. Мұқаң қанша қазақ болса соншалық немісшіл, Гете мен Абай рухани байланысына көп мән берген. Лекция алдында Мұқаңа үш профессор неміс тілінде сұрақтар беріп жатыр. Мұқаң Гете мен Абай үндестігін айтқанын неміс тілін білмесемде мен сезіп отырдым. Үш профессор бастап аудиторияға бет алдық, байқаймын Мұқаң толқып тұр. Бір кезде Мұқаң «маған осы үшеуі жетер, сен аудиторияға бармай-ақ қой» деді. Мен кафедрада қоңырау күтіп отырдым. Үш профессор мен Мұқаң да келді. Енді олар орысша сөйлесті, профессорлар «екінші 45-минутқа бармаймыз, бізді сіздің лекцияңыз қанағаттандырады»-деді. «Вы достойный быть профессором немецкого языка национального вуза» дегендері есімде «Через два дня отзыв направим в ВАК». Мұқаң көңілді, қонақ үйге апарып салдым. Мұқаңдай ғылым кандидаты бола тұра, профессор атағына ие болған, Мәскеу ғалымдары мақұлдаған қазақ көп болмас.

1998-ші жылы Ресейде славяндардык христиандықты қабылдауының – «Крещения Руси» мыңжылдығын атап өтті. Бұл ислам дінін жандануына себеп болды, 1989ж. Қазақстан мұсылмандары Діни Басқармасы құрылды. Дін Тәуелсіздікке осылай ең алдымен қол жеткізді. Бірақ қоғамда дінге деген көзқарас күрделі болды.

Кеңес үкіметі ыдырағаннан кейін, мемлекеттік идеология мәнін жойды, идеологиясыздану, деидеологизация-процесі басталды. Бірақ идеологиялық вакуумның орнын қалай, немен толтырамыз? деген проблема өткір қойылды. 1992 мамыр айында Ақтөбе қаласында осы мәселеге арналған жиналыс өтті. Мұқтар Ғалиұлы имандылық тәрбие жөнінде пікірін ортаға салды. Ол кезде «діни педагогика», «ислам педагогикасы» деген терминдер енген жоқ. Мұқаң діни догма мен руханилықты ажырата білу керек деді. Әсіресе славяндар өкілдері, қазақтар да бар. Арынов фанатизмді ұсынама қалай деген сауалдар қойылды. Мен Достоевскийдің «если бога нет, то все дозволено» деген ойын алға тарттым. Арын Мұқтар дінсіз ел бола алмайтынымызды алғашқылардың бірі болып Абай және дін мәселесін қозғады.

Сонымен Мұқтар Арын өміріндегі мен білетін кейбір сәттері оның ұлттық, азаматтық позициясын анықтай, толықтыра түседі деп ой бөлістім.

2019 жылы Талдықорған облысының Бақалы елді мекенінде Мұқана бюст қойылды. Сол үлкен жиналыста «Ердің атын ел шығарады» деген М.Арынның атын шығарған ақтөбеліктерге рахмет айтылды: ақтөбеліктер Мұқтар Ғалиұлының жоғары Кеңес депутатына сайлады, көше, мектеп атын берді. Ия, ақтөбеліктер Мұқан аруағымен қимай қоштасты. Күні бүгінге дейін Мұқана арналған конференциялар, еске алу шаралары жалғасып жатыр. Мұқаң ұрпақтары да бағалайтын болар деп ойлаймын. Сонымен, мен білетін Мұхтар Арынның кейбір мінез, кісілік келбеті осындай еді.

**А.Ж. Мұхамбетжан ф.ғ.к., профессор**  
(Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

Қазақ технология және бизнес университеті

### **ҚАЗАҚИ РУХАНИЯТ ШЫРАҚШЫСЫ**

Қандай да болмасын рухани мұра жәдігерінің мәні мен мазмұны заман тынысына сай нақтыланып қайта қаралатындығы, зерделенетіндігі мәлім. Нәтижесінде жәдігердің жаңа қырлары, бұған дейін жете мән берілмеген астарлары мен талқыға түспеген сырлары кәдуілгі де, ғылыми да танымның назарына ілігеді. Осылайша жеке тұлғаның да, тұтас адамзаттың да өздерінің назары ауған объект туралы білім-білігі тереңдей түседі. Осы орайда профессор М.Арынның ғылыми мұрасында ерекше орын алатын «Бес анық» атты тәрбие туралы толғамдарынан туындаған кейбір ойларымызбен бөліскіміз келеді.

Мұхтар Арын – Ақтөбе өңірінде кенжелеп қалған қазақи руханият аясының көкжиегін кеңейтіп, көгіне ұлттық құндылықтарды өрлеткен асылдарымыздың бірегейі. Ақтөбе педагогикалық институтына басшылық жасаған жылдары институт білім ордасы ғана болып қоймай, облыстағы мәдени-көпшілік шаралардың ұйтқысы, рухани орталығына айналды. Институт ұжымы жылдар бойы қалыптасқан кеңестік басшылық ықпалымен мәдениет пен ғылымның, жергілікті ұлт өкілдерінің төл тарихы мен дәстүрінен сусындай алмай кенжелеп қалған өлкені рухани түлетуге зор үлес қосты: Ұлы Абайды облыс жұртшылығына танытуда жүйелі жұмыстар атқарылды, қазақ тілінің мәртебесін көтеруге, қазақ тілінде оқытатын мектептердің санын ұлғайтуға ерекше мән берілді, өңірдің айтулы тұлғаларының есімдері жаңғыртылды. Осының бәрі ұлттық құндылықтарымыздың қоғамдық өмірде лайықты орнын алып, Ақтөбе өңірінде қазақи руханияттың орнығуына елеулі серпін берді. Бұл істердің бастамашысы да, ұйымдастырушы-атқарушысы да Мұхтар ағаның өзі болды. Сондықтан да Ақтөбе жұртшылығының оны «Рухани басшымыз,

біздің Абайымыз!» деп дәріптеуі, құрметтеуі бекер емес. Сондықтан да, Мұхтар аға қазақи руханият шырақшысы деген атаққа әбден лайық.

«Бес анық» - біздің пайымдауымызша білім және тәрбие философиясы жанрындағы еңбек. Мұнда ғалым-педагог ұлттық руханияттың негізін құрайтын құндылықтарды талдап, «қазақи руханият» ұғымын ғылыми айналымға енгізу бағытында тың қадамдар жасады деп білеміз. Профессор М.Арынның педагогикалық концепциясында талданған «Бес анық» - бес қадір-қасиеттер жүйесін қазақи руханияттың түпқазығын анықтап берген ерекше бір құрылым деуге болады. Түптеп келгенде, «Бес анық» - қазақи даналықтың туындысы және үлгісі.

Бүгінгі қоғамтану ғылымдарында руханият мәселесі өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Руханият ұғымы туралы әртүрлі анықтамалар бар. Солардың барлығына ортақ белгі – руханиятты адамның ішкі жан дүниесіндегі ізгілікке бағытталған ұмтылыстардың туындысы ретінде қарастыру деп санаймыз. Бұл туынды рухани және материалдық игілік түрінде көрінуі мүмкін. Әрбір тарихи қауымдастықтың, оның ішінде ұлттың, өзіне тән төл руханияты болуы заңды. Ұлттық руханият – жеке және ұжымдық шығармашылық үрдісі және нәтижесі. Руханият қоғамға, ұлтқа, жеке тұлғаға тән рухани құндылықтарды (идеялар, көзқарастар, салт-дәстүрлер, озық адамгершілік үлгілері және т.с.с.) және соларға сай материалдық игіліктерді біріктіреді. Адамды рухани тазаруға үндейтін, ішкі әлемі, жігерін берік, наным-сенімін бүтін ететін, ар-ожданын оятатын шексіз күш, оның барша көзқарастарының өлшемі. Руханият адамға әдебиет, өнер, халық даналығы, салт, мәдени дәстүрлер, ғылым, білім, үлгілі тұлға арқылы келеді, дариды. Өзгермелі дүниеде ұлттық руханияттың, демек, қазақи руханияттың да ұдайы өзгеріп отыратындығы белгілі. Алайда, жаңғырамын деп, Елбасы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында атап көрсеткеніндей, «бойындағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, жекегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық». Сондықтан да, «жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – ұлттық кодыңды сақтай білу» [1].

**Ал, ұлттық код дегеніміз не?** Оны қалайша нақтылауға болады? Бұл сұрақтардың жауабын профессор М.Ғ.Арынның «Бес анық» еңбегінен табуға болады деп ойлаймыз.

Кезінде Маркс қоғамтану, адамтану ғылымдарына қатысты әдіснамалақ тұрғыдан аса маңызды мынадай ой түйгенді: «Анатомия человека – ключ к анатомии обезьяны». Әдетте, ғылыми ізденістің керісінше – «маймылдың анатомиясынан адамның анатомиясына» қарай өрбітілетіні жөнінде көбірек айтылады. Ал, Маркстің түйінінде құбылыстың жетілген күйі туралы алынған мағлұмат оның бастапқы табиғатының даму тенденциялары туралы толыққанды талдау жасауға мүмкіндік беретіндігіне назар аударылып тұр. Сәйкесінше, Елбасының ұлттық код туралы тұжырымдары мен Мұхтар ағамыздың бес қадір-қасиеттер туралы толғамдары арасындағы үндестік

анық байқалады. Сөйтіп, ғалым-педагог, қазақи руханият жаршысының адамның белгілі бір ұлтқа тән екендігін айқын сезінуі үшін бес түрлі шартқа толық жауап беруі тиіс екендігі туралы ой-толғамдарының әдіснамалық маңызы жиырма жылдан астам уақыттан кейін қабылданған «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы белгілеген міндеттермен танысқанда ашыла түсті. Байқап қарасақ, **қазақи руханият – ұлттық код – бес анық** ұғымдары мен олардың қоғам және жеке тұлға болмысындағы көріністері арасында логикалық та, практикалық та туындаушылық бар. Қазақи руханияттың негізі ұлттық код десек, ұлттық кодтың іргетасы ретінде бес қадір-қасиетті көреміз. Бұл сәйкестіктен профессор М.Арынның шынайы ұлтжандылықтың табиғатын қаншалықты терең зерделеп, оның мәнін ашатын бес белгінің бүгін де, ертең де қаншалықты маңызды екендігін замандастарының да, келесі ұрпақтың да санасына ұялатуға ұмтылғанын түйсінеміз. Мұхтар Арынның педагогикалық концепциясы мен «Рухани жаңғыру» бағдарламасының арасындағы сабақтастықты көреміз.

Келесі назар аударатын мәселе «Бес анықта» талданған әлеуметтік қадір-қасиеттердің «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясымен үндестігі. «Мәңгілік Ел» тек қана идея емес. Идеяны жүзеге асыратын тұлға, субъект қажет. Ол қандай болуы керек деген сұраққа да жауапты «Бес анықтан» табамыз. Мәңгілік Елді жасақтайтын, жақындататын, орнататын субъект – **ана тілінің** нәрімен сусындаған, талайлы ұлттық **тарихтың** тағылымын санасына сіңірген, қастерлі **дінін** жүрегіне ұялатқан, озық **салт-дәстүрін** асылындай ардақтаған, **ата мекенін** тірлігінің тіреуі еткен Ер, атпал, ақжүрек Азамат.

Мұхтар Арын мұрасының тағы бір қырын оның ұлы Абайдың «толық адам» ілімімен байланысынан көреміз. Бұл ретте «Бес анықты» - тұлға тұтастығының жаршысы деуге болады. Бес қадір-қасиет - сегіз қырлылықтың кісіліктілік іргетасы іспеттес берік негіз. «Жарқыншақ» тұлғаның жарымжан болмысынан арылудың, арылтудың жүйелі де жарқын бағдарламасы. Тұлғаның күнделікті тірлігінің бағдаршамы да, мінез-құлқының беташары да, іс-қимылының қиюластырушысы да.

Ойшылдың осы қадір-қасиеттер туралы толғамдарынан туындайтын түйіндердің бірі олардың ішкі тұтастығы жөніндегі байлам. Расында да, «ұлттық сананың қайнар көзі болып табылатын» осы сапалық сипаттамалардың қоғамдық та, жеке де сананың «еленуге тиіс ерекшеліктеріне» айналуы олардың ішкі тұтастығына тәуелді емес пе? Құдды ұлы Абайдың иманигүл іліміндегі үш сүюдің (Алланы сүю, Адамзатты сүю, Әділетті сүю) бірлігі тәрізді, Мұхтар аға байламында да бес анықтың бірлігін қоғам, нақты адам келбетінде тұрақтандыру ғана олардың айбыны мен айдарын айшықтайтындығы шегеленіп тұр емес пе?! Керісінше, мұндай тұтастықсыз, бес асыл қасиеттің тұлға келбетінде жеке-жеке бой көрсетуі оның жарқыншақтығының, демек, тұрлаусыздығының белгісі дерсің. Ғалымның өзі атап көрсеткеніндей, «бес шарттың бірімен-бірінің диалектикалық байланысы бар. Бірінен-бірі туындап жатқан тәрізді және

бірін-бірі қажет қып тұрғандай» [2,52]. Сондай-ақ, солардың ішіндегі тілдің ерекше орны мен маңызын атай келе, «бір ғана тілдің ішіне барлық қалған шарттар жиынтықталып тұрған сияқты. Оның ішіне рухани байлық та, ұлттың жан-жүйесі, ерекшелігі, тарихы, әдет-ғұрпы, жер-су мәселесіне байланысты атаулар да сыйып кетеді. Барлығы да тіл арқылы көрінеді. Сондықтан да ең әуелі тілге мән берілуі тиіс» [сонда] деп қорытындылайды. Бұл лингвист-педагогтың бекімі ғана емес, ғалым-философтың түйінді тұжырымы. Профессор М.Арын дәлелдеген ұлттың да, жеке тұлғаның да қадір-қасиетін бағамдайтын бес белгі – әмбебап, методологиялық күш-қуаты мол айқындамалар. Сондай-ақ, «Бес анық» еңбегі этнофилософияның әдіснамалық мүмкіндіктерін қазақи руханият мәселелерін зерттеп-зерделеуде ашып берген озық үлгі.

Ғалым-педагог әрбір қазақ ұлтының өкілінен көргісі келетін қадір-қасиеттерді теориялық тұрғыдан зерттеп қана қоймайды. Олардың өз замандастарының болмысында қаншалықты көрініс тауып отырғандығы, сондай-ақ, келешекте бұл бағытта не істеу керек екендігі жөніндегі топшылауларымен бөліседі. «Ал, енді осы бес шарттан сүрінбей өте алатын қазақ, сірә, бар ма? Бар десек те, аса көп бола қоймас...Демек, өзінді өзін білгің келсе, өз ұлтыңды тереңнен танығың келсе, онда бес анықты жақсы білуің керек. Бұларды дұрыс түсініп, парызға балап, баршамыз бүгешүгесіне дейін білуге ұмтылсақ, оның өзі бір құдірет болар еді» дейді. Осы жерде ойшылдың әрбір қазақ баласының аталмыш бес қасиетті жүйелеп меңгеруін **құдіретті іске** балауы теориялық та, практикалық та тұрғыдан аса салмақты түйін екендігіне назар аударғымыз келеді. **Біріншіден**, бұл құдіретті іс бес қасиеттің әрқайсысының терең мәнін ұғынуды, демек, ақыл-ойдың жоғары сатысы зерде деңгейінде игеруді талап етеді. Өйткені, Мұхтар ағаның өзі ескерткеніндей, «қарапайым, жүрдім-бардым көзқараспен, эмоциялардың жетегінде кете беретін болсақ» осындай мәселелерді байыпты тұрғыдан түсіне алмаймыз. Демек, бұл жерде шынайы білімдарлық қажет. **Екіншіден**, мұндай білімдарлық бес қасиеттің бір-бірімен тығыз байланыстылығын, сөйтіп жай көзбен емес, «көкірек көзімен» ғана көре алатындай тұтас жүйе құрайтындығын түйсін е алуы тиіс. Бұл да жай шаруа емес. **Үшіншіден** және ең бастысы осы түйсінді іске асыра алатындай ерік-жігер, нақты, жанкешті әрекет керек. Осының бәрі Мұхаң ағамыздан табылды. Ал, қалғандарымыздан ше?! Үлкен сұрақ тудыратын мәселе. Сондықтан да болар, ойшылдың «осы бес шарттан сүрінбей өте алатын қазақ, сірә, бар ма? Бар десек те, аса көп бола қоймас...» деуі [2,13]. Бір нәрсе айқын: қазақ ұлтының, оның руханиятының лайықты өкілі болғың келсе, бес шартты өзіннің өмірлік ұстанымыңа айналдыру – қасиетті парыз.

Мұхаң ғұмыры бес анықты өз өмір жолында бағыт ашар шырағдан еткен, тірлігінің мән-мағынасына айналдырған жасампаз қайраткердің тағдыры. Саналы ғұмырының қай кезеңінде де осы бес қасиетті өз бойында қалыптастыруға, шыңдауға, қастерлеуге, насихаттауға, қоғам өмірінде тұрақтандыруға бар білігін, күш-жігерін жұмсаудан танбады. Өзіндегі өрелі

бес қадір-қасиет бірлігін өзгелерден, замандастарынан, әріптестері мен шәкірттерінен, жалпы әрбір қазақ баласынан көруге құмартты, аңсады, үлгі көрсетіп қана қойған жоқ, қызмет қылды. Бес анық әрбір ізгілікті тұлға үшін адамгершіліктің адастырмас бағдаршамы, үлгі тұтар эталон, харекеттік ұстаным іспеттес деуге болар.

Бес асыл қасиетті бойына жинақтаған тұлға кәдуілгі өмірдің өткінші, сондықтан да алдамшы қызықтары мен құндылықтарына берілмейтін, өмірінің мәні мен мағынасын қауымға, халқына, қоғамға, Отанына қызмет етуден көретін Азамат. Ойшыл атап берген бес асыл қасиет бүгінгі қоғамның, адамның ойы мен бойын жаулап алған кесапаттарды аластаудың да дәруі, олармен күреске пәрмен беруге мүмкіншілігі зор идеологиялық фактор деп білеміз. Осы бес қасиетті өзінің тағдыр шешті бағдаршамына айналдырған тұлғаның өз бойындағы теріс қылықтарын аластап, айналасын да тазартуға ұмтылуы, әрекет қылуы сөзсіз. Өйткені, расында да **ана тілін жан-тәнімен сүйетін**, төл **тарихымыздың** тағылымын санасына сіңірген, қастерлі **дінімізді** жүрегіне ұялатқан, ұлттық **салт-дәстүрімізді** қадір тұтқан, **ата мекенін** тірлігінің тіреуі еткен Мұхтар ағамыз тәрізді ұлағатты тұлға қоғамға да, адамға да жат жаманаттарға қарсы тұра алар күрескерге айналары шек келтірмейді.

Аталмыш қасиеттерді әр қазақстандықтың, әсіресе мемлекеттік және әлеуметтік қызметкерлердің бойында қалыптастыру бүгінгі Қазақстан үшін де өте маңызды мәселе. Бүгінгі қоғам ахуал тәуелсіздігіміздің отыз жылдығы тұсында да қазақи руханияттың озық үлгілерін қазақстандықтардың өмірлік ұстанымына айналдыру қажеттілігінің өзектілігін көрсетіп отыр. Көрнекті ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері Амангелді Айталының «Рухани кемелдік» атты еңбегіне жазған Алғы сөзінде белгілі абайтанушы Бауыржан Ердембеков атап көрсеткеніндей, «Бүгінде адамзат баласына рухани азық жетіспейді. Жетіспейді емес, жұмыр басты пенде рухани азықты қажетсінбейтін болды. Ал рухани кемелдікке ұмтылғандар әсте азайып бара жатқандай». Демек, Мұхтар Арынның ғылыми мұрасының өміршеңдігін бүгінгі күн тәжірибесінің өзі дәлелдеп отыр. Ғалым-ұстаз есімін иеленген республика мектептерінде оның педагогикалық концепциясы оқу-тәрбие ісінің әдіснамалық негізі ретінде қолданылу үстінде. Жас жеткіншектер мен болашақ мамандар бойында кәсіби біліктілік пен ұлтжандылық қасиеттерін қалыптастыру ісін ізгілендіруші қазақи руханияттың іргетасы іспеттес «Бес анық» ғылыми-педагогикалық қауымдастық өкілдерінің тарапынан терең зерделенуде. Әсіресе, бұл жұмыс Мұхтар ағаның өзі басшылық жасаған Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде өрістетіліп отыр.

Осы тәріздес жұмыстар алдағы уақытта да өз жалғасын табады деген сенімдеміз. Өйткені, Мұханның өзі жазып қалдырғандай, «Бес анықта» жазылғандар – «қысқаша баяндалған дүниелер». Ойшыл мұрасының әдіснамалық тұстарын бүгінгі күннің педагогикалық теориясы мен практикасы, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы, әлеуметтік философия,

лингвистика, тарих, дінтану мәселелерін тереңдетіп зерделеуге жарату – кезекті зерттеушілер міндеті деп білеміз.

### **Әдебиеттер:**

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру. Астана, 2017.
2. Мұхтар Арын. Бес анық (тәрбие туралы толғамдар). «Арыс» баспасы, Алматы, 1996.

**Г.М. Бейсетбайқызы**

*(Алматы обл. Талдықорған қ., Қазақстан)*

Дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын

Мұхтар Арын атындағы №24

«Экономика және бизнес» арнаулы лицейі

[taldarin24@mail.ru](mailto:taldarin24@mail.ru)

## **ХАЛЫҚТЫҢ ҰСТАЗЫНА АЙНАЛҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒА**

**Аннотация.** Баяндамада парасатты тұлға, халқымыздың ардақты азаматы, қоғам және мемлекет қайраткері, ағартушы ғалым, ұстаз Мұхтар Галиұлы Арынның өмірі, ғылыми еңбек жолы мен ұлттық тәрбиелік мәні зор шығармашылық жолы, әрбір жеке тұлғаның тәрбиесіне, өзін-өзі тәрбиелеуіне, өзін-өзі жетілдіруіне «Бес анық» рухани азық болғандығы, болашақ жас ұрпақты оқытып қана қоймай, тәрбиенің қайнар бұлағынан сусындатуда Арын тағлымының ізгілік нұрымен дәстүрге айналған іс-шаралардың оқу-тәрбие саласында ұрпақтар сабақтастығымен жалғасқандығы туралы жан-жақты баяндалады.

**Тірек сөздер:** халық ұстазы, дарын, тағылым, рухани құндылық, дәстүр, парыз.

**Аннотация.** В докладе представлена информация о жизни, научной карьере и творческом пути Мухтара Галиевича Арына, просветителя, ученого, педагога, почетного гражданина нашего народа, общественного и государственного деятеля, посвятившего свою жизнь воспитанию молодого поколения, где главной задачей видел формирование личности, стремящейся к самовоспитанию, самообразованию, а также воспитание духовности, передающейся из поколения в поколение, основы которой изложены в труде «Бес анық», являющемся основным руководством в организации воспитательных мероприятий.

**Ключевые слова:** народный учитель, талант, образование, духовные ценности, традиции, долг.

**Annotation.** This article is devoted to the life experience, scientific and creative path of great Kazakh science, educator and honored state worker Mukhtar Aryn. Article highlights literary contribution of Mukhtar Aryn in upbringing of youth with the sense of national tradition. Author gives thorough analysis to the



spiritual value of “Five Truths” (Bes anyk) in educating process of young generation and its close connection to the school educational activities.

**Key words:** edifier of the people, talent, studies, spiritual value, tradition, responsibility.

Ұлы Абай атамиздың: «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады» деген даналық сөзінде болашақты болжап, адамзат бойындағы асыл қасиеттерді саралап, зерделі ой елегінен өткізгені анық байқалады. Себебі, ақыл- адамды басқа тіршілік иелерінен ерекшелейтін аса маңызды қасиет, ал ғылым жүйелі түсінік қалыптастыратын таным саласы мен ақиқатқа апаратын даналық жолы деп білеміз. Тұлғаның даралығын, елден ерекше бойына біткен асыл қасиетін, сүтпен біткен, сүйекке сіңген тума болмысынан, қалыптасқан дара табиғатынан дарыған, үлкен әулеттік меншікті мінезі мен табиғи тума мінезінен аңғаруға болады. Оған дәлел, Ұлы Абайды пір тұтып, Абай айтты деген сөздерді өмірінің қағидасына айналдырған, шығармашылық мұраларын насихаттау жөнінде кең көлемде жүйелі жұмыстар атқарып, халықтың тарихи-мәдени мұрасын қайтаруға және тұлғаның рухани жағынан бай болуына, жастарға адамгершілік тәрбие беру ісіне зор үлес қосқан халқымыздың ардақты азаматы, қоғам және мемлекет қайраткері, ағартушы ғалым, ұстаз Мұхтар Ғалиұлы Арын ағамиздың өнегелі өмір жолы мен тағылымдық мәні зор шығармашылық жолы.

Халқымызда «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» деген қанатты сөз бар. Биылғы жыл біздер үшін ерекше мерекелі жыл, себебі халықтың ұстазына айналған Ұлы тұлға Мұхтар Арын ағамиздың мерейлі 85 жылдығы.

Жыл өткен сайын естен кетпейтін естеліктері жаңғырып, ұрпақтар үнімен өз жалғастығын жаңартып отырмыз. Дараның даналығын танытатын естеліктер, халықтың жүрегінен шыққан асыл сөздер ғалымның бойындағы бар қасиетін айқындай түседі. Соның бірі, «Халық перзенті еді», «Кемел, кемеңгер адам еді» десе, енді бірде «Арамызда жүрген Абайымыз еді» деп көптің тәрбиешісі ғана емес, халықтың ұстазы болғандығын мойындайды.

Есімде барлық мінез, бар қылығың,

Ақ пейіл адалдығың, аралығың-демекші аты мен абыройы ерекше, ғұлама кемеңгер, қарапайымдылық қасиетімен көрінетін ұлылығы – Мұхтар Арын ағамиздың ең басты қасиеті еді. Ғұмыры қысқа болғанымен, артында қалған өнегелі істері өз құндылығы мен өміршеңдігін жойған емес. Неге десеңіз, ерте бастан үздіксіз білім мен тәрбие жүйесін қажет деп таныған ойшыл ұстаз- егеменді Қазақ Елінің ертеңгі жарқын болашағына шын жүрегімен қуана үлкен үлес қосып, қоғам зиялылары ортасынан өзіндік ойып алған орны бар.

Осындай сүбелі игі істердің куәгері болып, тұлғалық қасиетімен танылған Мұхтар ағамиздың ұлтжандылығы оның ел Тәуелсіздігімен біте қайнасқан ішкі әлемінен, арман-мақсатынан анық аңғаруға болады. Оған

дәлел, қазақ тілінің тағдырына алаңдаушылық білдіріп, егемендіктің алғашқы жылдарында ұлт мүддесін қорғайтын жүйелі заң шығаруға ықпал етіп, адалдық пен ар-намысты бәрінен биік қойған Мұхтар Арын атамызға зор құрметтер көрсетіліп, жылдан-жылға дәстүрге айналғандығы.

Осыдан 22 жыл бұрын №24 «Экономика және бизнес» арнаулы лицейіне (1999 жыл, қыркүйек) белгілі ғалым, профессор Мұхтар Арын есімі берілсе, осы аталған лицей қабырғасында 2011 жылы шағын болса да, өзіндік тарихы бар мұражайы ашылды. Ғалымға арналған мұражайдың салтанатты ашылу рәсімінде ғалымның жұбайы Райхан Бердіқожақызы қатысып, лентасын қиып, игі жақсылықтың куәсі болған еді.

Мұражай – лицейіміздің айнасы. Мұражайда заттық және рухани құндылықтарды танытуда, ғылыми тұрғыда зер салып, оның нәтижелерін насихаттауда, осы негізде тәлім-тәрбие беруде маңызды рөл атқарады. Мұражай ғылымның, білімнің, мәдениеттің қалыптасуына ықпал ететін ғылыми мекеме ретінде өскелең ұрпақтың тәрбиесіне, тарихи сананың қалыптасуына ықпал етеді. Осыған орай, Мұхтар Арын Ғалиұлының өмір жолын анық сипаттайтын, жан-жақты ақпарат беретін, лицей оқушылары мен ұстаздары туралы және 30 жылдың ішінде атқарылған игі істері мен жеткен жетістіктері туралы мәліметтер жинақталған.

«Өмірінің мәні – өнегелі отбасы» - демекші мұражайдың оң жақ қабырғасында Мұхтар атамыздың жанұясымен түскен суреттерін, студенттік өмірі мен еңбек жолын таныстыратын суреттер көрмесін, тарихи сапарға шыққан сәттегі өмірінің соңғы сәттерін, Сарқан ауданы Бақалы ауылындағы кесенесін көруге болады. Сонымен қатар, сөрелер тізбегінен М.Арынның қолжазбаларын, мектепті үздік бітіргендігі туралы куәліктен бастап өмірінің соңына дейінгі жеткен үлкен дәрежелерінің куәліктері - филология ғылымдарының докторы атағы берілгені туралы, Профессор атағын алғандығы туралы куәлігін, әрі М.Арынның медальдарын, марапаттарын, көзі тірісінде киген костюмын, жейдесін, қалта сағатын көруге болады.

Ұлы ақын Абай атамыз: «Шәкіртсіз ғалым-тұл» деп бекер айтпаған болар. «Тұнғыштар аллеясы» атты суреттер көрмесінен лицей тарихына ерекше өзіндік үлестерін қосқан шәкірттеріміздің жетістіктерін де көре аласыз. Ең алғашқы «Ерекше үлгідегі» аттестат иегері Боранбаева Лаура, АКСЕЛС бағдарламасы бойынша ең алғашқы Грант иегері Әлбосынова Зауре тағы да басқа ең алғашқы жеңімпаздар аллеясы, яғни лицейіміздің мәртебесінің асқақтауына жол ашқан мақтан ететін тұлғаларымыз.

Мұхтар ағамыздың озық идеясы мен құнды пікірлері болашақтың бесігіне бөлеп, жүректі тербететін. Неге десеңіз, мына бір естелігінде: «Бар арманы -шет елдегідей жан-жақты, көп салалы маман даярлайтын университет ашып, жастарға заманына сай білім берілсе» деп аңсаса, ал осы арманын дарынды шәкірттеріміз, шынайы өмірге айналдырғаны анық. Оған дәлел, «Тұнғыштар аллеясының» қатарын толықтырған лицейіміздің тұлғалары шет елдердегі түрлі сайыстарға қатысып, жеңіспен оралып, соның куәсі ретінде сыйлаған естеліктерін ерекше мақтанышпен айта аламыз. Атап

айтсақ, Бақытжан Байжікеновтың Грециядан, Египеттен, Даяна Тұмарбекованың, Шырын Шақулақованың, М. Есімхановтың, Г.Төлегенованың, Бақытжан Байжикеновтің – Лондоннан, Мақсат Мырзахановтың Якутиядан, Дархан Сибатовтың Москвадан және Толғанай Аққасымованың Оңтүстік Африкадан алып келген сувенирлері - барлығы ақиқат және айшықты ақпарат беріп тұрған кәдімгі мұражай экспонаттары екендігін көре аламыз. Ал жемісі мен жеңісі мол әр оқу жылының түлектеріне арналған фотоальбомдардан олардың қандай дәрежеге өсіп, жеткен жетістіктері туралы танысуға болады.

2014 жылдан бастап лицейіміздің тізгінін ұстап, оқу-тәрбие саласындағы басшылығыммен лицей қабырғасында қалыптасқан дәстүрді жалғастырып, Халықаралық, Республикалық олимпиадалардан оқушыларымыздың жеңіп алған кубоктар жинағы керемет жетістіктердің куәсі екендігін көрген адамға бірден ой салары анық.

Осының барлығы 30 жыл бойы оқушыларға өнегелі тәрбие мен сапалы білім беріп келе жатқан ұйымшыл, ауыз бірлігі жарасқан, шығармашыл болып қалыптасқан білімді де білікті, тәжірибесі мол шебер ұстаздарымыздың ерен еңбектерінің нәтижесі деп танимыз.

Бүгінгі таңда Мұхтар Арын атамыздың есімімен аталатын білім ошағы - «Дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын Мұхтар Арын атындағы №24 «Экономика және бизнес» арнаулы лицейіне айналып, 30 жыл ішінде өзінің даму кезеңінен өтіп, игі істерді атқарып, көздеген мақсаттарға қол жеткізді. Лицейдің бүгінде өзіндік ойып алар орны мен мақтанышпен айтарлық таңбалы тарихы бар. Олай дейтін себебіміз, Мұхтар ағамыздың «Халықтың тәрбиелілігі – басты міндет. Тәрбиелі халық –өзін-өзі жолға қоя білген халық. Мектеп – пәндерді оқытатын орын ғана емес, Адамды тәрбиелейтін қасиетті орын» деген қанатты сөзінің мәні мәуелі ағаштай тамырын тереңге бойлатып, оқу-тәрбие саласында жапырағын жайып, бірлескен жүйелі жұмыстардың нәтижесі арқылы өз жемісін көрсетуде. Болашақ өскелең жас ұрпақты оқытып қана қоймай, тәрбиенің қайнар бұлағынан сусындатуда дәстүрге айналған іс-шаралар - Арын тағлымының ізгілік нұрымен астасып жатыр.

Білім беру жүйесіндегі дәстүрлер мен инновациялар- білім шыңына жету мақсатында жаңашылдық пен тың идеяны көздейді, ал Арын тағлымы ұлттық тілдің мәртебесін асқақтатып, ұлттық болмыс пен рухани құндылығымызды болашақ жас ұрпақтың бойына дарытып, болашаққа айқын бағыт пен бағдар беруді көздейді.

Осыдан бес жыл Ұлы дарын иесі – Мұхтар Арын Ғалиұлы атамыздың 80 жылдығына арналып өткізілген мерейтойлық шаралар лицейіміздің жаңа тарихындағы айтулы оқиғалардың бірі болды. Атаулы шара аясында Мұхтар Арын Жетісу өңірінің төл перзенті ретінде танылып қоймай, ұлылықты паш еткен қазақтың дара тұлғасы екендігі жан-жақты ашылды. Нақтырақ айтсақ,

80 жылдық мерей тойға қатысқан қадірлі қонақтарымыз ерекше әсер алып, естеліктерімен бөлісіп, ұлағатты тұлғаның мерейлі жасын атап өту дәстүрге айналғандығын зор мақтанышпен жеткізген болатын.

Мерей тойын атап өту барысында Арын тағлымының әр бағыты айқындалған мақсатпен ұйымдастырылып, ұлттық тәрбиенің жұпар исі аңқыған тағылымдық шараны көргенде Мұхтар ағамыздың бейне бір өз үнін естігендей күйге ендік. Үнін демекші, «Мамандық даярлау- мәртебелі іс» деген естелігіндегі мына бір пікірі еріксізден ойға оралады: «Мен шет тілінің маманымын. Ана тілін білуді парыз, басқа тілді білуді-өнер деп есептеймін. Өнерлі, өнегелі ел басқа жұртты біліп, оны ойды байытуға пайдаланады. Шет тілін білу –үлкен өнер». Өнердің өлшеусіз екендігі баршаға аян, бірақ қол жеткізуге болатыны анық. Осыған орай, аталған шара мәдениет сарайының үлкен сахнасында үш тілде құндылығымен кең көлемде өтті. Атап айтсақ, М.Арын ағамыздың өмір жолы, «Бес анық» туралы ойы, Ілия Жақановпен кездесу сәті, (қазақ тілінде) Мұхтар Арын және Абай тағылымы (орыс тілінде), Абай әндерінің орындалуы, әсіресе «Қараңғы түнде тау қалғып» әні мен «Айттым сәлем қаламқас» әнінің үш тілде орындалуы, дарынды шәкірттеріміз үлкен өнер айдынында ағылшын тілінде «Ромео и Джульетта» драмалық көрінісін ерекше сезіммен жүректен жүрекке жеткізіп, ғажайып дүниені үлкен шеберлікпен орната білді. Себебі, «Көптілділік – әр адамға тән қасиет, ол заңмен енгізілетін нәрсе емес. Көптілділік әр адам бірнеше тілді білген жағдайда ғана іске асатын құбылыс» деп Мұхтар ағамыз қанатты сөзі арқылы жас ұрпаққа өмірлік ұран қалдырды.

Академик Өмірзақ Айтбай: «Биік-биік армандарын соңындағы ұрпаққа аманат етіп, ертерек кеткен Мұхтар Ғалиұлы сынды адамның ұлы қасиеттері өзі тәрбие берген жастарға дарысын дер едім. Мұхаңның: «Заман өзгеріп келеді. Жастарды жаңа рухта бағыттау — біздің парымыз» деген пікірі армандармен ұласып, ұрпақтар сабақтастығын жалғастырып, оқу-тәрбие саласында дамып, шәкірттер бойына рухани жағынан бағыттталып, дәстүрге айналып отыр.

Дәстүр – бұл сабақтастық, әлеуметтік-мәдени мұраның ұзақ уақыт бойына адамдар атадан балаға қалдыратын, әдетке айналған, сол қоғамның немесе әлеуметтік топтың құндылықтар жүйесі мен ережелеріне ұласқан бөлігі. Осыған орай, лицей оқушыларын оқытып қана қоймай, тәрбие беруде ұлттық құндылықтардың қасиеттерін барынша мұқият зерделеген еліміздің асыл перзенттерінің бірі, ұлағатты ұстаз Мұхтар Ғалиұлы Арынның өмірі мен еңбектерін, шығармашылығын насихаттау, ғибрат алар өнегелі, ізгілікті ісін үлгі ету және болашаққа өз үлесін қоса білетін, ізденімпаз, дарынды, талантты ұрпақ тәрбиелеу мақсатында лицейімізде әр жаңа оқу жылында 22 жыл қатарынан өзіндік рухани маңызы зор іс-шаралар ұйымдастырылып, «Арын тағылымы-ұрпаққа үлгі» атты онкүндіктер аясында қалыптасқан дәстүр бойынша өткізіліп отыр.

«Арын тағылымы» апталығының өтілу ережесі, мақсаты мен міндеттері бекітіліп, құндылықтар жүйесі сақталып, ережеге сай алуан түрлі тақырыптар мен өткізу формасын сақтай отырып, бірнеше бағыттар қамтылады. Нақтырақ тоқталатын болсақ:

Дана халқымыз «Бұлақ көрсең, көзін аш» деп сөз асылын тауып айтқан.

Арын тағылымын жас ұрпақтың бойына дарытуда лицей қабырғасына жаңа қадам басқан, білімге жаны құмар 5-сынып оқушыларының қызығушылығы мен бейімділігін анықтай отырып, жан-жақты дамып қалыптасуына ықпал ету мақсатында ең алдымен ұлағатты ұстаз М.Арын атындағы мұражайдың тарихымен таныстырып, «Ұлы дарын иесі- Мұхтар Арын Ғалиұлының» өнегелі өмір жолы мен тағылымдық мәні зор шығармашылық жолын оқытуда тәрбие сағаттарының маңызы зор.

Бүгінгі таңда Ұлы ұстаздың рухани мұрасы өмірлік рухани азығымызға айналып, қанатты нақыл сөздері әр шәкірттің болашақ тәрбиешісі іспетті. Оған, елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың: «Өткеннің өнегесі – бүгінгі күнің баға жетпес байлығы» деген пікірі дәлел болмақ. Себебі, орта буын, яғни 6-7 сынып оқушылары тау бұлағының мөлдірлігіндей тұнып тұрған өнегелі өсиетінің мәнін түсіну мақсатында «Ғалым есімі - мәңгі жадымызда» тақырыбы аясында нақыл сөздерін жадында жаттап, ұлттық тәрбие, адамгершілік асыл қасиет, рухани азық, болашаққа бағдар, білім мен тіл үйрену және оның құдіретін түсінуде.

Дара тұлға. Дараның даналығы қандай? Әрине, ізгі қасиеттері мен игі істерінде, салған сара жолында, кіші мен үлкенді сыйлап, құшақ жая қарсы алуында, уақытын шектемей, бар адамды жақын тартып, шын көңілмен жақсылық жасауында әрі Мұхтар атамиздың ойшылдығында. Ойшылдық – ол ақынға да тән қасиет. Осыған орай, апталық аясында 5-11 сынып оқушылары арасында «Жас толқын» атты жас ақындардың байқауы ұйымдастырылып, Мұхтар ата рухына арналған төл шығармалары жинақталып, жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар оқушылардың еңбектері лицейішілік «Жас дарын» атты жинаққа шығарылады.

Дәстүр жалғастығы 7-8 сынып оқушылары арасында «Ісі өнегелі, есімі ардақты азамат» тақырыбы аясында Мұхтар Арын сүйіп тыңдайтын әндерін лицей өнерпаздарының орындауымен жалғасып отыр. Себебі, Мұхтар атамиз ана тілі мен әдебиетімізді насихаттаудан бөлек, өнерге жаны жақын тұлға еді. «Сегіз қырлы, бір сырлы адамның» нағыз үлгісі еді.

Кемел, кемеңгер ғалымның «Бес анық» кітабында ұлттың келбетін анықтайтын бес құндылық туралы жүйелі ой-пайымдар жазылған. Мұхтар атамиздың «Бес анық» деп танытқаны: Бірінші анық – Тіл; Екінші анық – Дін; Үшінші анық – Дәстүр; Төртінші анық – Тарих; Бесінші анық – Атамекен. Шынында бұл бес құндылық қазақтың ұлт ретіндегі қасиеті мен болмысын, танымы мен тамырын, жаны мен рухын көрсетеді.

Ұлттық сананың қайнар көзі болып табылатын, еленуге тиіс ерекшеліктер туралы ой-толғамдарға толы Мұхтар Арын Ғалиұлының ұрпағына қалдырған мол мұрасы, ұлттық мәдениеттің бастауы –«Бес

аныққа» тоқталып қана қоймай, өз ұлтының ана тілін сүйіп, дінін, ата дәстүрін құрметтейтін, тарихын біліп, атамекенін қорғайтын жас ұрпақты тәрбиелеуде тұлға болып қалыптасқан шәкірттеріміз «Бес анықты» оқып – тану арқылы Отанға деген патриоттық сезімді айқын сезінуде.

Ұлттық мәдениеттің бастауы – «Бес аныққа» тоқталу мақсатында "Жадымда тұрар жаңғырып" тақырыбында кездесу ұйымдастырылып, іс-шараға артынан ерген ұрпақтары философия ғылымдарының профессоры Ерлан Мұхтарұлы мен медицина ғылымдарының профессоры Нұрлан Мұхтарұлы және Жетісуға еңбегі сіңген, құрметке ие болып жүрген ел ағалары қатысып, естеліктерімен және өмірге өнеге болар ақыл-кеңестерімен бөліскен еді. Әрбір жеке тұлғаның тәрбиесіне, өзін-өзі тәрбиелеуіне, өзін-өзі жетілдіруіне «Бес анық» жолсерік болса, Мұхтар ағаның үлгілі, өнегелі өмірі – шынайы көрнекілік бола алады және тәрбиенің мәңгілік мәйегіне айналмақ!

Аталған білім ошағына және білім мен тәрбие беріп отырған ұстаздарымыздың алдында «Тарыдай болып келіп, таудай болып шығатын» дарынды шәкірттеріміз биік шыңдарға жетуде қанат қағар алдында Бақалыға арнайы жол салып, Мұхтар ата рухына тағзым жасайды, әрі Бақалы ауылдық Мәдениет үйінің алдындағы еңселі ескерткішке гүл шоғын қойып, ізгі құрметтерін білдіруде. Бұл шара әр жыл сайын дәстүрге айналған ұрпақ алдындағы ізгі парызы деп білеміз.

Қорытындылай айтқанда, ғалымның замандасы Амангелді Айталы ағамыз: «Мұқаң Бақалының, Сарқан ауданының, Алматы облысының Мұқаңы емес. Мұхтар Арын ол қазақтың тұлғасы. Мұхтар Арын әр жерге де қымбат. Мұқаң тек студенттерді тәрбиелеген жоқ. Ол сол тұста қазақтың рухын тәрбиелеуде үлкен үлес қосқан жан» десе, кісіліктігі ерекше ел ағасы туралы Қазақстанның Еңбек Ері, халық жазушысы Әбіш Кекілбаевтің «Мұхтар Арын тек жеткіншек буынға емес, бүкіл әлеуметке ұстаз еді. Ол тіл қозғалысы, тарихи зерде қозғалысы, дәстүрлі тәрбие қозғалысын бар болмысымен, зеректігімен пейілді қолдады, ол сол соқпақтың ай қасқа айдын жолға айналуына күш салып еді. Мұхтар — керек заманда туып, керекті шаруаға ат қосысып, келелі іс тындырып кете алған ел ардағы еді» деуі Мұхтар Ғалиұлының «Азаматқа халықтың ризашылығына бөленгеннен артық бақыт жоқ» деген ұстанымының айғағы іспеттес.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Абайдың даналық сөздері

<https://massaget.kz/layfstayl/debiet/tmsil/31830/>

2. Мұхтар Арын. Бес анық» (тәрбие туралы толғамдары).- Алматы: «Арыс» баспасы, 1996. – 120 бет.

3. Арын М. БЕС АНЫҚ. – Павлодар: Типография Сытина, 2011. -624б

4. НАР ҚАЗАҚ.Профессор Мұхтар Арын туралы естеліктер. – Алматы: «Арыс» баспасы, 1996. -272 бет.

5. Рухнама, Мұхтар Арын Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – 220 бет

6. Жұматаева Е., Қадысова Р.Ж. «Рухы биік тұлғалар». Ғылыми-публицистикалық басалым. –Новосибирск, 2007. - 334б.
5. Белгібаева Б.Н. «Тәрбие деген тәңір бар...» Әдістемелік көмекші құрал – Астана, 2012. – 206-бет
- 6.Білімге бастар құт мекен, 20 жыл. Дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын Мұхтар Арын атындағы №24 «Экономика және бизнес» арнаулы лицейі , «Нұр-принт» баспасы, 2012 жыл
- 7.Қазақстандағы ұлт саясатының ерекшеліктері  
<https://visitkazakhstan.kz/kk/guide/information/3/6/458/>

**Алдарбай А. А.**

*(Ақтөбе, Қазақстан)*

**Ғылыми жетекшісі - Мұхтаров С.С. ф.ғ.к., доцент**

**Қ.Жұбанов атындағы АӨУ**

[aldarbai.ai@mail.ru](mailto:aldarbai.ai@mail.ru)

## **М.АРЫНОВТЫҢ Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік УНИВЕРСИТЕТІНЕ ҚОСҚАН ТАҒЫЛЫМДЫ ҮЛЕСІ.**

### **Түйіндеме**

Бұл мақалада Батыс өңіріндегі ең ірі оқу ордасы- Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің тарихы мен университеттің қарқынды дамуына үлес қосқан Мұхтар Арыновтың ерең еңбегі сөз болады. Тәуелсіз еліміздің маңызды басым бағыттарының бірі - ол жастарға білім беру мен тәрбиелеу болып келгені белгілі. Тәуелсіздігімізді алған сәтте ең алғашқы қиын да, күрделі күндердің өзінде-ақ ұлттық білім беру жүйесі мен студенттерді әлеуметтік қолдауға аса мән беріліп келеді. Уақыт ілгері озған сайын оқу орны да мол табыстырға қол жеткізіп,Қазақстанның жоғары оқу орындарының мәртебелері биіктен көріне білді.

### **Аннотация**

В этой статье будет рассказана история крупнейшего вуза Западного региона - Актюбинского регионального университета им. К. Жубанова и заслуга Мухтара Арынова, внесшего вклад в динамичное развитие университета. Как известно, одним из важнейших приоритетных направлений независимой страны является образование и воспитание молодежи. Уже в первые трудные и трудные дни обретения независимости уделяется большое внимание национальной системе образования и социальной поддержке студентов. С опережением времени учебное заведение получило большой успех, а статус высших учебных заведений Казахстана стал выше.

## Annotation

This article will tell the story of the largest university in the Western region - Aktobe Regional University named after K. Zhubanov and the merit of Mukhtar Arynov, who contributed to the dynamic development of the university. As you know, one of the most important priorities of an independent country is the education and upbringing of young people. Already in the first difficult and difficult days of independence, much attention is paid to the national education system and social support for students. With the advance of time, the educational institution has received great success, and the status of higher educational institutions in Kazakhstan has become higher.

Тірек сөздер: *М.Арынов, оқу ордасы, «Абайтану-ұлттық руханият», «Жұбановтану», Қ.Жұбанов, ғылыми зерттеу, танымдық-экспедиция.*

Қазақстанның батыс өңіріндегі білім мен ғылымның даму ордасы – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті. Аталмыш оқу ордасы ерекше бай тарихымен, ұстанған жолымен еліміздің саяси-әлеуметтік және халыққа білім беру саласында да биік тұғырда тұр. Білім ұясынан түлеп ұшқан шәкіртері де республикамыздың ғылымы мен білімін дамытуға сүбелі үлес қосып, тарихта өз қолтаңбаларын қалдырып келеді. Сондай-ақ, олардың жан-жақты білімпаз болуына зор үлес қосқан университеттің оқытушы-профессорларының да еңбегі ұшан-теңіз. Институттың қарқынды дамып, бүгінгі келбетінің түзілуі оқу орнының басшылығына 1983 жылдың тамыз айында келген Мұхтар Арыновтың есімімен байланысты. Бұған дейін жоғары мектеп саласында бай тәжірибе жинақтаған білікті басшы алдымен институттың миссиясын жаңаша айқындауға ерекше көңіл бөлді. Жоғары оқу орнын бірыңғай кадр даярлаумен ғана шектеп қоймай, тәрбие ісін тұтастай жүргізетін рухани орталық деңгейіне көтеруге күш салды [1,5]

Мұхтар Арын қазақтан шыққан тұңғыш лингвист-ғалым Құдайберген Жұбановтың есімін педагогикалық институтқа беруді ұсынған тұлға М.Ғ.Арынов қазақ тілі ғылымының негізін қалаушы, ғалым-зерттеуші Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың есімін келер ұрпақтың жадында мәңгі сақтау үшін ҚазКСР Министрлер Кеңесіне ұсыныс жасады. Нәтежесінде Құдайберген Қуанұлы Жұбанов есімі Ақтөбе педагогикалық институтына 1990 жылғы 23 ақпандағы № 72 Үкімет қаулысымен беріліп, бекітілді [1,7].

Институт ректоры, профессор М.Ғ.Арыновтың іс-тәжірбиесінде іргелі жоғары оқу орындарының атақты ғалымдарн шақыртып лекциялар оқыту жұмыстары кеңінен орын алды. Жетісу өңірінің төл перзенті. Белгілі ғалым кеңестік кезеңде жабылып қалған қазақ мектептерін ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында қайта ашылуына, жер-су атауларының қазақша аталуына үлесін қосты. Сондай-ақ, ол тарих қойнауында қалған арыстар мен



абыздардың еңбектерін зерттеп, оны жарыққа шығаруда тер төкті. Баға жетпес бес рухани байлыққа «Бес анық» деп ат қойып, айдар тағыпты ұлағатты ұстаз [2,3].

1936 жылы 20 мамырда қазіргі Алматы облысы Ақсу ауданының Ақсу ауылында туған. 1995 жылы Ақтөбе қаласында қайтыс болды. 1957 жылы Алматы шет тілдер институтын үздік бітіргеннен кейін филология ғылымдарының кандидаты дәрежесіне диссертация қорғап, шетел тілдер институтында тұңғыш ашылған неміс тілі грамматикасы кафедрасының меңгерушісі болды.

М.Ғ.Арынов – институттың дамуына, факультеттерді ұлғайтуға, жаңадан мамандықтардың қосылуына, өзекті жаңа пәндерді енгізілуін, құрылымдық бөлімдердің жасақталуына, сонымен қатар, Қазақстанның тәуелсіздік алу жолында тарихи ақтаңдақтардың қайта қаралуына өзіндік үлес қосқан ғалым.

Институт ректоры М.Ғ.Арынов жаңа бастамасымен Құдайберген Жұбановтың шығармашылығын, ғылыми мұраларын зерттеп, насихаттау барысында 1991 жылы «Жұбановтану» ғылыми зерттеу лабораториясы құрылды. Зертхананың алғашқы меңгерушісі болып, ғалымның баласы, филология ғылымдарының докторы Есет Құдайбергенұлы Жұбанов тағайындалды [2,6].

Мұхтар Ғалиұлы Абай мұраларын зерттеу мен танудағы тындырған еңбектері де атап айтуға тұрарлық. Сондай көзі тірісінде есімі елге елеулі болған жанның Абай ауылына аттанған сапарында дүниеден өткені де өзекті өртемей қоймайды. Осы орайда былтыр жақсы ағаның жарқын істерін жарты жолда қалдырмау үшін «Жұбановтан – Абайға» атты ғылыми-танымдық экспедиция ұйымдастырған едік. Сөйтіп, кезінде Мұхтар Арын бастап кеткен игілікті іс жалғасын тауып Ақтөбе-Нұр-Сұлтан-Павлодар-Баянауыл мен Семей-Жидебай-Қарағанды-Қарқаралы бағыты бойынша жасалған ғылыми-интеллектуалдық экспедиция жақсы рухани олжамен оралды, – деді ректор.

Сонымен қатар, Ұлы Абайдың еңбектерін ұлықтап, тереңінен оқытып, келер ұрпаққа мол рухани мұра қалдыру мақсатында қазақ әдебиеті кафедрасы жанынан «Абайтану» мұражай кабинеті ұйымдастырылды [3,7].

Университетте қазақтың бас ақыны А.Құнанбайұлының қалдырған мол мұралары мен еңбектерін тереңірек оқып, жас ұрпақтың бойына сіңіру мақсатында «Абайтану және ұлттық руханият» зерттеу жұмыстарымен айналысатын ғылыми мекеме жұмыс жасайды. «Мәңгілік ел идеясы» және «Рухани жаңғыру» жобалары турасында ғылыми-зерттеу орталығы Абайдың ұлттық сананы насихаттайтын құнды мұраларын жинақтап, халықаралық ынтымақтастықты күшейтуді көздейді. Сонымен қоса, шетелік жоғары оқу орындарында, колледждер мен мектеп қабырғасында «Абайтану» пәнін оқытуға байланысты әдістемелік оқулықтар шығарумен және де кеңес беру жұмыстары белсене қызмет атқарады.

Оқу ордасындағы ғылыми орталықтар мен зертханалар соның ішінде, «Жұбановтану», «Абайтану және ұлттық руханият» өз зерттеу еңбектерімен қоса интернет байланысы арқылы, шежірелі ғылыми жинақтар жинаумен толыққанды түсіндірме жұмыстарын жүргізіп отыр.

Университет ғалымдарының еңбектері «Жұбанов кітапханасы» сериясы бойынша жарық көрді. Бұл бағдарлама 2017 жылдан бастап іске аса бастады. Еңбектердің санын оқу ғимаратының мерейлі тойының қарсаңында 85-ке толық жеткізу көзделіп отыр [4,8].

Биылғы оқу жылының басты жаңалығы ол- Абай ақынның 175 жылдығы, Құдайберген Жұбанов профессорының 120 жылдығы және университеттің қаланғанын 85 жыл толу оның аясында Ақтөбеден Шығыс Қазақстанға "Жұбанов — Абай" экспедициясы ұйымдастырылды. Мұхтар Арын бастаған дара жолды жағастыру мақсатында Ақтөбе-Нұр-сұлтан-Павлодар-Баянауыл-Семей-Жидебай-Қарағанды-Қарқаралы бағыты бойынша ғылыми-зияткерлік экспедициясы жақсы рухани жолмен оралды.

Сонымен қатар, биылғы жылы «Жәдігер жерде қалмасын» акциясы мен «Ақтөбе ақтаңгерлері» жобасы мұражай қорын толықтыру мен тарихи-мәдени құндылықтарды насихаттау жолында дәстүрлі бастау алды. Орынбор өлкесіндегі мұрағат қорымен ынтымақтастық жасап, жаңа археологиялық зерттеу зертханасы ашылды. Ақтөбе өңірінің шежірелі тарихы бойынша цифрлы деректер базасын құруға кірісті. Бұл базада ғалымдарымыздың жоба аясында жинаған құжаттары мен мәліметтері тіркеледі [4,10].

Тәуелсіздігі тұғырлы еліміздің ертеңі – бүгінгі болашақ жастардың қолында. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» деп халық даналығында айтқандай, жас ұрпақтың санасына өнегелі тәрбие мен сапалы білімді сіңіру – бүгінгі күннің басты талабы.

Филология факультетінің құрылуы мен қалыптасуына сол Ақтөбе педагогикалық институтының ректоры Мұхтар Арынов ерең еңбек сіңірді. Факультеттің құрылатындығы туралы алғаш хабардар болған, сол кездері психология кафедрасында қызмет етіп жүрген Абай Шамұлы болатын.

Бұл — үлкен жаңалық. Әңгіменің әлқиссасы 1989 жылдан басталады. Сол жылы қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы ашылған болатын. Егемендікке әлі қол жете қоймаған кез еді. Ол кезде ұлттық рухтың көрінісі саналатын мұндай мамандықтың ашылуы оңай емес еді. Сол кездегі пединститут ректоры, ұлтжанды азамат Мұхтар Арынов алаш аманатын арқалап, осындай батыл қадамға барды. Әрі сатылық филологиялық ғылыми мектеп қалыптастыруды арман етті. Осы ұлттық рухты дамытушы, жас ұрпақтың бойына дарытушы, халыққа насихаттаушылардың алдыңғы сапында тағы да филологтар тұр. Себебі ұлттық рух көрініс табатын халық әдебиетінің түрлерін, батырлық жырларды, шешендік сөздерді, елдіктің, ерліктің шежірелерін оқытып, үйрету осы мамандықтың еншісінде, -  
А.Шамұлы

1989 жылы жай айларында мамандықты ашу үшін институт ректоры облыстар мен аудандарды аралап, талапкерлерді мектепті үздік бітіргендер арасынан тандады. Сөйтіп, қазақ тілі мен әдебиет мамандығына бірінші жылы 50, екінші жылы 75 студент қабылданды. Алғашқы түлектер арасында қазір университетте қызмет етіп, дәріс беріп жүргендері де бар. Олар: Әлия Ұлықпанова, Гүлзат Сәдірова, Мұхтар Мирон

Университет қабырғасындағы филология факультеті өзінің 55 жылдық тарихында қалыптасу мен дамудың әр түрлі кезеңдерінен өтті, жаңа қоғамның көкейкесті мәселерін шеше алатын жоғары білікті мамандар даярланып келеді. Оқу қабырғасында белгілі өте білікті профессор-ғалымдар, филология ғылымының көрнекті өкілдері шоғырланған. Факультет оқытушылары дәріс беру арқылы инновациялық технологиялар мен зерттеудің жоғары деңгейіндегі нәтежеде оқыту әдістерін кеңінен қолданады.

Бұл мамандықта оқитын студенттер тіл мен әдебиетті оқи отырып, елтану, ұлттану, этномәдениеттану, ұлттық рухани құндылықтарды тану арқылы біліктілік шыңына қол жеткізіп отыр. Осы орайда, «Абайтану және ұлттық руханият» ғылыми-зерттеу орталығының атқарып отырған еңбегі орасан зор. Студенттердің ұлттық рухы мен сана сезімін оятып, ұлт құндылығын зерделейтін ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуға зор мүмкіндік беріліп отыр [5,4].

Қабырғасы осыдан 85 жыл бұрын қаланған білім ордасының тарихы тереңде жатыр. Ғасырға жуық білім ордасы алғашында өзінің 85 қарлығаштарын қабылдады. Осы уақыт ішінде еліне еңбегі сіңген мыңдаған мықты, білікті таным –түйсігі жүйрік мамандар біліп алып, түлеп ұшты. Тәуесіз еліміздің жарқын болашағына үлес қосатын саналы ұрпақтың жолын ашып, білітілігін шыңдай білді. Тұңғыш рет 1935 жылы есігін кеңінен ашқан алдыңғы қатардағы оқу ордасы Батыс аймағы бойынша көш бастап тұрған, жоғары дәрежеде білім беретін оқу ордасының бірі де бірегейі. Оқу ордасының осындай дәрежеге жетіп, тарихы бай білім ошағы болуына М.Арыновтың қосқан үлесі орасан зор [5,7],

Тәуелсіздігіміз тұғырлы еліміз білім деңгейі, ғылыми және шығармашылық әлеуеті жоғары жаңа мыңжылдыққа қадам басты. Болашағы жарқын мемлекетіміздің дамуына жоғары оқу орындарының қосып отырған үлестері зор. Соның бір айғағы, осыдан 85 жыл бұрын кірпіші қаланған Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті Батыс өңіріндегі тұңғыш жоғары орыны бүгінгі таңдағы еңсесі биік оқу ордасы. Университет- сұранысқа ие маман даярлауда ғылым және кәсіби білім беру саласында тәжірбиесі мол, еліміздің экономика, саясат, ғылыми және мәдениеттің барлық салалары үшін жоғары білім беру жүйесінің көшін бастап отырған бірден-бір үздік жоғары оқу орындарының бірі.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті өзіндік тарихы терең қалыптасқан классикалық , дәстүрлі оқу жүйесі және ұлттық ерекшеліктері бар оқу орны. Университеттің басты бағыты – ұлттық тәрбие, ұлттық рух. Жалынды жастарды білім жолына салып, түзу жолдан тайдырмай, санаға ұлттық тәрбиені, ұлттық рухты сіңіре отырып оқу- тәрбие жұмыстарын жүйелі жүргізіп отырады. Себебі қазір қоғамдағы білім мен ғылымның, тәлім мен тәрбиенің тұтастығына құрылған жоғары оқу орнындағы білім беру жүйесін кеңейту және оны шығармашылық тұрғыда дамытуға мүдделі. Сол себепті біздің педагог ұстаздарымыз болашақ мамандардың біліктілігін жетілдіруге, олардың мемлекет алдына орындауға тиісті азаматтық борышын, жауапкершілігін және елдік қасиетімен ,отаншылдық рухын қатар тәрбиелеуге баса назар аударады. Осы тұста, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетіндегі білім мен тәрбие ісіндегі стратегиясының түпкі мақсаты - болашақ кәсіби мамандардың бәсекеге қабілетті болуына толыққанды жағдай жасау.

Егемен еліміздің үштұғырлы тіл саясатын енгізудің басты шартында ең алдымен филолог мамандар тұр. Осы тұста біздің филология мамандығының оқытушылары көптілді білім беруді енгізуде , ең алдымен сапалы филолог мамандарын даярлауда елеулі еңбек етіп жатқаны белгілі. Сапалы білім мен рухани құндылықты бойына сіңіре белген әрбір филолог маман- келешекте еліне елеулі еңбек ете алатыны сөзсіз. Білім мен ғылымның қара шаңырағына айналған Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті – еліміздегі ең мықты, білікті мамандар даярлайтын білім ордасы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві. 1625- қор
2. Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві. 13-қор
3. Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музей қоры материалдары.
4. Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институт.- Ақтөбе 2006
5. Ақтүбинский государственный педагогический институт. Ақтөбе

**ҰЛТТЫҚ РУХАНИЯТ КЕҢІСТІГІ: М.АРЫННЫҢ ТӘРБИЕ  
ТҰЖЫРЫМДАМАСЫНДАҒЫ «БЕС АНЫҚ»  
МИР НАЦИОНАЛЬНОЙ ДУХОВНОСТИ: КОНЦЕПЦИЯ ВОСПИТАНИЯ  
М.АРЫНА «БЕС АНЫҚ»  
THE WORLD OF NATIONAL SPIRITUALITY: THE CONCEPT OF EDUCATION  
OF M. ARYN "BES ANYK"**

---

**К.Г. Токтасиновна**  
(Ақтөбе, Қазақстан)

М. Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі  
[gkonirbaeva@mail.ru](mailto:gkonirbaeva@mail.ru)

### **ЖАҚСЫДАН ӨСИЕТ, АСЫЛДАН ҚАСИЕТ**

**Аннотация.** Ұлы ұрпақ тәрбиелеу қай кезде де басты міндет болып табылады. Осы жолда қазақ халқының асыл перзенттерінің бірі, ұлағатты ұстаз Мұхтар Ғалиұлы Арын халқымыздың ұлттық қасиеттерін кейінгі ұрпақ санасына сіңіруді мақсат еткен еді. Ұлттық сананың қайнар көзі болып табылатын, еленуге тиіс ерекшеліктер туралы ой-толғамдары оның «Бес анық» кітабында баяндалған. «Бес анық» кітабы - елім деп ғұмыр кешкен азаматтың ұлттың ТІЛ. ДІН. ДӘСТҮР. ТАРИХ. АТАМЕКЕН деп аталатын бес шындығы туралы парасатпен өрілген терең толғанысы. Баяндамада өркениетті елдердегідей сапалық өлшемге көтерілу үшін халқымыздың осы құндылықтарын ұрпақ бойына сіңіру, мәні мен маңызын түсіну және жас ұрпақты елдік рухта тәрбиелеу және ықылас, мейірімділік, шарапат, қайырымдылық сияқты мінездер қалыптастыру мәселелері қозғалады.

**Аннотация.** Воспитание достойного поколения во все времена было обязанностью любого народа. Один из лучших сыновей казахского народа известный педагог М.Г.Арынов поставил перед собой цель разъяснить новому поколению национальные достояния народа. В его книге «Бес анық» повествуется о особенностях, которые являются неиссякаемым источником национального самосознания. Книга «Бес анық» -это раздумье патриота - гражданина о пяти истине нации: язык, религия, традиция, история, отчизна. В докладе затронуты проблемы понимания смысла и важности национального достояния, воспитания патриотизма у молодежи, формирования доброты, милосердия, скромности и вежливости и других положительных качеств для повышения уровня национального самосознания народа как в других развитых странах.

**Annotation.** The education of a decent generation has always been the duty of any nation. One of the best sons of the Kazakh people, the well-known teacher Arynov set a goal to explain the national treasures of the people of the new

generation. In his book “bes anyz” the author describes the separateness that is an inexhaustible source of national identity. The book of Bes anyz is reflection of a patriot citizen on the five truths of nations: language, religion, tradition, history and homeland.

In The report addresses the problems of understanding the meaning and importance of the national heritage, fostering patriotism among young people, forming kindness, modesty and politeness and other positive qualities to raise the level of national consciousness of the people as in other developed countries.

қазақша	орысша	ағылшынша
Жақсы	элита	elite
тіл	язык	language
дәстүр	традиция	tradition
дін	Религия	religion
тарих	История	history
Атамекен	Родина	Homeland

Бәлтірік шешен : «Ойың ақ болсын, сөзің ақ болсын, ісің ақ болсын. Ойыңның ақтығы -арыңнан, сөзіңнің ақтығы-жаныңнан, ісіңнің ақтығы-ақылдан» деген екен. «Сондай ары да , жаны да таза, ісінен даналық есіп тұратын жандарды, яғни Жанның тазалығын -Арын-Жаннан да, Малдан(бұл жерде қазақ байлықты меңзейді) да биік қоятын қазақты бұрынғылар **Жақсы** деп атапты. Бұл оңай шаруа болмаса керек, Жан өз қамын жеп, қам-Харекетке көшкенде ғана жүзеге асады екен» деп жазады белгілі Абайтанушы, мәдениеттанушы Омар Жәлел өзінің «Жақсы» деген кітабында.[1.3-б] Осындай қазақ халқының асыл перзентінің бірі, яғни **Жақсысы** Мұхтар аға Ғалиұлы Арын. Мұхтар ағаның өмірбаянын, жазбаларын, замандастарының пікірлерін, кітабын оқи отырып « Кім жүрегін таза ұстаса оны еріксіз ғалым қыламын» деген Жаратушы иеміздің уәдесінің рас екенін байқайсың. Бұл кісінің кітабын оқи отырып ата-бабадан дарыған дүниетанымды, ұлттық философияны жалғап келе жатқан бойындағы нәзік те жіңішке тінді сезінесің, сол үзіліп кетпесінші дейсің. Көкіректегі көрінбейтін саңылаудан бір сәуле сығалап енгендей жаның жайланады. Бұл ұлттық сананың қайнар көзі болып табылатын, еленуге тиіс ерекшеліктер туралы ой- толғамдары бар «Бес анық» кітабы.

««Бес анық» еңбегі біздің пікірімізше дәл осы заманда , дәл осы кезеңде дүниеге келуге тиіс болатын. Өйткені , бірнеше ғасыр ашық бодандықта болып, ХХ ғасыр басында бодандықтың жаңа сатысына көшкен ұлтымыз тілін, дінін, дәстүрін, тарихын білмей , білсе де дүниежүзілік тұрғыдан алғанда өркениетті елдердегідей сапалық өлшемге көтеріле алмады. Ал, АТАМЕКЕН болса рухани тағандарынан айырылған ел дәрежесіне түгел түсуге қалып еді. Осы тұрғыдан алғанда , «Бес анық» еңбегі зиялы қауымның , зиялы өкілі Мұхтар Арын өмір сүрген заман сұранысы мен

талабынан туған дүние екені даусыз» деп жазады философия ғылымдарының докторы, профессор А.Г. Тайжанов.[2.480-б] Бұл заман сұранысы бүгінде де маңызын жойған жоқ , қайта ең өзекті мәселеге айналып , өткір күйінде қалып отырғандай. Оған дәлел «тәлтіректеп» тұрған тіліміз, «догмаға айналған» дінміз, «діңі босаған» дәстүріміз, «тұншықтырылған» тарихымыз, «алаңдатқан» Атамекеніміз.( ащы да болса шындық) Міне, осындай қоғамның жарасын емдеуде бұл еңбектің маңызы зор деп ойлаймын.

Енді Мұхтар ағаның өзін тыңдап көрейік. «Бес анық» кітабы- елім деп ғұмыр кешкен азаматтың ұлттың ТІЛ. ДІН.ДӘСТҮР. ТАРИХ. АТАМЕКЕН деп аталатын бес шындығы туралы парасатпен өрілген терең толғанысы. Ол былай дейді: «...өзіңді-өзің білгің келсе, өз ұлтыңды тереңнен танығың келсе, онда жоғарыда тізбектелген бес шартты, бес анықты жақсы білуің керек. Бұларды (тіл, дін, дәстүр, тарих, атамекен) дұрыстап түсініп, парызға балап, баршамыз бүге-шігесіне дейін білуге ұмтылсақ, оның өзі бір құдірет болар еді. Сондықтан да, қазақ интеллегенциясының өкілі ретінде осынау бес мәселе төңірегіндегі ойларымды ортаға салуды өзімнің азаматтық міндетім деп білдім». [2.53-б] Бұны міне, оның рухани ілімге терең бойлап өмірдің мәнін табуы деп түсінуге болады.

Әр халықтың басты байлығы, баға жетпес асыл қазынасы тіл екені даусыз. Ана тілі арқылы –әр адам өз ұлтының жан дүниесі мен мәдениетінен ғасырлар бойы жиған рухани азығынан нәр алатын кіндік тамыры десек те болады.

Мұхтар аға Тіл мәселесінде «ұлт пен тіл еш уақытта ажырамайтын, бір-бірімен кірігіп, бөліп қаруға болмайтын нәрсе. Ұлттың ең негізгі қасиеті - қабілетінде, ал қабілет ойлаумен байланысты, өз кезегінде ойлау деген нәрсені құрайтын-тіл»[2.57-б] деген пікірін терең түсінсек қазіргі кезеңде ұлтты сапа дәрежесіне көтеретін қабілет пен ойлауды осы жетік меңгерген өз ана тілі айқындайды екен, тілмен бірге қазақтың рухы бойыңа сіңетін тәрізді, ал рухы көтерілген халық үлкен жетістіктерге жетері хақ деген ой келеді.

Қазақ мәдениетінің мәніндегі діни сананың мазмұны исламнан бастау алады. Діни сана-ұлттың болмысы, табиғаты, ерекшелігі. Ең басты мәдениет қабаты тіл десек, осы тіл арқылы исламның құндылықтық, ақпараттық, дүниетанымдық, ділдік, психологиялық, эстетикалық, этикалық және т.б. ұғымдары, түсініктері, тұжырымдары, анықтамалары орныққан. Діни сана тарихи сүрлеумен жаңғыра отырып, ұлттық мәдениет пен рухани тұтастыққа нәр беретін сипат табады.[3.6-б]

Ал, осы дін мәселесінде Аға «діннің догмалық жағын емес моральдық жағын ,яғни тәрбиелік күшін пайдаланған ұлт ешуақытта ұтылмайды. Көптеген өркениетті елдердің мәдениеттілігі дінге байланысты , демек дінді ұлтты рухтандыратын, ұлттың өзінің мыңдаған жылдар бойына жинаған қасиеттерін байыта түсетін, кең де кемел қосымша құрал деп түсінген жөн» [2.60-б] дейді, яғни өркениеттілікке жетуді дінмен байланыстырады. Бұл орайда Абайдың : Ғылымсыз ахирет те жоқ, дүние де жоқ. Ғылымсыз

оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған қажылық ешбір ғибадат орнына бармайды» деген ойымен үндесетін сияқты.

Қазақ халқының аңыздары мен салт-дәстүрлері және ырым-тиымдары әлемдік мифологияның барлық талаптарына жауап бере алады. Яғни, салт пен аңыздың мағыналық жағынан қабаттаса дамуы, адам өміріне мағына бітіруі, жақсы мен жаманды айыруы, торыққан пендеге шабыт сыйлауы, әлемді мәденилендіруі, бүкіл аңыздар мен дәстүрлердің логикалық жағынан матаса байланысуы және біз үшін ең бастысы Ұлы Мәнді іздеуге деген ықыласымызды оятуы жағынан алғанда қазақ халқының салты мен қиссасын әлемдік мифологияның алтын үлгісі десе де болады.[3.266-б]

Мұхтар аға осыны терең пайымдай отырып «үшінші анық- Дәстүр, дәстүрді сыйлаған, дәстүрі бай, мәдениетті халықтар алдыңғы қатардағы ұлттардың қатарына еніп, көп шаруа тындырды. Қазақ халқы да дәстүрден құр алақан емес.. сол дәстүрлерімізді сұрыптап екшеп терең пайымдап игілігімізге жаратуымыз керек» дейді. [2.62-б]

Ал, төртінші анық- бұл тарих. Сөз жоқ, өткенге көз жіберу, өткенді білу- ұлттық психология, ұлттық дүниетаным деп аталатын нәрселерді дамытуға өте қажет... Шын мәнісінде біз тарихи оқиғаларды жеке-жеке , өзінен-өзі жүріп жатқан оқиғалар сияқты бөліп қарамауымыз керек. Мұның бәрін тәрбиемен ұштастырып, ұлтымыздың қалыптасуына, мәдениетіне, бір сөзбен айтқанда , біздің тәрбиемізге сол тарихи процестердің қандай ықпалы болды, міне , осы тұрғыдан алып қараған жөн деп ойлаймын деп жазады. [2.69-б] Бұл пікірі Омар Жәлелдің бүгінгі айтып жүрген « Біз отар болған жұртпыз. Ел болу үшін отарсыздануымыз керек. Сосын «қазақ тарихында біз ұялатын ештеңе жоқ» деген сынды негізсіз пікірлерді тоқтату керек. Біртұтас халықтың тірі организм ретінде бас бостандығынан айырылып өзге мемлекетке отар болғаны-құл болғаны ұят емес пе? Сондықтан қазақ қоғамын сауықтыру керек» деген пікірі үндесетін сияқты, яғни тарихи процестердің біздің тәрбиемізге ықпалы, рухымызды қаншалықты тұншықтыруы. Сондықтан тарихыңды білу - бұл өзіңді тану деген сөз. Алыста жатқан бастауы барлығын әр ұлттың адамы сезінуі қажет. Өзін үлкен адами тереңдікте сезіне алмаған адам қоғамның , ұлттың мүшесі екенін сезіне алмайды Тарихтың ұлт үшін қажеттілігі де осыдан туындайды... Сонда ғана адам өзін толық қанды адаммын деп санай алады» дейді.

Бесінші анық-бұл АТАМЕКЕН. Жалпы қазақ халқы мекен мәселесіне өте терең , ілтипатпен қараған халық. «Атамекен» сөзі қазақ халқының сол жерді ерте кезден иемденіп келе жатқандығын білдірсе керек. ... Егер жерімізді, атамекенімізді қастерлейтін болсақ. Онда ұлтымыздың қуатын күшейте түсеміз. Жерге деген сөзін ұлтқа деген сөзі екенін әбден, анық білуіміз керек. Бірінен бірін ажыратып қарауға ешқандай хақымыз жоқ» деген сөзінен ақ ұлттың жаны ол туып өскен жері- атамекені дегенін аңғаруға болады [2.77-б]. Бүгінгі таңда « жер тағдыры-ел тағдыры» мәселесі де өткір айтылып жүрген кезеңде Мұхтар ағаның «Атамекенді білу ұлтымыз үшін қажеттілік,



сондықтан әрбір отбасы Қазақстанды толық танып білу міндетін алға қоюымыз керек деуінің өзі Елін сүйген жүректің сөзі.

Мұхтар Ғалиұлы Арын халқымыздың ұлттық қасиеттерін осы аталған бес сипат арқылы танытуды, кейінгі ұрпақ санасына сіңіруді мақсат еткен екен. Сондықтан да ол « Мен педагог ретінде осының бәрін тәрбие жүйесіне концепция күйінде енгізсек деп армандаймын. Тәрбие дегенге ойға оралатын жәйт-бес анықтың қай-қайсысыда белгілі бір пәндермен байланысып жатқан дүниелер... Осылай етсек тәртіпсіздікке, имансыздыққа тосқауыл қояр едік. Ықылас, мейірімділік, шарапат, қайырымдылық сияқты мінездер қалыптастырсақ» [ 2.83-б] деген арман тілегін де айтып өтеді. Рас, бүгінгі күні қазақ қоғамы да руханиятқа бет бұрып келе жатқанын, сең қозғалғанын көзі қарақты оқырман аңғарады. Бұның өзі уақыт талабы және осындай асыл ағаларымыздың ұлтқа қалдырған құнды мұраларының ізсіз кетпегендігі, еңбектерінің ұлтымыздың қажетіне жарағандығы деп білемін. Әрине қазіргі ақпарат тасқыны кезеңінде жас ұрпақтың ұлттық мінезін сақтау оңай шаруа емесі анық. Осы жолда біздің мектепте ұрпақтың санасына ұлттық құндылықтарды сіңіруде біршама жұмыстар атқарып келеді. Дегенмен, әлі де жақсылардың ізін жалғастырып саналы ұрпақ тәрбиелеуде жүйелі де, сапалы қыруар жұмыстар атқарылуы тиіс.

«Таң атпайын десе де, күн қоймайды» дегендей рухани аш, талай тар жолдардан өткен халқымыз Мұхтар аға сияқты шын Жақсыға зәру! Сұраныс күшті. Сол жолда аянбай еңбек ететін кез келді. Ұлы ұрпақ тәрбиелеу - басты міндеттеріміздің бірі. Алла ұлтымыздың болашағын жарқын қылсын!!!

#### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. О. Жәлелұлы, Жақсы, Астана, 2018.
2. М.Ғ.Арын, Бес анық, Павлодар, 2011
3. Салт-дәстүр сөйлейді, Отбасы хрестоматиясы ҚҚ., 2019

**Тургамбаева С. С.**

*(Ақтөбе, Қазақстан)*

М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі

Turgambaeva1974@mail.ru

## **ҰЛТ КЕЛБЕТІН АНЫҚТАЙТЫН БЕС ҚҰНДЫЛЫҚ**

### **Түйіндеме**

«Бес анық» кітабында ұлттың келбетін анықтайтын бес құндылық туралы жүйелі ой-пайымдар жазылған. Автор «бес анық» деп мыналарды таниды: Бірінші анық – Тіл; Екінші анық – Дін; Үшінші анық – Дәстүр; Төртінші

анық – Тарих; Бесінші анық – Атамекен. Шынында бұл бес құндылық қазақтың ұлт ретіндегі қасиеті мен болмысын, танымы мен тамырын, жаны мен рухын көрсетеді. Осылар арқылы бізді өзгелер де танып-біледі. Баяндамада Бес анық, яғни, тіл, дін, дәстүр, тарих, атамекеннің мәні-маңызын арттыру, қазақтың қастерлі ұғымдары арқылы жас ұрпақтың бойында ұлттық сана-сезімді ояту, төл құндылықтарды қайтару мәселелері қозғалады.

### **Аннотация**

Книга «Пять определений» содержит систематизированные представления о пяти ценностях, определяющих имиджа нации.

Автор книги, «пять определений» подразумевает: Первое определение- Язык; второе определение-Религия; Третье определение-Традиция; четвертое определение- История;пятое определение- Родина; По сути, эти пять ценностей: качества казахской нации, ее сущность, знание и корни, душа и дух.

Через них другие могут узнать нас.

В отчете четко подчеркивается важность языка, религии, традиции, истории и родины.

Через заветные казахские представление поднимаются вопросы пробуждения самознания нации, возвращение исконных ценностей в воспитании подрастающего поколения.

### **Annotation**

The book "Бес анық" (Bes anyk) contains systematic ideas about the five values that determine the image of the nation. The author says "five obvious": The first obvious is Language; The second obvious is religion; The third obvious is Tradition; The fourth obvious is History; The fifth obvious thing is recognizing the homeland. In fact, these five values reflect the qualities and essence of the Kazakh people as a nation, their knowledge and roots, soul and spirit. In this way, others will recognize us. The report addresses five issues: language, religion, traditions, history, the importance of the homeland, the awakening of national consciousness in the younger generation through the Kazakh notions, the return of original values.

### **Тірек сөздер**

Бес анық, тіл, дін, дәстүр, атамекен, тарих, ұстаным

### **Ключевые слова**

Пять определений, язык, религия, обычай, родина, история, позиция

### **Keywords**

Five obvious, language, religion, tradition, homeland, history, position.

Ұлтымыздың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай: «Ұлттық құндылықтардан жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды», - деген болатын.

**Ұлттық рух** - халықтың өзін-өзі тануымен айқындалатын, өскелең арман-мұраттарымен сипатталатын, елдік тұтастық идеясымен негізделетін өміршеңдік күш-қуаты. Ұлттық рух жалпы ғаламдық рух пен жеке адамдық рухтың дәнекері болғандықтан, кез келген ұлттың, мәдениеттің өкілі өзінің әлемдегі орнын өзіндік ұлттық төлсанасы арқылы бағамдауы заңды құбылыс. Сондықтан жеке адамның таным терезесі ұлттық таным тұрғысынан, әлемдегі жалпы адамзаттық құндылықтарды игеріп, рухани игіліктерге өз үлесін қосады. Қай халықтың болсын бойында өз табиғатына тән өзге де қайталанбас қасиеттері, мінезі, ділі болуы ұлттық рухпен тікелей байланысты. Сонымен қатар, ғалым мұраларының замана көшімен бірге мәні де мағынасы да арта түсетіндігіне көзіміз жетті деп толық сеніммен айтуға болады.

Жаһандану заманында болмысыңды сақтауға үндеп, ұлттық ерекшелігінді танытып, рухани құндылығыңды көтеретін кітап- ғалымның «**Бес анық**» еңбегі дер едім. Мұханның: «Заман өзгеріп келеді. Жастарды жаңа рухта бағыттау — біздің парызымыз», — деген ұлағатты пайымын басшылыққа ала отырып, баяндамамды ұлт келбетін анықтайтын бес құндылыққа арнағалы отырмын.

Ғалым бес анықтың кіріспесі ретінде грек философтарының тілге қатысты бес түрлі шартына негіздеме жасайды. Яғни, біріншіден, сол ұлттың тілін жақсы білуі; екіншіден, сол ұлттың дінін меңгергені жөн; үшіншіден, сол ұлттың тарихын бес саусағындай білуі тиіс; төртіншіден, сол ұлттың тарихын жақсы білгені абзал; бесіншіден, сол ұлт мекендеген жердің ой-шұқырын жақсы білуі парыз ;

Неміс философы Вильгельм Гумбольдтың : «Ұлттың өзіне тән, іштей дамитын рухы бар, сол рухтың ерекшелігін сыртқа шығарып, сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа беруші күші-тіл», -деген тұжырымын бірінші анықтың негіздемесі ретінде алуы ғалымның мамандығымен де байланысты дер едім. Қазақ тілін ғылыми тұрғыда талдағанда жілігін шағып, майын ішкен кез-келген тілші ғалымдардан кем түспейтін тұлғаның мамандығы неміс тілінің маманы екендігін екіншісі біле бермейтін шығар. Сонымен қатар, Мұхтар Арынның Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын бүкіл ғұмырына үлгі-өнеге тұтқан ғалым екендігіне көптеген еңбектері де куә. Ендеше, тіл күдіретін Абайдан асып толғаған адамзат баласы жоқтың қасы десек, тілді-бес анықтың бірінші бағдары деп ғалымның тануы ұлы Абайдан бастау алған деп те айтар едік. Қазақ тілі мен әдебиетінің маманы ретінде өз тәжірибиемде көзім жеткен шындық ана тілінде білім алған бала ұлттық рухпен біртұтас біте қайнаса жетілетіндігі және де ұлттық болмыс , ұлттық

психология, ұлттық дағдыны меңгермеген адамнан ұлт жанашыры шығады деп болжау да қиын дер едім.

«Өзін сол ұлттың өкілімін деп санайтын адам сол ұлттың дінін де жақсы білуі керек. Дін деген нәрсенің ұлттық рухқа тікелей қатысы бар. Дінде рухты құраушы, оған мазмұн беруші, тәртіпке салушы күш бар», - дейді ғалым.

Діннің ұлттық дүниетанымдық психологияға, санаға, тәртіп пен тәрбиеге үлкен әсерін тигізетіндігін айтқан жөн. Бүгінгідей тәуелсіз мемлекетімізде сөз, ой бостандығы қалыптасқан кезеңде кейбір адамдардың діннің түпкі мақсатына, негізіне ой жүгірпестен, сырттай, тіпті ұшқары түрде қабылдайтындығына да куә болып жүрміз. Осы орайда Абай Құнанбайұлының «Кімде-кім иманның неше нәрсе бірлән кәмәлат табатұғынын білмей, қанша жерден бұзылатұғынын білмей, басына шалма орап, бірәдар атын көтеріп, оразашыл, намазшыл болып жүргені көңілге қалың бермей тұрып, жыртысын салғанға ұқсайды», - деген толғамы ойға оралады. Бүгінгі қоғамда орын алып жатқан жан түршігерлік жағдайлардың көбі жүректе иман мен Аллаға деген сенімнің жоқтығынан деп айтуға толық негіз бар. Алланы ұмытқан адам өзін-өзі жоғалтып, баласын тастауға да, ұрлық жасауға да, кісі өлтіруге де, одан соң елін сатып кетуге дейін бара алады. Бұл қасіретті жағдайларды болдырмас үшін ұлды да, қызды да отбасында имандылық пен арлылыққа, Аллаға сенуге үйреткен дұрыс. Бұл ретте Мұхтар Арынның Аллаға сенім жөнінде мынадай пікірі үлкен мәнге ие: «Жалпы, Алла – әрқайсысымыздың жүрегімізде деген мәселе. Адамның арына, ұятына сену керек. Осы Аллаға сену ұлғайып барады-дағы жалпы сенім деген сезімді тудырады. Осыдан барып басқа сенім түрлері шығады: болашаққа сену, адамның белгілі бір қасиеттеріне бас иіп сену, адамға сену, баланың әкеге, әкенің балаға сенуі. Адамаралық күнделікті тұрмыста сенім дегенің адамға қуат беретін күш. Адам мен адамды жақындататын, адамды біріне-бірін танытатын, жақсыға сеніп, жаманға сенбеуді ажырату үшін де керек нәрсе бұл. Сондықтан иман деген нәрсе, иманжүзділік дегенің сеніммен байланысты. Діннің қуатты, күшті жері – адамның бойында сенім деген сезімді тәрбиелеу». Қазіргі таңда мектеп бағдарламасына «Дінтану» деген пәннің енгізілуі енді бой түзеп келе жатқан жас жеткіншектерді адасу жолынан сақтап, тура жолды нұсқауға бағыт-бағдар береді деген сенімдемін. Егер бүгінгі күні ғалым – ұстаз ортамызда болса жас ұрпаққа дін турасында тұщымды ойлар айтып, талай тағдырды тәлкекке түсуден арашалап қалар еді-ау деп ойлаймын.

Қазақ халқын басқа халықтардан даралап тұратын ұлттық салт-дәстүрі бар. Бұл бізге көнеден ата-бабаларымыздан мұра болып келе жатыр. Алдымен автор дәстүр сөзінің мағынасына үңілуді ұсынады: «...Меніңше, дәстүр ұғымына жаңаша көзқараспен қарасақ, онда ол үш нәрсемен сипатталады. Біріншіден, дәстүр дегенің – жалпыхалықтық. Олай деуге себеп – оның өзі әркімнің жеке басының жағдайына байланысты емес,

халықтың әлеуметтік, психологиялық, мәдени толып жатқан басқа да тұрмыстық, дүниетанымдық жағдайына байланысты. Екіншіден, дәстүрдің тағы бір сипаты – тұрақтылығында. Ол оңайлықпен өзгере салмайды, орнықтылығымен ерекшеленеді. Үшіншіден, дәстүр ұрпақтан ұрпаққа беріледі. Егер осы сипаттамаларға тереңірек үнілсек, онда ұрпақтан ұрпаққа сол ұлт өмірінің желісін үзбей біріктіре отырып берілетіндігін аңғарамыз».. Сонымен қатар, әрбір отбасындағы ұлттық дәстүрге деген құрмет пен сыйластық сезімі бала дүниеге келіп, тәй-тәй басқаннан бастап оң-солын танып, азамат болғанға дейін дұрыс бағдар болса, ел ертеңіне деген алаңдаушылық сезіміміз де болмас еді. Ел басқарып отырған азаматтар билік жүргізу барысында салт-дәстүрге сүйенсе, елге де сыйлы болар еді, азаматтық ар-ұятын аяққа таптатпас та еді деген ойға келдім.

Бала тәрбиесінде ата-ана балаға төл тарихын құлағына құйып өсірсе, ұлтын сүйетін отаншыл рухты азамат ретінде толық қалыптаса алады. Автор тарихты танып білудің пайдалы тұсы туралы былайша жазған: «Ұлттың тарихын білу керек деген сөзді өзіме жақындатып пайдалансам – өзімді-өзім тану деген сөз. Әр адам өзін-өзі тануы керек. Жалпы ұлт дегенің кейбіреулерге абстракт нәрсе сияқты болып көрінеді. Ал шын мәнісінде кім өзін сол ұлттың өкілімін деп санаса, сондай сезімді қалыптастырғысы келсе, онда сол ұлттың тарихы арқылы адам өзін-өзі тануы керек. Яғни, тарихтың ішінде жүрген бір бөлшегі екенін сезінуі қажет. Сонда ғана ол өзінің ұясын тапқан құс сияқты, өзінің жерінде, елінде, өзіне тән үлкен тарихи, қоғамдық ортада жүргенін сезінеді». Осы тұжырымдарды бағамдай келе, қазіргі таңда мектепте оқытылып жатқан өзін-өзі тану пәнінің бастауын ғалымның көзі тірісінде қалап кеткендігін байқауға болады деген ойға да келдік. Францияның белгілі филологы, әрі тарихшысы Ренан: «Тарих дегеніміз- бір халықтың тек қана еркіндікке ұмтылысының тарихы ғана емес, сол халықтың тәрбиесінің де тарихы» ,-деп анықтама берген екен. Осы орайда, ғалымның халықтың ертеңіне болжам жасау үшін өткеніне ой жүгірту керек екенін ұғындырғысы келгендігін байқадым. Өткенді ой елегінен өткізбей, бүгінгімізді бағамдамай, келешекке жоспар құруымызға болмайтындығына тағы бір көзім жетті. Әсіресе, біз секілді, мектеп мұғалімдері, болашақтың негізі болар жас өркендерді тәрбиелеу барысында осы бір алтын тінді үзіп алмауымыз керек .

Халқымыз туған елді, жерді қастерлі ұғым деп санаған. Бұл жөнінде қайраткер Мұхтар Арын былайша жазады: «...Жалпы қазақ халқы мекен мәселесіне өте терең ілтипатпен қараған халық. «Атамекен» сөзі қазақ халқының сол жерді ерте кезден иемденіп келе жатқандығын білдірсе керек. «Кіндік кесіп, кір жуған», «кіндік қаны тамған» деген сөздер бар қазақта. Бәрі де өзінің тұрған мекеніне жылы жүрекпен, терең ілтипатпен қарағандығынан туған сөздер».

Егер жерімізді, атамекенімізді қастерлейтін болсақ, дана халқымыздың «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» не «Ер туған жеріне, ит

тойған жеріне» деген қанатты ой-толғамдарын өмір сүрудегі Темірқазығымызға айналдыру керек дер едім. Қазіргі таңда зияткерлік миграцияның белең алып тұрған кезеңінде, біздің шет ел асып, білім қуып кеткен жастарымыздың сол елде тұрақтап қалуы секілді жан ауыртар жайлардың көбейіп кеткені жасырын емес. Осы орайда, атамекен ұғымының мәнін бала кезден бойына сіңіріп тәрбиелейтін болсақ, болашақтың тұтқасы-жастарымыздың өз еліміздің көсегесін көгертуіне күш саларына шек келтірмеген болар едік.

Қорыта келгенде, ұлт келбетін анықтайтын бес құндылығымыз-бес анығымыз Абай қара сөздері секілді Мұхтар Арындай толғамы терең тұлғаның болашаққа қалдырып кеткен философиялық түйінді ойлары, келелі кеңестері дер едім. Мектеп қабырғасынан бастап, буыны қатпаған жас балаларды «бес анығын» адаспай танитын тұлға етіп тәрбиелеуді әрбір ұстаз бұлжымайтын бағдар етіп алсақ, нұр үстіне нұр болар еді!

#### **Әдебиеттер:**

1. «Бес анық» Павлодар, 2011 ж.
2. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Н.Ә.Назарбаев, Астана, 2017ж
3. М.Арын, Павлодар, 2003ж.
4. Профессор М. Арынның педагогикалық концепциясы және ұлттану мәселелері. Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының хабаршысы 2006. - № 2. – [3-60 б.]
5. Рухы биік тұлғалар, Новосибирск, 2007 жыл
6. Ұлттық рухтың ұстазы, Павлодар, 2006ж.

**Жұмабек С.С.**

*(Ақтөбе, Қазақстан)*

Қ.Жұбанов атындағы АӨУ

Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу

ББ 1 курс магистранты

[salima\\_98.12@mail.ru](mailto:salima_98.12@mail.ru)

## **МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА М.АРЫННЫҢ МАЗМҰНДЫ МҰРАЛАРЫН ҚОЛДАНУ**

### **Аңдатпа**

Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балаларды құзыретті, білімді, шығармашыл, рухани жағынан толыққанды дамыған тұлға ретінде қалыптастырып жетілдіруде ғалым, ұлағатты ұстаз әрі тіл жанашыры Мұхтар Ғалиұлы Арынның тағылымы мол, терең мазмұнды мұралары турасында сөз болады. Сонымен қатар балалардың бойында дамыту қажет

қасиеттер көрсетіліп, мектеп жасына дейінгі балалардың бойында шығармашылық құзыреттілікті қалыптастыруда ғалым еңбектерінің маңыздылығы тілге тиек етіледі.

### **Аннотация**

В данной статье речь пойдет о большом, глубоко содержательном наследии ученого, великого учителя и лингвиста Мухтара Галиевича Арына в формировании и совершенствовании дошкольников как компетентной, образованной, творческой, духовно развитой личности. Также будут продемонстрированы качества, необходимые для развития у детей, подчеркнута важность трудов ученого в формировании творческой компетентности у дошкольников.

### **Annotation**

This article tells about the rich and instructive heritage of Mukhtar Galievich Aryn, a scientist, educator and linguist in the formation and development of preschool children as competent, educated, creative and spiritually developed people. At the same time, the qualities that need to be developed in children are highlighted, and the importance of the work of scientists in the formation of creative competencies in preschool children is emphasized.

**Түйінді сөздер:** тұлға, шығармашылық құзыреттілік, балабақша, кітап, тіл, дәстүр

**Ключевые слова:** личность, творческая компетентность, детский сад, книга, язык, традиции

**Keywords:** personality, creative competence, kindergarten, book, language, traditions

Қазіргі қоғам күн өткен сайын қанатын кеңге жайып, қарыштап дамып келеді. Бұл өз кезегінде келер жастардан жаңашылдықты, үлкен шығармашылықты және танымдық белсенділікті талап етері хақ. Осыған сай келер ұрпақ алдына өте үлкен жауапкершіліктер мен міндеттер жүктелуде. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының негізгі міндеттерінің бірі балалардың интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуды міндеттесе, Қазақстан Республикасының дарынды балаларды анықтап, оларға қолдау көрсетіп дамыту концепциясы шығармашылық қабілетті дамытуға бағытталған білім беру кеңістігін туғызуды талап етеді. Бұл деп отырғанымыз, қазіргі білім беру жүйесі келешек жастардың бойында сапалы білім, рухани даму, бәсекеге қабілеттілік, шығармашылық құзыреттілік, ізденімпаздық және бәрін білуге деген ұмтылыстың болуы қажет екендігін меңзейді. Соған сәйкес Қазақстан Республикасының білім саласындағы нормативті-құқықтық құжаттары адамның шығармашылығын дамытуды басым бағыттардың бірі ретінде қарастырады. Сондықтан жеке тұлғаның шығармашылық мүмкіндігін, шығармашылық қабілетін, шығармашылық ойлауын әрбір адамның жаңа білімді игеруіне, интеллектісі

мен ойлау қызметінің артуына қажетті ықпал ретінде дамыту өзекті мәселелердің біріне айналып отыр десек қателеспейміз.

Бүгінгі күнде оқытудың жаңа технологиялары балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту негізінде білім беруді көздейді. Бұл мектепке дейінгі кезеңнен бастап балалардың шығармашылық ойлауын, шығармашылық құзыреттіліктерін, қиялын дамытуға көп көңіл бөлуді міндеттейді.

«Отан – отбасыдан басталады» деген аталы сөзге мән берер болсақ, балаға берілер тәрбие мен алғашқы білім отбасыдан бастау аларын анық байқаймыз. Бала дүние есігін ашқан сәттен бастап, баланың бойына жақсы мен жаманды сіңіре отырып, білуге, үйренуге деген талпынысын тудырып отыруымыз керек. Баланың балабақшада, кейіннен мектеп, одан әрі жоғары оқу орындарында сапалы білім ала отырып, келешек өз елін дамытар азамат болуы үшін елімізде білім беру саласында өте үлкен мүмкіндіктер жасалуда. Сапалы білім алған, танымдылығы жоғары, құзыретті, бәсекелестіктің қайсыбір мықты тегеурініне төтеп бере алатын білімді ұрпақ қана келешектің жолын аша алары хақ.

Сонымен шығармашылық құзыреттілік дегеніміз не? Оны баланың бойында не арқылы қалыптастыруға болады? Осы мәселеге бір шолу жасап өтейін. Ең алдымен құзырет, құзыреттілік деген ұғымдарға тоқталып өткім келеді.

Құзыреттілік ұғымы «білім», «білік» және «дағды» сияқты ұғымдарды қамтиды. Құзыреттілік оқыту нәтижесін (білім және білік) ғана емес, сонымен бірге ол білімгерлердің шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі мен құндылық бағдарларының жүйесін де көрсетеді. Құзыреттілік – бұл алынған білімдер мен біліктерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі. Ғалым А.В.Баранниковтың айтуынша: «Құзыреттілік дегеніміз өз бетінше іске асырылатын қабілеттілік, ол оқушылардың алған білімдеріне, өмірлік тәжірибелеріне, құндылықтарына негізделеді» деп анықтама береді.

Қазіргі зерттеушілер маман ретінде құзыреттілікті мектепке дейінгі балалар мен бастауыш сынып жасындағы балалардың маңызды мәселесі ретінде қарастыруда. Қазіргі таңда құзыреттілікті тұлғаның күрделі мәдени жиынтық іс-әрекеті түрлерін жүзеге асырудағы қабілеттілігі деп түсінуге болады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың дамып қалыптасуы, танымдық қабілетінің дамуы, шығармашылық қабілеттері мен қиялының жетілуі үшін шығармашылық құзыреттіліктің алар орны ерекше.

Шығармашылық әрекет баланың өз жеке шығармашылық бағытын таңдау қажеттігін және шығармашылық өнім нәтиже туғызуға бағытталған жауапкершілігін қамтитын әрекет.

Шығармашылық құзыреттілікті қалыптастыру дегеніміз – балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, дәстүрлі өнерді, білімді қолдана білу, жан-жақты ізденуге бағыттауды қалыптастыру. Шығармашылық тұлғаны дамыту тұтастай алғанда шығармашылық



құзыреттілікті дамытуды да, жеке тұлғаның басқа да сипаттамалары мен қабілеттерін дамытуды көздейді: ақыл, қиял, шығармашылық.

Мектеп жасына дейінгі балалардың қиялын, шығармашылық қабілетін, құзыреттілігін, танымдық қабілетін дамытып жетілдіруде ғалым, қоғам қайраткері Мұхтар Ғалиұлы Арынның мәнді мазмұнға толы, рухани өсуге мүмкіндік беретін тағылымды еңбектерін ерекше атап өтуге болады.

Қазақ ғылымы мен әдебиетінде өзіндік орны бар белгілі қоғам қайраткері, ғалым, ағартушы ұстаз Мұхтар Арынның есімін қанша уақыт өтседе ешкім ұмытпақ емес. Мұхтар Арын қазақтан шыққан тұңғыш лингвист-ғалым, Құдайберген Жұбановтың есімін педагогикалық институтқа беруді ұсынған алып тұлға. Мұхтар Арынның осы күнге дейін еш өзектілігін жоймастан келе жатқан рухани дүниемізді байытып, жас ұрпаққа берері мол, шоқтығы биік, мазмұны терең «Бес анық» еңбегін айтпай кетуге болмайды. Ғалым кітабында «тіл мен дінді, тарих пен дәстүрді, атамекенді бес анық» ретінде ашып көрсетеді. Бұл «Бес анық» еңбегі өз кезегінде мектеп жасына дейінгі балалар үшін де өзіндік мән-мазмұны жоғары екенін көрсетеді. Балабақшадан бастап баланың бойында тілді таза сақтап, дінге назар аударып, тарихымыз бен дәстүрімізді жатқа біліп, туған жерімізді құрметтей білуге тәрбиелеуде таптырмас құрал деп білемін.

Ғалым «Бес анық» кітабында ұлттың келбетін анықтайтын бес құндылық жөнінде жазып қалдырған. Автор көрсеткен «бес анық» деп мыналарды қамтиды: Бірінші анық – Тіл; Екінші анық – Дін; Үшінші анық – Дәстүр; Төртінші анық – Тарих; Бесінші анық – Атамекен. Шынында бұл бес құндылық қазақтың ұлт ретіндегі қасиеті мен болмысын, танымы мен тамырын, жаны мен рухын көрсетеді. Осы ауқымды еңбек келешек жастардың ішкі жан дүниесін байытып қана қоймай, рухани болмысын жетілдіре түсуге де септігін тигізері анық. Ғалым еңбегінде Бес анық, яғни, тіл, дін, дәстүр, тарих, атамекеннің мән-маңызын арттыру, қазақтың қастерлі ұғымдары арқылы келешек жас ұрпақтың бойында ұлттық сана-сезімді ояту, төл құндылықтарды қайтару мәселелері кеңінен тілге тиек етіледі.

Ғалым бес анықтың бастапқысын тіл деп қарастырған екен. Тіл – ұлттың жаны. Ғалым тілді киелі ұғым ретінде қарастырып, еліміздегі тілдің даму деңгейін айта отырып, оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу мәселесін көтереді. Біз де, болашақ жас мамандар, баламен жұмыс жасау барысында осы айтылған құндылықтарды ескеруіміз қажет. Тілге деген ерекше құрметті, өз тілімізде еркін сөйлеп, ойымызды анық жеткізе отырып, жан-жақты дамыған, құзыретті тұлға даярлауға атсалысуымыз өте маңызды.

Екінші анық – Дін. Біздің ұлт ретінде қалыптасуымыздың өзі де осы дінмен тікелей сабақтастықта дамиды. Ұлағатты ұстаз Мұхтар Арынның пікірінше, егер ұрпақ тәрбиесінде әр отбасы ислам дініндегі ұлағатты ұстанымдарды пайдаланса, жүрегі мейірімділік пен қайырымдылыққа толы ұрпақ өсірері сөзсіз деген қорытындыға келеді. Яғни, баланың бойына жас кезінен мейірімділікті, сыйластықты, иманды сіңіру қажеттігін меңзейді.

Үшінші анық ретінде ғалым дәстүрді атап көрсеткен. Еліміз өзге елдерден несімен ерекшеленеді? Әрине, ата-бабаларымыздан мұра ретінде қалған салт-дәстүрімен деп айтар едім. Қазіргі жастар кейбір салт-дәстүрлерді білмей қалатын жағдайлар кездеседі. Егер салт-дәстүріміз, әдет-ғұрпымыз жойылса, ұлт ретінде өмір сүре алмас едік. Ғалымның салт-дәстүрді үшінші анық ретінде алуының себебі де осыда деп ойлаймын. Келешек ұрпақтың салт-дәстүрді жақсы білетін және оған құрметпен қарайтын саналы, құзыретті тұлға ретінде дамуы еліміздің дамуын алға жылжытары анық. Сол себептен ата-бабаларымыздан қалған ұлттық құндылықтарды дәріптей отырып, балабақша жасынан бастап баланың құлағына сіңіріп отыру аса қажет. Еліміздегі түрлі мерекелерде ертеңгіліктер ретінде іс-шаралар өткізу арқылы салт-дәстүрді жастарға үлгі етіп отыруға болады.

Ғалым еңбегіндегі төртінші анық, ол – тарих. Еліміздің әрбір перзенті қай кезде болмасын тарихымызды білуі басты міндет деп санаймын. Ғалым М.Арынның осы тұста мына бір сөзі еріксіз ойға оралады: «Бала тәрбиесінде ата-ана балаға төл тарихын құлағына құйып өсірсе, ұлтын сүйетін отаншыл рухты азамат ретінде толық қалыптаса алады».

Бесінші анық ретінде ғалым атамекенді қарастырған екен. Туып өскен еліміз, жеріміз басты құндылық, қастерлі дүние ретінде есептеледі. Балалардың кішкентай шағынан бастап өз елін, жерін сүйіп, оған зор құрметпен қарауына аса мән берген жөн.

Қорытындылай келе, қазіргі жас ұрпақ келешек еліміздің ертеңіне айналары анық. Сондықтан да балалардың бойында адами қасиеттерді қалыптастыра отырып, шығармашыл, құзыретті, ізденімпаз, жаңашыл және рухани ішкі жан дүниесі бай тұлғаны қалыптастыру өз кезегінде өте үлкен жауаптылықты талап етеді. Осы тұста ғалым Мұхтар Арынның «Бес анық» кітабының орны ерекше. Әрбір жас буын үшін өте көп нәрсені ұқтырып, рухани дүниесін кеңейтуге септігін тигізері сөзсіз. Еліміздің басты құндылықтарын жастарға дәріптеуде, келешек шығармашыл әрі құзыретті тұлғаны қалыптастыруда берері өте мол болмақ.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология / Жалпы ред. басқ. А.Қ.Құсайынов. — Алматы, 2007.
2. Муапих Баранкулов. Газета «Актюбинский вестник». Феномен Мухтара Арына (2011).

**Kussametova G.K.**, c.p.s.  
**Bozgulanova N.Y.**, master of pedagogical sciences  
[kusametova\\_gulsum@mail.ru](mailto:kusametova_gulsum@mail.ru)  
[b.nazgul@bk.ru](mailto:b.nazgul@bk.ru)

Aktobe Regional University named after K.Zhubanov  
Department of psycho-pedagogical and special education

## PEDAGOGICAL IMAGE OF FUTURE TEACHER

**Аңдатпа.** Мақалада қазіргі таңдағы педагогикалық жоғары оқу орнында білім алушы студенттердің имиджі туралы мәселелер қарастырылады. Болашақ педагог ретіндегі студенттердің педагогикалық имиджіне мән беруі маңызды болып табылады. Кәсіби имидж мазмұны, имиджді құраушы негізгі компоненттер жан-жақты беріледі. Өзіндік имиджді қалыптастыру кезеңдері мен педагог тұлғасында болуы тиіс негізгі қасиеттер мен сапалар туралы көрсетіледі.

**Түйінді сөздер:** имидж, педагогикалық имидж, студент, мұғалімдік қызмет  
**Аннотация.** В статье рассматриваются вопросы об имидже студентов и педагогов современных высших учебных заведений. Важно, чтобы студенты как будущие учителя уделяли внимание своему педагогическому имиджу. Дается содержание профессионального имиджа, основные составляющие компоненты имиджа, основные черты и качества, которые должны быть у личности педагога и этапы формирования имиджа.

**Ключевые слова:** имидж, педагогический имидж, студент, преподавательская деятельность

**Abstract.** The article discusses the image of students and teachers of modern higher education institutions. It is important that students as future teachers pay attention to their pedagogical image. Also there are given the content of the professional image, the main components of the image, the main features and qualities that should be the personality of the teacher and the stages of image formation.

**Key words:** image, pedagogical image, student, teaching activity

The president of our state has always said in his speech: "I am convinced that you are a new generation of Kazakhstan. You must become the driving force of a new direction. The state creates opportunities for young people to acquire quality education, master the required profession, and realize their dreams. This is evidenced by world-class Nazarbayev University, Nazarbayev Intellectual Schools, Bolashak Program.

Despite the many circumstances and opportunities, some of our young people are currently choosing to choose their own profession in life. Instead of choosing the profession they want, they make a choice that depends on the effect of external influences. This will inevitably weaken some of the future industries.

One of the areas that will affect the future of the country is education. More precisely, the number of our students who are now reluctant to become a teacher in pedagogical education. What is the reason for future professionals who can not see themselves as teachers and do not have the same qualities? How can it be prevented? One of the topical issues facing the workers of modern education is the formation of their image and qualities inherent in their profession. After all, high-quality education and an experienced specialist who loves his profession are the main prerequisite to lead the country on the path of industrialization and innovative development. Without education there can be no progress in society. The basis of this education and progress is the student youth.

The student is a part of society, looking for himself, his place, seeking to be different among others, seeking to prove why he is able to others, to show his social status, which he wants to get in society. The desire to "differ from others" is manifested in all actions of the student.

Nowadays, when you come to the university you can see that students of different ages have different colors and styles. And some of them say that the place should be distinguished by knowledge and ability rather than style. It is impossible to make a one-sided decision, because at the stage of development of modern society it is necessary to maintain the appearance in the same combination with the inner world.

As part of the research topic, we conducted a survey of students of 3-4 courses of pedagogical specialties about what should be the image of the student, what qualities should have a future teacher. The survey presented the components of the main professional image that should be found in the future teacher. As a result, the answers that received the most choice from the students were as follows:




Figure 1. Top Rated Replies

The student's image is a combination of external features and internal personality qualities, which leads to the efficiency of educational activities.

The image of the student is reflected in the perception of others as a student's personality. And, no doubt, many want his image to be pleasant. However, the concept of image is always formed in different ways.

Many scientists-psychologists demonstrate 4 main parts based on the formation of a positive image of students. They:

- 1) visual reception;
- 2) intellectual reception;
- 3) status reception;
- 4) social background.

On the basis of the above criteria, it is possible to evaluate the student and determine how successful he is. The most important thing is to come to the student, that his choice had positive or negative criteria. On the one hand, the image of the student should not be boring and uninteresting. It should show not only the personality of the student, but also his inner wealth and "inner me". Lecturer and writer Brian Tracy wrote in his work: "It does not have to be hoped for that others will appreciate your appearance and personality without paying attention to your image" [1, 23]. Foreign researchers have proved that more than 80% of the effect of a person is his speech and appearance.

The student should be able to choose the image of a businessman, entrepreneur without losing his image. The image should be harmonious with the internal content, giving the true appearance of the student. Also, it is impossible to deceive yourself and others by making artificial images for others. It is not easy to find your image and yourself.

You can specify the following image components:

- 1.ability to communicate with other people, the ability to find communication;
- 2.ability to lead an active life position (to be open);
- 3.ability to show compassion and mercy;
- 4.to be able to react quickly to events and phenomena around, to be resourceful;
- 5.ability to demonstrate your ability to think and reflect in a good logical format;
- 6.formation of positive behavior;
- 7.face, facial expressions (warm flame, kind);
8. outlook style;
- 9.laugh, type of laugh;
10. the motion of the body;
- 11.the possibility of placing the personality in space;
- 12.type and color of clothing [2].

The studying period should not be spent on training only in terms of professionalism.

Being at the educational institution is an opportunity for future career-based psychological knowledge (interacting, interacting, adapting and influencing).

Professional image demonstrates professional success of the person, enhances his reputation, extends his professional career, demonstrate him as a true

professional. Success at work depends not only on the individual's qualities but also on the ability to convey it to others. In this regard, we can get "kids liked" as a pedagogical ability. Impact (Impressions) is not just a dexterity, but its reliance on the self and its attractiveness.

The first step in the sense of the necessity to make changes to the image and the conscious understanding of its formation begins with self-analysis. It consists of several stages:

Stage 1: First, the person values himself. This is a special questionnaire, and a list of questions that are conditionally divided into two categories (what I want to change and how I can do it).

Stage 2: Set goals. The purpose of the image formation is to form a positive attitude of the future student, to convince him, to listen to his tips and advice, and to make the learning process successful.

Stage 3: Planning. At this stage, a system of work that will allow to create a positive educational image will be defined.

Stage 4: Implementation of Scheduled things.

Stage 5: Evaluation [3].

The image of the student of pedagogical university should be considered along with the image of the teacher, as in the future it will be the second one.

Today Western pedagogical achievements are actively used in our education system. Various pedagogical technologies and concepts are introduced. Teachers and students can pursue different political, ideological and cultural values and attitudes. This, in turn, requires a teacher's calmness, listening to the opposite, empathy.

Increasing the prestige of teaching in the hands of teachers and students (future teachers). At the same time, the concepts of pedagogical authority and pedagogical image should not be changed. Because pedagogical authority and pedagogical image are different dynamic systems that require constant development and recognition [4, 25].

The society affects the content of the teacher, creating the requirements for the professional image of the teacher. But the teacher characteristic of each stage remains unchanged and does not change the "ideal teacher", which, in turn, will continue from generation to generation, as love, charity, sincerity, ability to communicate with children. In his work, V.M.Shepel noted: "a teacher who loves children and enthusiastically performs his work can consciously choose the behaviors necessary to work with children. The image of such a teacher is a great image " [5, 81].

Each profession has its own "non-existent" sides. Such sides exist in teachers: the Teacher should not be a uniform cold. "There should not be the phrase ordinary teacher, because the teacher can not be ordinary, and otherwise he is not a teacher. A person who aspires to enter a pedagogical university bears the responsibility to be an ideal person in the future, at least for future students, " says S.L.Soloveychik in his work [6, 52].

The teacher must be a person who can influence others well, who has a broad outlook, a culture of his own, and who can capture his appearance, literacy and humanity at once. Therefore, future teachers whose are studied in modern pedagogical universities must develop and improve their personality. The main property of the personality is always the desire for "growth". The pace of improvement will never end...

## References

1. Brian Tracy Change your mindset and you will change your life. 2009 year.
2. <http://www.scienceforum.ru/2013/304/5568>
3. <http://group-global.org/ru/publication/25471>
4. Mynbayeva A.K., Zhamankulova A. Image of a teacher and a university teacher: comparative aspect. - KazNU Bulletin. "Pedagogical science" series. No. 2 (36). 2012.
5. Shepel V. M. Home image consultant. Rostov-on-don, 2005.
6. Soloveichik S.L. Pedagogy for all : the Book. for future parents: [for a certain age] / S. 365, [2] M.: Det. lit., 1987.

**Қ.Ж. Қонысқұлқызы**

Педагогика және психология ББ 1 курс магистранты

**Ғылыми жетекшісі** - Жусупова Ж.А. п.ғ.к., доцент

Қ.Жұбанов атындағы АӨУ, Ақтөбе қ.

e-mail: [Zhanar.09.92@mail.ru](mailto:Zhanar.09.92@mail.ru)

## **БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫ ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МАМАНДЫҚ ТАҢДАУЫНА КЕҢЕС БЕРУГЕ ДАЯРЛАУ**

**Аннотация.** В статье даются теоретические основы профессиональной подготовки будущих педагогов-психологов. Изучаются направления подготовки педагогов-психологов в вузе. Анализируются особенности профессиональной деятельности педагога-психолога. Оказываются услуги будущих педагогов-психологов. В современных условиях в обществе растет потребность в компетентных специалистах в различных областях профессиональной деятельности. Изменения, происходящие в системе отечественного образования, задали несколько спорные вопросы, касающиеся этих реформ, их оценки. На сегодняшний день особое значение придается становлению и развитию профессиональной компетентности педагогов. Особенно остро встал вопрос о том, смогут ли педагоги-психологи своевременно реагировать на эти изменения, т. е. правильно определить и изменить свою позицию как субъекта образовательного

процесса, внедрить инновационную деятельность для целенаправленного развития личности обучающегося. В свете вышеизложенных проблем, в новых условиях важным является развитие профессиональных личностных качеств педагогов. Проблема совершенствования качества профессиональной подготовки педагогов-психологов, формирования их творческого потенциала, решения профессиональных задач, определения потребности в саморазвитии и самообразовании требует специального изучения.

**Түйін сөздер:** кәсіби іс-әрекет, кәсіби құзыреттілік пен сауаттылық, педагог-психологтің кәсіби іс-әрекет бағыты, педагог-психолог қызметі.

Қоғам сұраныстары мен өндіріс талаптарын қанағаттандыру мақсатында болашақ педагог-психологтарды дайындауда жаңа бағыттар айқындалып келеді. Болашақ педагог-психологтың кәсіби-тұлғалық дамуының алғышарттарының бірі өзіндік таным дамуы және өзіндік жетілдіру тілегінің деңгейі болып табылады. Жалпы алғанда болашақ маманның өзін-өзі тану әрекетін жоғары деңгейде меңгеруі өзіндік жетілу мен кәсіби даму іс-әрекетіне белсенді қосылуға мүмкіндік береді. Әсіресе, адамның үйлесімділігін қамтамасыз етуде үлес қосатын болашақ педагог-психологтардың тұлғалық қасиеттері мен кәсіби дағдыларының дамуы ерекше маңызға ие. Сондықтан тұлғалық жетілудің жоғарғы деңгейіне жетуде педагогпсихологтың практикалық кәсіби іс-әрекетінің рөлі ерекше. Осы орайда, болашақ мамандардың іс-әрекет субъектісі ретінде кәсіби дайындауда өз-өзін тану, өзін-өзі қабылдау және өзіндік жетілдіру деңгейінің рөлі өзінің маңыздылығымен алға шығады.

Болашақ педагог-психологтарды теориялық жүйелі-құрылымдық дайындау тұлғалық-кәсіби өсуіндегі жағымды өзгерістерді қамтамасыз етеді. Осы орайда, педагог-психологтың кәсіби «Менінің» қалыптасуы мен дамуы кәсіби іс-әрекеттің жүзеге асуына бағытталады. Болашақ педагог-психологтың кәсіби дамуы тұлғалық, іс-әрекеттік және әлеуметтік-мәдени өзгерістердің үздіксіз үдерісі ретінде түсіндіріледі. Бұл ерекшеліктер теориялық, практикалық білім, біліктілік, дағдының қалыптасуын қамтамасыз ететін өзіндік даму мен дайындықтың бірлігі ретінде қарастырылатын үздіксіз үдеріс. Сонымен қатар, педагог –психологтардың тұлғалық дамуының өзіндік үлгісі кәсіби маңызды қасиеттердің өзіндік бағалануын қамтамасыз етеді.

Жалпы алғанда педагог-психологтардың кәсіби құрылымы туралы сөз қозғағанда біршама қиындықтарды кездестіреміз. Себебі, бұл мәселе нақты адамның барлық өзара байланыс қосындысын шынайы детерминанттары мен дара ерекшеліктерімен негізделген. Егер шынайы жағдайдың сипатын ескерсек, онда педагог-психологтың алдында бірқатар мәселелер мен тапсырмалардың легі тұрады. Мақсат пен оның шынайы жүзеге асуына дейін келу үшін функция деп аталатын белгілі бір құрылымды орындау қажет. Бұл функцияларды субъект (белсенді), нақты адам орындайды.



Сондықтан да педагог-психологтардың өзінің функцияларын орындау қабілеті нәтижелі болуы оның бірқатар қасиеттеріне байланысты. Зерттеулерге сүйенетін болсақ, болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзырлығы білімінің, біліктілігінің, дағдыларының, психологиялық ерекшеліктерінің, кәсіби ұстанымдары мен акмеологиялық нұсқалар кешенінің қалыптасуымен сипатталады [1].

Бұл жерде білім, дағды және біліктілікті педагог-психологтың кәсіби құзырлығының рөлдік сипаттамасы ретінде ұсынуға болады. Ал, қалған құрылымдар оның субъективті сипаттамалары ретінде көрініс береді. Сонымен қатар, кәсіби құзырлықтың түрлі деңгейлеріне жету детерминанттармен анықталады. Олардың арасында кәсіби функцияларды орындау үшін қарсылық болатын дара шектеулер бар. Көптеген еңбек аймақтарындағы мамандарды дайындау практикасы мұндай бағдардың орындаушылық деңгейінің қалыптасуында көрінетін нәтиженің жеткілікті түрде жоғары нәтиже беретінін анықтаған [2]. Психологияның объектісі адам болғандықтан педагог-психолог маманды дайындауда психикалық әлем туралы жаңа білімді алуға бағытталған интеллекттің негізгісі ретінде сипатталатын креативтіліктің дамуы мен шығармашылық ізденіске деген бағдар беру жеткіліксіз.

Болашақ педагог-психологтардағы адамға деген қатынасты жоғарғы құндылық ретінде қалыптастыру мәнді болып табылады. Мұндай нәтижеде адамның ішкі әлемімен жұмыстың механизмі мен заңдарына тереңдеп бойлауы жоғары адамгершіліктік императивпен анықталады. Осындай жолмен, зерттеуші педагог-психологтың кәсіби интеллектісінің маңыздылығы мен оның жұмысының жалпы гуманитарлық бағыттылығы бір-бірімен тығыз байланысты болып келеді. Сондықтан, ғалым В.А. Пономаренко пікірінше анық профессионал үшін рухани кеңістік – метафора емес, ол өзінің арұятының өзара қатынасының әлеуметтік шындығы болып табылады [3]. Мұның өзі профессионалды маманнан айырып тұратын жүйелі қасиет. Өзінің іс-әрекеті ретінде педагог-психолог мамандығын таңдап алған адамдар қарапайым маманнан жоғары деңгейдегі профессионалға дейінгі кезеңдегі оның жүзеге асу үшін қажет әдістемелік түр-пішіндерді және әрбір сатының мазмұнды толықтырылуын жақсы түсіну керек.

Ең бастысы педагогика және психологиялық білім беретін жоғары мектепте интеллектісі жоғары, өзге адамның ішкі әлеміне деген қызығушылығы бар жастар баруы қажет. Олар үшін өзге адам – өмірдегі басты құндылықтардың бірі болуы маңызды шарт. Психиканы тереңірек зерттеу, адамдарға еңбекті, танымды, қарым-қатынасты саналырақ құруға көмектесу қабілеті бар жастар педагогика және психология бөлімдеріне тапсырғандары абзал. Педагогика және психологиялық бөлімдерде оқу жоспарларының бір-бірімен тығыз байланысты пәндердің мазмұны бір ортақ жүйеге қосылатын болуы қажет. Олардың жүзеге асуы оқу үдерісі арқылы болашақ мамандарға адамның барлық бағыттардағы тұлғасы мен даралылығы мектептегі тәрізді емес, шындығында ғылымдағы өз

өңделушілерін тосудағы шешілмеген мәселелердің көптігі туралы да айтылған жөн. Оқу материалының осындай түрде берілуі әрбір болашақ маман тұлғасындағы шығармашылық бағыттылықтың қалыптасуының іс жүзінде жүзеге асуын білдіретін барлық оқытушылардың оқу жұмысының стилінде өз көрінісінің міндетті түрде табылуы таңқаларлық жайт емес.

Әрине, егер болашақ маман олардың алдында тұрған тапсырмалардың шешілуіне деген қызығушылықтың жоғарылауы ғана емес, өз бетімен мәселені тауып қана қоймай, оны адекватты шешуде құралдарды қолдану мүмкіндігін беретін профессионал-зерттеуші интеллектісін қалыптастыратын күрделенген тапсырмаларды орындауға үйренбесе, тек осы мақсаттың ғана жүзеге асуы жеткіліксіз болады. Практика көрсеткендей, кәсіби білім беруді дұрыс ұйымдастыру болған кезде олар бұл рөлді бөлшектеп орындайды. Бірақ толығымен іс сәтті болу үшін оқу үдерісіндегі әрбір бөлім болашақ маманға тапсырманың шешілуі үшін қажет құралдардың байытылуы, қаталдықтың болуы маңызды. Болашақ мамандарды дайындауда жаңаша білім беру – жаңа білім мен дағдыны меңгерген, шығармашылық қабілеті жоғары, дербес ізденіс нәтижесінде елеулі мәселелердің шешіміне қол жеткізетін, ойлау қабілетімен ерекшеленетін тұлғаны қалыптастыруды көздейді. Осы орайда, болашақ педагог-психологтарды дайындауда жаңа бағыттарды анықтау қажеттілігі туындайды. Болашақ педагог-психолог маманның сапалық сипаттамалары және олармен анықталған және университет алдында тұрған білім берушілік міндеттер бүгінгі жоғары мектепте маманның кәсіби дайындығы жүйесінің негізгі ұстанымдарының сипатын анықтайды.

Олар ұстанымдардың бір қатарын айқындайды. С.И. Гессен жоғары мектепте білім берудің негізгі ұстанымдарын анықтайды [4]. Оларға мыналар енгізіледі:

1. Университетте ғылыми білімнің толық болуы;
2. Дәріс беру және оқыту үдерісіндегі еркіндік және шығармашылық рухы;
3. Оқытушылар мен ғалымдарды дайындау жолымен университеттің өзі-өзі тәрбиелеуге қабілеттілігі. Өз мәнісінде жоғары мектеп аталмыш ғалымның көзқарасы бойынша ешқандай билікке төзбейтін ғалымдардың одағы болып табылады. Қазақстандық зерттеушілер жоғары мектепте білім беру ұстанымдарының маңыздылығын ерекше көрсетеді.

Олар бүгінгі жоғары мектепте мамандарды дайындау жүйесінің төмендегідей негізгі ұстанымдарын анықтайды:

- білім беру мазмұнының ғылыми іргелілігі мен жүйелілігі ұстанымы;
- білім берудің қол жетерлік ұстанымы;
- ғылым мен өндіріспен алынатын білім жүйесінің кешенділік және кіріктірілген ұстанымы;
- мамандар дайындаудың жаңашылдық және ақпараттылық бағдарлаушылық принципі;
- білім берудің болжаушылық және жан-жақтылық принципі;

- кәсіби құзырлылықтың көпнұсқалылығы және таңдамалық ұстанымы;
- алынатын біліктіліктің қолданбалы нәтижелілігінің ұстанымы;
- білім беру мазмұны мен құрылымының көпдеңгейлі және үздіксіздік ұстанымы;
- біліктілік сертификатымен әр баспалдағының кәсіби аяқталу немесе академиялық ұстанымы;
- білім беру мақсаттарының әлеуметтік экономикалық айқындаушылық ұстанымы;
- оқу үдерісін ұйымдастырудың проблемалылығының және интерактивтілігінің ұстанымы;
- білім беруді гуманизациялау ұстанымы;
- оқыту үдерісінде ынтамақтастық пен серіктестік ұстанымы;
- білім беру мазмұнының коммуникативтік мәдениетаралық ұстанымы;
- мамандардың кәсіби және академиялық біліктілігінің халықаралық-мәртебелік деңгейін қамтамасыз ету ұстанымы;
- бағдарлаушылық көзқарасы ұстанымын айтамыз;
- оқытуда жеке және тұлғаға бағытталған көзқарас ұстанымы.

Осы ұстанымдар кез-келген жоғары мектепке лайықты, бірақ ғылым мен университеттік білім беру түсінігі тарихи тұрғысынан өзгеріп тұрды. Олардың көзқарасын қолдай отырып, маңызды ұстаным ретінде болашақ мамандарды оқытудағы, тәрбиелеудегі, дамытудағы тұлғаға бағытталған ұстанымды айтамыз. Педагог-психолог мамандарды дайындауда олардың психологиялық сауаттылығы мен құзіреттілігі мәселесінің маңызы өте зор. Өйткені, мектепте педагог-психолог қызметінің басым бағыты психологиялық арнада жүргізіледі. Басқа ғылымдар арасында психология ғылымының маңыздылығы туралы айтатын болсақ, басқарушылық қызметтегі адамдармен қарым-қатынас 80 пайызды құрайды, «адам-машина» жүйесіндегі апаттардың 70 пайызы операторлардың кінәсінен болады. Бүгін ел нарықтық қатынастарға ауысып, психология ғылымының жаңа бағыттары пайда болып, даму үстінде: нарық психологиясы, бизнес психологиясы, ақша психологиясы, жарнама психологиясы, кәсіпкерлік психологиясы және т.б. Психологиялық білімдер саясаткерлерге, менеджерлерге, дәрігерлерге, заңгерлерге, педагогтарға, инженерлерге қажет. Қазіргі күні кадрлық менеджменттегі психодиагностиканы қолдану маңыздылығына тоқталып кеткеніміз дұрыс болады, мысалы, коммуникативтік қабілеттер менеджер іс-әрекетінде үлкен маңыздылыққа ие. Белгілі шетел ғалымы Д. Голланд тұлғаның белгілі бір мамандыққа сәйкес келуін анықтау әдістемесінің авторы болып табылады [5]. Оның пікірінше вербальды белсенділіктің жоғарыдеңгейі кәсіпкер типіндегі тұлғаның маңызды қасиеті болып табылады (J. Holland, 1973). Сондықтан да коммуникативтік қабілеттерді диагностикалаудың кадрлық менеджментте маңызы зор.

Психикалық құбылыстармен барлық мамандар кездеседі (психикалық бейнелер және ұғымдар, түйсіктер мен қабылдаулар, есте сақтау және ойлау қабілеттері, зейін мен ерік, эмоция мен түс көру, тұлғаның қасиеттері мен

күйлері). Психология адам белсенділігінің, яғни, оның мінез-құлығының, қарым-қатынасының, іс-әрекетінің заңдылықтарын ашады. Психология басқа адамның мінез-құлығына әсер етудің жолдарын анықтап, өзін-өзі басқаруы бойынша нұсқаулар жасайды. Ол адам интеллектісі мен қабілеттерін, индивид қасиеттері мен топтарын анықтаудағы әдістерін береді. Зерттеулерге сүйенетін болсақ, адам өз «Менін» және қоршаған ортаны бейнелей отырып, өз белсенділігін реттейді, үнемі психикалық құбылыстарға енеді. Дегенмен, оны ол саналы түрде ұқпайтын сәттері жиі болады.

Психология пәні көптеген өмірлік ұғымдарды бітірушінің сөздік қорына енгізеді. Университеттік білімі бар адам үшін бүгінгі күні «психика», «қабылдау», «мотив», «қарым-қатынас» деген сөздерді білмеуге болмайды. Сондықтан да ХХІ ғасырда психология ғылым ретінде өзекті болады. Психологиялық емес мамандарға қолданбалы психологиялық пәндер оқытылмайды: «Басқару психологиясы», «Қарым-қатынас психологиясы», «Кәсіби іс-әрекет психологиясы», «Жетістік психологиясы», «Заң психологиясы», және т.б. Қазіргі жағдайда оқытудың психологиялық аспектілерін күшейту проблемасы өзекті болатындығы да сондықтан да. Бұл мәселенің шешімін мына топтамада көрсетуге болады: 1-ден, педагогика және психология пәндерін ажырату қажеттілігі бар; 2-ден, оқу бағдарламаларында психологиялық пәндердің тізімін кеңейту қажеттілігі бар; 3-ден, сабақтарға қолдау көрсету негізінде психологиялық әдістемелік әдебиеттері мен құралдары керек.

Психологиялық-педагогикалық тәжірибеде ойлау процесінде логикалық операцияларының бар жиынтығы пайдаланылмайды: салыстыру, абстракциялау мен нақтылау, жалпылау. Сабақтарға қызығушылық тудыратын тәсілдері қолданылмайды: нақты есте қаларлық мысалдар мен фактілер, цифрлар мен бағдарлар; оқу қиыншылықтарын құру; студенттердің таным іс-әрекеті белсенділігін қалыптастыратын оқытушының оқу іс-әрекеті тәсілдерінің көптүрлілігін пайдалану және т.б. Қызығушылықтың пайда болуының мәнді факторы ретінде оқу материалының эмоциялық жағы қарастырылады, осы мәселелер шешімінің болашақ іс-әрекетпен байланыстылығын көрсету маңызды. Болашақ педагог-психологтарды даярлауда жоғары эмоциялық тітіркену, стресс жағдайларын азайтуды көздейтін іс-әрекеттерді, психологиялық кеңес беру мен психокоррекцияны жүргізе алатын дағдыларды дамыту жұмыстарын басты назарда ұстау қажет.

Психологиялық қызмет жоғары оқу орындарының отбасы, басқа әлеуметтік институттарымен бірлесіп болашақ маманның моральдық құндылықтарын қалыптастыру мақсатында олардың күштерін реттеуге мүмкіндік береді. Өмір қазіргі күні әрбір қадамды психологтың нұсқауларымен салыстыруды талап етеді. Осы ереженің сақталуы болашақ маманды дайындаудың деңгейін көтереді, олар қазіргі үнемі күрделену үстіндегі талаптарға сай болар еді. Педагог-психолог қызметінің ең бірінші

бағыты психодиагностикалық деп аталады. Психодиагностикалық жұмыстарда әрбір жас кезеңдеріндегі оқушылардың өзіндік психикалық процестерінің даму ерекшеліктерін түрлі зерттеу әдістері мен зерттеу әдістемелерін қолдана отырып анықтайды. Психодиагностикалық жұмыстарды мектеп психологы мынадай мақсатта жүргізе алады: 1) Оқушылардың психикалық дамуы оның жас ерекшеліктеріне сай келе ме? Әрбір оқушымен жеке жұмыс жүргізу мақсатында олардың қабілетін ерте анықтау үшін психологиялық зерттеулер жүргізеді;

2) Балалардың жас дамуынан төмен психикалық ауытқушылықтарының себептерін, мінез-құлықтың бұзылу себебін анықтауға арналған диагностикалық зерттеулер жүргізеді;

3) Оқушылардың ересектермен (мұғалім, ата-ана), өз құрбыларымен қарым-қатынасының мазмұнын, қарым-қатынастың бұзылуының кейбір психологиялық себептерін анықтауға байланысты жұмыстар жүргізеді. Педагог-психологтың келесі іс-әрекеті психопрофилактикалық бағыт. Психопрофилактикалық (алдын алу) жұмыстар жүргізудің мақсаты мектеп мұғалімдеріне жүйелі түрде психологиялық кеңестер бере отырып, олардың психологиялық сауатын көтеру. Оқушыларда кездесетін психикалық ауытқушылықтың алдын алу шараларын жүргізу, бала психологиясындағы өзгерістер туралы ата-анаға дер кезінде психологиялық кеңестер беріп, олардың алдын-ала сақтандырып отыру.

Мектеп жағдайындағы психопрофилактикалық жұмыстарға жататындар:

– балалардың мектептегі оқуға психологиялық даярлығын анықтау (ес, зейін, ерік, ойлау, сөйлеу, қабылдау т.б.);

– бастауыш сынып оқушыларының мектептегі оқуға тез бейімделуін анықтап, ата-аналар мен педагогтарға ұсыныстар беру;

– оқушылардың сыныптан сыныпқа көшу барысындағы психологиялық ерекшеліктеріне зерттеу жүргізіп, психологиялық кешеуілдеу мен ауытқушылықтарды анықтап, оны жоюға бағытталған шаралардың бағдарламасын жасау;

– оқушылардың әрбір психикалық процестерінің, сезімі мен еркінің, қабілеті мен мінезінің дамуына үзбей зерттеу жүргізіп, ұсыныстар беру;

– арнаулы бағдарламамен жұмыс жүргізуді қажет ететін оқушылар үшін пән мұғалімдерімен бірлесе отырып, арнаулы бағдарламалар дайындау;

– интернат типіндегі мекемелерге қабылданатын оқушылар үшін арнайы психологиялық зерттеулер жүргізіп, олардың өзіндік ерекшеліктерін анықтау;

– оқушылардың тұрмыс жағдайларына, оқу тәрбие үдерісінің ерекшеліктеріне (күрделілік, олқылықтар, мұғалімнің өзіне тән психологиясын түсінбеу т.б.) байланысты олардың жүйке жүйесінің бұзылуының алдын алу;

– педагогикалық ұжымда үйлесімді психологиялық ахуалды қалыптастыру, педагогтар мен оқушылардың, ата-аналар мен педагогтардың

арасында сенімді байланысты қалыптастырып, психологиялық ынтымақтастықты орнату.

Педагог-психолог психопрофилактикалық жұмыстарды жүргізу үшін сынып жетекшілермен бірлесе отырып, оқушылар туралы мәліметтер жинақтайды: дарынды оқушылар; озат оқушылар; үлгермеуші оқушылар; «тәуекел топтағы» оқушы мәселесі. Сабақтарға қатысады:

- оқушылардың жалпы білім деңгейін анықтау мақсатында;
- оқушылардың психикалық процестеріне, мінез-құлық, темперамент ерекшеліктеріне зерттеу жүргізу мақсатында;
- педагогтарға педагогикалық - психологиялық ұсыныстар беру мақсатында.

Оқудан тыс шаралар ұйымдастырады:

- педагогтар үшін психотерапиялық ойындар мен тренингтер өткізу;
- педагогикалық-психологиялық консилиумдар өткізу;
- IX-XI сынып оқушыларының кәсіби бейімділігін зерттеу;
- оқушылардың жеке психологиялық ерекшеліктерін зерттеу;
- педагогтар үшін психологиялық мазмұнда тұрақты семинарлар өткізу.

Психопрофилактикалық жұмыс түрлері: психологиялық сауаттандыру, психологиялық кеңес беру, педагогикалық-психологиялық консилиум. Психологиялық-педагогикалық кеңес беру – бұл педагогтардың кәсіби және мектеп өмірімен байланысты мәселелерін шешуге бағытталған, мұғалімдерді біріккен іс-әрекетке ұйымдастыратын әмбебап жұмыс формасы. Жекелеген оқушылар мен оқушылар тобына байланысты оқыту, жүріс-тұрыс және жеке адамаралық қатынас мәселелері бойынша педагогтарға кеңес беру, маңызды жұмыстардың бірі ретінде саналады. Педагог-психологтың психокоррекциялық (түзетім, дамыту) жұмыстарына тоқталамыз. Мектеп педагог-психологының дамытушы іс-әрекеті оқушылардың бірегей психологиялық дамуы үшін әлеуметтік-психологиялық шарттарды құруға бағдарланады. Ал психокоррекциялық іс-әрекет осындай даму үдерісі барысында оқытуда, жүріс-тұрыста және психикалық өзін-өзі сезінуде кездесетін мәселелерді шешуге бағытталады. Нақтылы жұмыс формасы психодиагностиканың нәтижелерімен анықталады. Бірінші жұмыс формасы даму деңгейімен өзекті қалпы күрделі психологиялық міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін оқушылармен жұмыс істеуге бағдарланса, екінші форма дамуда, жүріс-тұрыста, психикалық өзін-өзі сезінуде анықталған психологиялық мәселелермен жұмыс атқаруға бағдарланады.

Коррекциялық дамыту жұмысы мектеп педагог-психологының балалармен, жасөспірімдермен жұмыс атқаруындағы негізгі бағыт болып саналады. Психодиагностика бұл жұмысты жүргізудегі негізгі ұйымдастырушы болып саналады. Бұл бағыттың негізгі принципі, оның мазмұны мен ұйымдастырылуында жатқан бірегейлілігі. Басқаша айтқанда коррекциялық-дамыту жұмысының мазмұны бала мен жасөспірімнің тұлғасына бірегей әсерді қамтамасыз ету керек. Баламен жұмыс жасауда оның толық тұлғасымен, ішінде мотивациялық, эмоциялық және басқа да

өрістерінің көрінісімен бірге жүйелі түрде атқарылу керек. Мектептегі түзетуші-дамытушы жұмысты құруда арнайы талаптарды ұстану керек. Ең алдымен бала не жасөспірім бұл жұмыстарға ерікті түрде қатысуы керек. Ал, бұл жұмыс бастауыш сынып оқушыларымен және де 5-6 сыныптармен жүргізілетін болса, олардың ата-аналарының келісімін алған дұрыс болады. Коррекциялық-дамытушы жұмыстың мазмұнын жоспарлауда тек қана қажеттілік, құндылық ерекшеліктеріне байланысты жас кезеңдерінің көріністерімен қатар, оқушының әлеуметтік және мәдени ортасының, жеке ерекшеліктерін ескеру керек.

Сонымен қатар, мектепте жүргізілетін түзетуші-дамытушы жұмыстың әдістері мен формаларының бірегейлігі мен жалғастығы туралы ұмытпау керек. Енді мектеп педагогпсихологының коррекциялық және дамытушы іс-әрекетіне толығырақ сипаттама берейік. Мектеп тәжірибесіндегі дамытушы жұмыс дәстүрлі түрде баланың өзіндік сана-сезімі мен психологиялық өмірінің әлеуметтік, эмоциялық жеке адамдық, танымдық өрістеріне бағдарланады. Мұндағы жұмысдәстүрліформада жүзеге асырылуы мүмкін. Мысалға, психологиялық дамытушы ортаны ұйымдастыру. Мұндай жұмыс педагог-психолог пен оқушының сабақтан тыс уақытында ұйымдастырылуы мүмкін (тренингтік, дамытушы, оқытушы жұмыстар). Сонымен қатар, мұндай ортаны сабақ үстінде, тәрбиелеу үдерісінде және сабақтан тыс уақытта, психологиялық дамытушы технологияларды қолдана отырып құра алады.

Сонымен қатар, психологиялық дамытушы орта ретінде, оқытушы психодиагностика, басқаша айтқанда, әртүрлі психодиагностикалық шаралардың мәліметтерін педагог-психологпен біріге отырып талдау арқылы жасөспірімдер мен жастық шақтағы оқушылардың өз-өздеріне дамыту мен тануы. Оқу іс-әрекетінде дамытушы жұмысты педагог-психолог жанама түрде жүргізе алады. Ол педагог-психолог пен педагогтың біріге отырып, балалардың психикалық әлемдерінің әртүрлі жақтарын ескеретін, оқу үдерісіне енгізілетін формалар арқылы көрінеді. Мектеп тәжірибесіндегі психокоррекциялық жұмыс жоғарыда айтылғандай әртүрлі психологиялық қиындықтары, мәселелері бар оқушыларды анықтап, сол мәселелерді шешуге бағдарланады. Педагог-психолог үлкен топпен жұмыс атқаратындықтан, әрбір баланың мәселесіне байланысты даралық түзету бағдарламасын құрай алмайды.

Ең алдымен бағдарлама жас ерекшеліктерін және осы жаста көптеп кездесетін мәселелерді ескере отырып, құрылуы керек. Әрине, мектеп педагог-психологы баланың барлық мәселелерімен жұмыс істей алмайды. Мектеп педагог-психологының біліктілігі мен жұмыс ауырлығын ескере отырып, оның міндетіне дамытушы жұмыс пен мектепке бейімделу мен танымдық өрісінің мәселелерін шешуге бағытталған түзету жұмыстарын ғана атқарады. Ал басқа мәселелерді шешу мүмкіндігі педагог психологтың жеткілікті түрде дамыған кәсіби дағдыларына байланысты. Психокоррекциялық жұмыс топтық және даралық түрде де жүргізіледі.

Мұндағы нақтылы жұмыс формасын таңдау баланың жас ерекшелігіне, мәселенің сипатына байланысты болады. Сонымен қатар, бірегейлік принципін ұстану өте маңызды болып саналады.

Педагог-психологтың әлеуметтік-диспетчерлік жұмыстары: әлеуметтік диспетчерлік іс-әрекет оқушыларға, ата-аналарға және педагогтарға, мектеп педагог-психологының кәсіби құзыреттілігі мен қызметтеріне кірмейтін әлеуметтік психологиялық көмек алуына бағытталады. Диспетчерлік қызметті жүзеге асыру үшін, педагог-психологта кәсіби қызмет көрсететін әртүрлі әлеуметтік психологиялық қызметтердің мәліметтері туралы ақпараты болуы керек. Педагог-психолог бұл бағытта іс-әрекет атқаруда мынадай міндеттерді шешеді: туындаған мәселенің сипаты мен оны шешу мүмкіндіктерін анықтау; көмек көрсетуде қабілетті маманды іздеу; клиентпен қарым-қатынас орната білуге қатысу; арнайы құжаттарды дайындау; клиент пен маманның өзара әрекетінің нәтижелеріне бақылау жасау; маманмен жұмыс жасау үдерісінде клиентке психологиялық көмек беруді қамтамасыз ету.

Басқаша айтқанда педагог-психолог жұмысты басқа маманға бере отырып, баланы оқыту мен дамытудағы өз қатысуының жауапкершілігін алып тастамайды. Оның қызметтері сол қалпында қалады, тек жұмыстың қалпы мен мазмұны өзгереді. Жоғарыда атап өткен педагог-психологтың қызмет бағыты жоғары оқу орындарында маман дайындаудың негізі болуы тиіс. Сондықтан жоғары мектепте болашақ мамандарды дайындауда әрбір оқу пәндері мен практика мазмұнын осы бағыттардың шеңберінде құру маңызды.

**Қорытындылай келе,** қазіргі жағдайда жоғары кәсіби құзыретті, білім, білік және дағдылары қалыптасқан маманды дайындауда бірінші орында оқу пәндерінің мазмұнына, оқытудың тәсілдері мен әдістерін таңдауға ерекше талап қойылып отыр. Білім беру үдерісін бүгінгі күн талабына сай жаңаша ұйымдастыру ғалымдардан оның философиялық, педагогикалық-психологиялық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін терең зерттеуді, заманауи талаптарына қарай білім беру технологиялары мен әдістерін, дүниетанымның ұстанымдарын қайта қарастыруды, рухани-адамгершілік құндылықтарға бетбұрыс жасауды талап етеді. Сондықтан, болашақ педагог-психологтарды дайындауда жоғарыдағы мәселені назарға ала отырып, олардың «педагогпсихолог-ғалым», «педагог-психолог-оқытушы», «педагог-психолог-практик», «педагог-психолог-әдіскер» ретіндегі қызмет аймағын анықтау қажеттілігі алға шығады.

### **Әдебиеттер:**

- 1 Успенский В. Б., Чернявская А. П. Введение в психолого-педагогическую деятельность. – М.: Владос. – 2004. – С. 176.
- 2 Кукушин В.С. Введение в педагогическую деятельность. – Мәрт. – 2005. – С.255.



- 3 Пономаренко В.А. Психология духовности профессионала. – ИПАН РАН-М., 2004 – С.162.
- 4 Гессен С.И. <http://www.twirpx.com/file/779791/>
- 5 Голланд Д. <http://azps.ru/tests/golland2.html>
- 6 Педагог-психолог қызметін ұйымдастыруға арналған материалдар жинағы. Құрастырғандар: Чагай Р.П., Аяғанова А.Ж., Асқаров С.Қ. – Қызылорда, 2013, ж-Б.200.
- 7 Мажитова, Л. Х. Особенности профессиональной ориентации школьников в системе" школавтуз" [Текст] : депонированная рукопись / Алматы 1994. 9 с.
- 8 Өстеміров. К. Кәсіптік оқыту әдістемесі.//Оқулық-Алматы «РАДиАЛ» баспасы, 2006ж.33-33б.

**БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ДӘСТҮРЛЕР ЖӘНЕ  
ИННОВАЦИЯЛАР  
ТРАДИЦИИ И ИННОВАЦИИ В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ  
TRADITIONS AND INNOVATIONS IN THE EDUCATION SYSTEM**

---

**Момбаев К. Ж.**, магистр, аға оқытушы

**Курмашова Г.С.**, магистр, оқытушы

*(Тараз, Қазақстан)*

М.Х.Дулата атындағы Тараз өңірлік университеті

e-mail: [kaira\\_kz@list.ru](mailto:kaira_kz@list.ru)

**БІЛІМ БЕРУДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ  
ТЕХНОЛОГИЯЛАР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Аннотация** мақалада ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ), олардың жіктелуі мен сипаттамалары қарастырылады, өйткені ақпараттық қоғамды құру мен дамыту олардың білім беруде кең қолданылуын болжайды. Цифрлық білім беру ресурсын, электронды көрнекі құралдар кітапханасын және олардың мақсаттарын, міндеттерін, компоненттері мен мазмұнын сипаттайды.

**Тірек сөздер:** АКТ, білім беру, оқыту, технология, тәжірибе

**Аннотация** в статье рассматриваются информационные и коммуникационные технологии (ИКТ), их классификация и характеристики, поскольку создание и развитие информационного общества предполагает их широкое использование в образовании. Описывает цифровые образовательные ресурсы, библиотеки электронных наглядных пособий и их цели, задачи, компоненты и контент.

**Ключевые слова:** ИКТ, образование, обучение, технологии, практика

**Summary** in the article discusses information and communication technologies (ICT), their classification and characteristics, since the creation and development of the information society involves their widespread use in education. Describes digital educational resources, electronic visual aids libraries and their goals, objectives, components and content.

**Keywords:** ICT, education, training, technology, practice.

Ақпараттық қоғамды құру және дамыту бірқатар факторлармен анықталатын білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) кеңінен қолдануды болжайды.

Біріншіден, АКТ-ны білім беруге енгізу адамзаттың жинақталған технологиялық және әлеуметтік тәжірибесінің ұрпақтан ұрпаққа ғана емес, сонымен қатар бір адамнан екіншісіне ауысуын едәуір жеделдетеді.

Екіншіден, қазіргі заманғы АКТ оқыту мен білім берудің сапасын арттыра отырып, адамға қоршаған ортаға және болып жатқан әлеуметтік өзгерістерге сәтті әрі тез бейімделуге мүмкіндік береді. Бұл әр адамға бүгін де, болашақ постиндустриалды қоғамда да қажетті білімді алуға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, білім беруде осы технологияларды белсенді және тиімді енгізу - қазіргі заманғы индустриалды қоғам талаптары тұрғысынан дәстүрлі білім беру жүйесін реформалау процесі мен ақпараттық қоғам талаптарына сәйкес келетін білім беру жүйесін құрудың маңызды факторы болып табылады.

АКТ-ны оқыту үрдісіне енгізудің маңыздылығы мен қажеттілігі туралы халықаралық сарапшылар ЮНЕСКО дайындаған және өткен мыңжылдықтың соңында «Business Press» агенттігі жариялаған «1999-2000 жж. байланыс және ақпарат туралы дүниежүзілік есепте» атап өтілді. Баяндаманың кіріспесінде ЮНЕСКО-ның бас директоры Федерико Майор жаңа технологиялар «Білім, ғылым, мәдениет және коммуникация жетістіктерінен барлығына пайда болатын жақсы әлем құруға» ықпал етуі керек деп жазады. АКТ осы салалардың барлығына әсер етеді, бірақ, мүмкін, олардың білім берудегі ең жағымды әсері бар, өйткені олар «оқыту мен оқудың мүлдем жаңа әдістерінің мүмкіндігін ашады».

#### *Ақпараттық қоғамға жету жолында АКТ енгізу кезеңдері*

Компьютерлік технологиялар қызметінің барлық салаларына жаһандық жаңалық енгізу, жаңа коммуникациялар мен жоғары автоматтандырылған ақпараттық ортаны қалыптастыру дәстүрлі білім беру жүйесін өзгертудің бастамасы ғана емес, сонымен қатар ақпараттық қоғамды қалыптастырудың алғашқы қадамы болды.

Қолданыстағы білім беру жүйесін, оның ішінде ресейлік жүйені реформалаудың маңыздылығы мен мақсаттылығын анықтайтын негізгі фактор - ХХІ ғасыр адамзат алдында туындаған негізгі сын-қатерлерге жауап беру қажеттілігі: қоғамның білімге және жоғары тиімді ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларға негізделген жаңа даму стратегиясына көшу қажеттілігі; біздің өркениетіміздің білім негізінде қалыптасатын тұлғаның қабілеттері мен қасиеттеріне түбегейлі тәуелділігі; қоғамды шынайы білім негізінде және АКТ-ны тиімді пайдалану негізінде ойдағыдай даму мүмкіндігі; ұлттың әл-ауқатының деңгейі, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі мен білім беру жағдайы, АКТ қолдану арасындағы ең жақын байланыс.

Компьютерлерді білім беруде қолдану ақпараттық білім беру технологияларының жаңа буынының пайда болуына әкелді, бұл білім беру сапасын арттыруға, білім беруге әсер етудің жаңа құралдарын жасауға және оқытушылар мен студенттерге компьютерлермен тиімді өзара әрекеттесуге мүмкіндік берді. Көптеген сарапшылардың пікірінше, компьютерлік құралдарға негізделген жаңа ақпараттық білім беру технологиялары сабақ тиімділігін 20-30% арттыра алады. Компьютердің білім беру саласына енуі

дәстүрлі оқыту әдістері мен технологияларын және бүкіл білім беру саласын революциялық қайта құрудың бастамасы болды. Бұл кезеңде коммуникациялық технологиялар маңызды рөл атқарды: телефондық байланыс, теледидар, ғарыштық байланыс, олар негізінен оқу процесін басқаруда және қосымша білім беру жүйесінде қолданылды.

Заманауи телекоммуникациялық желілердің пайда болуы және олардың ақпараттық технологиялармен конвергенциясы, яғни АКТ-ның пайда болуы алдыңғы қатарлы елдердің жаһандық технологиялануының жаңа кезеңі болды. Олар ақпараттық саланы құруға негіз болды, өйткені компьютерлік жүйелер мен ғаламдық телекоммуникациялық желілердің бірігуі бүкіл адамзат баласын байланыстыратын планеталық инфрақұрылым құруға және дамытуға мүмкіндік берді.

АКТ-ны ойдағыдай жүзеге асырудың мысалы ретінде Интернеттің пайда болуы болды - бұл ақпаратты жинау және сақтау, оны әр пайдаланушыға жеке-жеке беру мүмкіндігі бар дерлік шексіз ғаламдық компьютерлік желі.

Интернет ғылымда, білім беруде, коммуникацияда, бұқаралық ақпарат құралдарында, соның ішінде теледидарда, жарнамада, коммерцияда және адам қызметінің басқа салаларында жылдам қолданысқа ие болды. Интернетті білім беру жүйесіне енгізудің алғашқы қадамдары оның дамуының орасан зор әлеуетін көрсетті. Сонымен бірге, олар білім беру ұйымдарында желіні кеңінен қолдану үшін еңсеру керек қиындықтарды анықтады. Бұл дәстүрлі технологиялармен салыстырғанда оқытуды ұйымдастырудың едәуір жоғары құны, бұл көптеген техникалық (компьютерлер, модемдер және т.б.), бағдарламалық жасақтаманы (оқыту технологияларын қолдау) құралдарын пайдалану қажеттілігімен байланысты, сонымен бірге қосымша ұйымдастырушылық-әдістемелік құралдарды (студенттер мен оқытушыларға арналған арнайы нұсқаулар және т.б.), жаңа оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарды және басқаларын дайындау, Интернетті білім беруде, әсіресе Қазақстанда қолданудың қазіргі кезеңі эксперименталды болып табылатынын атап өткен жөн. Тәжірибе жинақтау процесі жүріп жатыр, білім беру сапасын арттыру жолдары ізделуде және әр түрлі оқу процестерінде АКТ-ны қолданудың жаңа түрлері. Білім беруде АКТ-ны игерудегі қиындықтар оларды осы салада қолданудың әдіснамалық негіздерінің ғана емес, сонымен қатар білім беру үшін АКТ-ны дамыту әдістемесінің жоқтығынан туындайды, бұл оқытушыны іс жүзінде тек жеке тәжірибесі мен жеке тәжірибесіне назар аударуға мәжбүр етеді.

Заманауи АКТ-ны енгізудің күрделілігі сонымен қатар оларды дамыту мен енгізудің дәстүрлі тәжірибесі ақпараттық және телекоммуникациялық жүйелерді құру мен пайдалану идеологиясына негізделетіндігімен анықталады: байланыс, әскери-өндірістік кешен, авиация және астронавтика. АКТ-ны белгілі бір қолдану саласына бейімдеуді конструкторлық бюролар мен ғылыми-зерттеу институттарының осындай технологияны дамытуда мол

Мектеп жасына дейінгі эмоциялық орталықсыздандырудың, эмпатияның, эмоциялық өзін-өзі реттеудің болмауы Г.М. Бреслав мектепке дейінгі жастағы балалардың эмоционалдық қолайсыздығының ең маңызды факторы ретінде қарастырылады.

Е.И. Изотова, Е.В. Никифорова мектепке дейінгі жастағы эмоционалдық децентрацияның дамуы негізінде позициялық эмоционалдық ауысудың психологиялық феномені жататынын атап өтті. Эмоционалдық децентрация механизмінің қалыптасуы эгоцентризмді жеңу және қақтығыс, салыстыру және баланың өз ұстанымынан өзгеше ұстанымдармен интеграциялау нәтижесінде субъект позициясының өзгеруі шамасына қарай жүреді [10,б.79]. Бұл ретте эмоциялық орталықсыздандыру және оның салдары ретінде эмпатиялық эмоцияларды әлеуметтендірудің орталық феномені ретінде қарастырылады. Демек, эмоциялық орталықсыздандырудың пайда болуы мектеп жасына дейінгі кезеңде баланың әлеуметтік эмоциялары аясында маңызды орын алады.


Т.П. Гаврилова, Ю.А. Менджеричкая, Т.А. Гайворонский және т.б. зерттеулерде эмпатия, басқалардың ішінде балалардың адамның эмоциялық жағдайын дұрыс тану қабілетіне қалыптасатыны айтылған болатын. Эмпатияның күрделі көп деңгейлі құрылымында эмоционалдық,

когнитивтік және мінез-құлықтық ауыспалы, әлеуметтік өзара әрекеттестіктің жанама тәжірибелерінің жиынтығы ретінде салынған. Эмпатияға қабілеттіліктің дамуы мектепке дейінгі баланың даму деңгейіне тікелей тәуелді, эмоциялық мектеп жасына дейінгі баланың эмоционалдық дамуының дербес бағыты ретінде әлеуметтік эмоциялардың қалыптасуына себепші болады.

Эмоциялық саланы дамытудың жеке бағыты ретінде әлеуметтік эмоцияларды дамыту саласындағы қазіргі заманғы зерттеулер базасы мәдени- тарихи және іс-әрекет тәсілдерінің шеңберінде, ең алдымен Л.С. Выготский, П.П. Блонский, С.Л. Рубинштейн, А.Н. Леонтьев, Д.Б. Эльконин еңбектерінде қаланды. Эмоциялардың дамуы прогрессивті даму жолынан өтеді. Және көбінесе жоғары психикалық функциялардың даму заңдары бойынша қарастырылады, осыған байланысты әлеуметтік эмоциялардың дамуы эмоциялардың сыртқы әлеуметтік детерминирленген түрлерінен ішкі эмоциялық процестерге көшуді болжайды. Сондықтан мектепке дейінгі балада бірте-бірте жаңа сезім қалыптасады (адамгершілік, эстетикалық, зияткерлік), тікелей табиғи әсермен және органикалық қажеттіліктерді қанағаттандырумен байланысты емес.

Бір жағынан, мектепке дейінгі балалық шақта эмоциялар мазмұнының айтарлықтай өзгеруі орын алады, әрекетті бағалаумен, басқа адамдар үшін осы әрекеттің мәнімен, осы әрекетті жасау кезінде мінез-құлық нормалары мен ережелерінің қалай сақталатынын бағалау шарасымен туындаған күрделі сезімдер пайда болады. Осы негізде қызметтің "мотивациялық-мағыналық бағдар" қалыптасады. Мектепке дейінгі балалық шақ кезеңінде мотивациялық-мағыналық бағдар тікелей қабылданатын өрісте жүзеге асырылатын қарапайым формадан елестетілетін жоспарда ұсынылған күрделі формаға ауысады.


ПДТ балалардың эмоционалды-еріктік саласының ерекшеліктері:

 ПДТ бар балалар өз эмоцияларын, күйлерін, көңіл-күйлерін түйуде қиындықтарға тап болады. Әдетте, олар шаршау туралы, тапсырманы орындауға ниеттенбеуі туралы, ыңғайсыздық туралы және т. б. нақты және түсінікті сигнал бере алмайды.:

а) өз эмоционалдық уайымдарын тану тәжірибесі жеткіліксіз, балаға жағдай "білуге" мүмкіндік бермейді;

б) ПДТ балалардың көпшілігі ересектермен қарым-қатынас жасаудың теріс тәжірибесі өзінің көңіл-күйінің тікелей және ашық болуына кедергі жасайды;

в) өзінің теріс уайымын сезінетін және бала ол туралы айтуға дайын болған жағдайларда, оған бұл сөздік қоры мен өз ойын тұжырымдай білу дағдысы жиі жетіспейді;

 ПДТ балаларға назардың тұрақтылығының төмен дәрежесі тән, сондықтан балалардың назарын арнайы ұйымдастыру және бағыттау қажет.

✚ Олар қызмет тәсілін меңгеру және диагностика жағдайына кіру үшін көбірек бақылау сынақтарын қажет етеді.

✚ Сөйлеу дамуының кешіктірілуі жиі интуитивті түсіну баланың түсінілетін түсінігін үнемі барабар түрде білдірмеуінің себебі болып табылады, ал кейбір жағдайларда бір баланың вербалды және вербалды емес мінез-құлқы бір-біріне қарамастан болады.

Бұл жалпы белгілер психикалық дамудың тежелуін диагностикалауда бағдар болуы мүмкін (балада мұндай белгілер көп болған сайын, оның ПДТ болуы ықтимал) және түзету жұмысының тиімділігінің өлшемі (дұрыс ұйымдастырылған түзету нәтижесінде кейбір белгілер анық немесе түзелуі, ал басқалары өзгерілуі тиіс). Ақырында, бұл балалардың мінез-құлқының жалпы логикасын түсіну арқылы олармен жұмысты жеңілдетеді.

Теріс эмоционалдық жағдайларды түзетудің ең тиімді құралдарының бірі арт-терапия, атап айтқанда изотерапия болып табылады. Мектепке дейінгі баланың суреті (оның өзгеру динамикасы) арқылы тек жеке сипаттағы өзекті эмоционалды проблемалардың диагностикасын ғана емес, сонымен қатар оларды түзетуді өте тиімді жүргізуге болады. Өкінішке орай, сурет салуды эмоциялық кешендерді түзету әдісі ретінде пайдалануға арналған жұмыстар психологиялық әдебиетте сирек кездеседі, бұл осы тақырыптың әзірленбеуін және оны одан әрі зерттеу қажеттілігін көрсетеді.

Сонымен, психикалық дамуы тежелген балалардың эмоционалдық-ерік саласы дамудың ерте сатысында тұр. Оқудағы қиындықтар жалпы тұлғаның мотивациялық саласының жетілмеуімен байланысты (ойынға қызығушылығы басым) екені мәлім.

### **Пайдаланылған деректер тізімі**

1. Захаров, А.И. Дневные и ночные страхи у детей. / А.И. Захаров. - СПб.: Речь, 2007. 320 с.
2. Намазбаева Ж.И. Развитие личности в процессе психологизации современного образования. Монография. Алматы: Улагат КазНПУ им Абая.
3. Касымова Г.М. Игровая терапия навыков общения детей дошкольного возраста с речевым недоразвитием : Методическое пособие / Г. М. Касымова. - Алматы : Отан, 2015. - 62 с
4. Публикации автора диссертационной работы Ананьевские чтения – 2015: Фундаментальные проблемы психологии: материалы научной конференции, 20–22 октября 2015 г. / отв. ред. В.М. Аллахвердов. – СПб.: СПбГУ. Скифия-принт, 2015. – 396 с.
5. <http://readli.net/eksperimentalnaya-psihologiya-konspekt-lektsiy/>
6. [https://samopoznanie.ru/trainers/bahtybek\\_talkambaev/](https://samopoznanie.ru/trainers/bahtybek_talkambaev/)
7. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343>

**Қабеш А.Қ.**  
(Ақтөбе, Қазақстан)

**Ғылыми жетекшісі** - Имжарова З.У., п.ғ.к.ғ доцент  
Қ.Жұбанов атындағы АӨУ  
[aynur.abesh@mail.ru](mailto:aynur.abesh@mail.ru)

## **ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ**

### **Аннотация**

Мақалада инклюзивті білім беруді дамытудың қазіргі жағдайы бейнеленіп, оның жұмысы айқындалған. Басты ерекшеліктерге назар аударылып, жүргізілуі тиіс әдіс-тәсілдер бейнеленген. Инклюзивті білім берудің артықшылығы айтылып, сонымен қатар жалпы білім беруді барысында жүзеге асырылатын негізгі сегіз қағида көрсетілген.

### **Аннотация**

В статье описывается современное состояние развития инклюзивного образования и его работа. В нем основное внимание уделяется основным функциям и описываются методы, которые необходимо выполнить. Описываются преимущества инклюзивного образования, а также восемь ключевых принципов, которые реализуются в процессе общего образования.

### **Annotation**

The article describes the current state of development of inclusive education and its work. It focuses on the main features and describes the methods to be performed. The benefits of inclusive education are outlined, as well as eight key principles that are implemented in the process of general education.

**Тірек сөздер:** инклюзивті білім беру, ерекше балалар, мүмкіндігі шектеулі жандар, ұстаздар

Білім беру саласы баршаға ортақ. Еліміздің кез-келген азаматы өзінің таңдауы бойынша біліктілігін дамытып, өз қатарластарымен оқуға мүмкіндігі бар. Әсіресе, бұл мәселе мүмкіндігі шектеулі бүлдіршіндер үшін қашан да өзекті. Оларды қоғамнан шеттетпей, әрқашан қатарластарымен бір деңгейде оқуына жағдай жасау қажет. Осы орайда, инклюзивті білім беру термині тереңінен енгізіліп, бүгінгі таңда кең қолдауға ие болып отыр. Сонымен инклюзивті білім деген не? Инклюзивті білім беру – барлығына, оның ішінде ерекше қажеттіліктері бар балаларға да қолжетімді білім беруді көздейтін жалпы білім беруді дамыту процесі. Инклюзивтік білім берудің негізіне балаларды кез келген кемсітуді болдырмайтын және барлық адамдарға тең қарым-қатынасты қамтамасыз ететін, бірақ бұл ретте ерекше

білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін қажетті жағдайлар жасайтын идеология қойылған. Кез-келген мектепте мүмкіндігі шектеулі балаларды, мүгедек балаларды, қиын өмірлік жағдайға тап болған ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды сәтті әлеуметтендіру қамтамасыз етіледі [1, 12].

Инклюзивті білім беру біздің еліміз үшін жаңа құбылыс десек артық айтпағанымыз болар. Қазақстан 2008 жылы Мүгедектердің құқығын қорғау жөніндегі халықаралық Конвенцияның мүшесіне енген болатын. Ал, инклюзивті білім беру бағыты осы құжаттың құрамдас бөлігі болып табылады. Әрине, ерекше балаларды әрқашан қолдау қажет. Тың бастама алғашқыда дұрыс қолданылмай келгені жасырын емес. Себебі, жалпыға ортақ білім беру ұйымдарына мүмкіндігі шектеулі баласын беруге қорқақтайтын ата-аналар, қатарластары қорлап, мазаққа айналдыра ма деген қауіппен көбіне оқудан шеттетуге, не арнайы ұйымдарға беруге ғана талпынатын. Оған қоса, оқу үлгерімі жағынан тапсырмаларды орындау деңгейін ойлап, күмәнданып, аталмыш мүмкіндіктен бас тартып келгені рас. Алайда, соңғы уақытта жүргізілген ақпараттық – түсіндірмелі жұмыстардың нәтижесінде, қоғамдағы бейімділік, тұлғаның барлығы бірдей екендігін түсіндіру арқылы, инклюзивті білім бағыты бойынша алға басу байқалып, бүгінде ерекше балаларға деген көзқарас едәуір оң бағытқа өзгерген.

Бала шыр етіп дүниеге келгенде өмірдің сан соқпағына сүрінетінен хабарсыз. Ол әрине ең алдымен белгілі бір даму деңгейінен кедергі болып, денсаулығынан сыр байқалатын бүлдіршіндерге қатысты. Олар мүмкіндігі шектеулі болғанына қарамастан, өмірге өте құштар болып келеді. Білім алуға, шығармашылық дамуға деген құлшыныс үнемі көрініс тауып отырады. Сондықтан, бойларындағы дарынды дамытып, жан-жақты тәрбие беру, заманның басты талабы. Мемлекет әр адамның мүддесін қорғап, оның барлық арман-тілектеріне назар аударуды көздейді. Ерекше бүлдіршіндердің де білім алуына әрқашан жағдай жасағанымыз абзал.

Инклюзивтік білім беруді ғана емес, жалпы білім беруді де негізге алатын сегіз қағидатты бөліп көрсетуге болады:

- Адамның құндылығы оның қабілеттері мен жетістіктеріне байланысты емес;
- Әр адам сезінуге және ойлауға қабілетті;
- Әр адамның қарым-қатынас жасауға және естуге құқығы бар;
- Әртүрлілік адам өмірінің барлық жақтарын күшейтеді;
- Шынайы білім беру тек нақты қарым-қатынас контекстінде жүзеге асырылуы мүмкін;
- Барлық адамдар құрдастарының қолдауы мен достығына мұқтаж;
- Барлық студенттер үшін прогреске қол жеткізу мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығында болуы мүмкін;
- Барлық адамдар бір-біріне мұқтаж [2, 2].

Инклюзивті білім берудің басты мақсаты барлық балаларды, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтік бейімделуі, жынысы, шығу тегі,



дініне қарамастан жалпыға бірдей білім саласына қамту болып табылғандықтан, оқу үрдісі де үнемі арнайы бағдарлама негізінде дайындалып, ерекше балалар бар сыныптардың оқытушылары өздеріне жүктелген міндеттің жүгін үнемі сезінулері тиіс.

Білім беру үрдісін басқару тікелей педагогқа байланысты болғандықтан, мүмкіндігі шектеулі оқушыларға тапсырма беру барысында өте мұқият болған жөн.

- Оқушылардың даму деңгейін ескеру;
- Физикалық жүктемені азайту;
- Қатарластарының алдында көңілге тиетін сөз айтпау;
- Қателікті бетіне баспау;
- Ерекшелігін еске түсірмеу;
- Өзгелерден бөле-жармау.

Өзінің физикалық дамуынан қысылатын бала, оны сабақ барысында ұстазы тарапынан еститін болса, ең алдымен психикалық жағынан соққы алып, кейін тіпті оқуға деген ынтасы кеміп, өз-өзіне деген сенімділіктен айырылуы мүмкін. Ал, оны бөле-жара, қатарластарынан бөлек тапсырма беріп, сенімділік болмаса, бұл да ол үшін соққыға айналуы мүмкін. Сондықтан, оқу үрдісін жүргізетін жан, бұл әрекеттердің бәрін көпшілікке көрінбейтіндей етіп, жалпыға бірдей деңгейде орындаған қалыпта жүргізуі тиіс.

Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады. Мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу құқықтары «Қазақстан Республикасының балалардың құқықтары туралы», «Білім беру туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетуге ықпал ету туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарында, Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген. Инклюзивті білім беру немесе «білім баршаға» бағдарламасы — барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы мақұлдап, БҰҰ-ның Конвенциясына 2006 жылдың 13 желтоқсанында енгізілді [3].

Айта кетейік, соңғы уақытта инклюзивті дамытуға барынша үлес қосылуда. 2020-2021 оқу жылында форумдар, арнайы семинарлар, түрлі бағытта іс-шаралар ұйымдастырылды. Әр - түрлі көрнекіліктер, сонымен қатар ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар табысты адамдар туралы презентациялар көрсете отырып («Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының

жеңімпаздары – Серік Есмаев, Шахан Жолдасбаев, Зульфия Раухатовна, сонымен қатар Пабло Пинед, Ника Вуйчиче, Стивен Хокинг және басқалар) ұйымдастыру білім алушылардың, ата-аналардың, педагогтердің бойында және жалпы қоғамда инклюзивті мәдениет қалыптастыру бойынша жұмыстардың неғұрлым тиімді түрлері болып табылады.

Директордың тәрбие ісі жөнінен орынбасарына жұмыстың іс-шаралар жоспарына Дүниежүзілік диабетпен күрес күні, Дүниежүзілік мүгедектер күні, Халықаралық сирек кездесетін аурулар күні, Дүниежүзілік Даун синдромы бар адамдар күні, Дүниежүзілік аутизмі бар адамдар күні және т.б. «ерекше даталар» күнтізбесі әзірлемесін кіргізу ұсынылады.

Бұл бағытта тәрбие жұмысын оңтайлы ұйымдастыру үшін Академия білім беру ұйымдарында инклюзивті мәдениетті қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірледі.

Ерекше балалардың білім алуға жағдайын жақсарту мақсатында бүгінгі таңда мектеп технологиясы да назарға алынуда. Әрбір білім ордасында арнайы танымдық дамуын арттыратын мультимедиялық жабдықтар орналастырылып, интерактивті тақталар орнатылған. Бұл жалпыға бірдей білім беру ұйымдарында тек мүмкіндігі шектеулі балалардың ғана мүддесін қорғап қана қоймай, барлық бүлдіршіндерге ортақ болып отыр.

Бүгінгі таңда инклюзивті білім беруді енгізген білім ордалары көптеп кездеседі. Оған қоғамның да көзқарасы қалыптасып, ата-аналар да толық сеніммен өз баласын білім алуға балабақша мен мектептерге беруде.

Мектепке дейін білім беру ұйымдарында да қарқынды жүргізіліп келе жатқан бұл үрдіс жас бүлдіршіндердің өзге балалармен араласуына түрткі болып, дамуына ықпал ете алады. Тәрбиешілер өз кезегінде баланың бойындағы бейімді анықтап, сол сала бойынша жұмыс жүргізуді мақсат тұтқан абзал. Әрине, бұл кішкентай ел тұрғынының өмірге деген құлшынысын арттырып, өз уақытын тиімді өткізуіне ықпал етеді. Көп ата-ана, инклюзивті білім беру бағдарламасы бойынша білім алған балаларын, уақыт өте келе оң бағытта өзгеріп, тіпті денсаулықтары біршама жақсарғандығын алға тартқан. Әрине, бұл ең басты жетістік.

Инклюзивті білім берудің алға қойған мақсаты да сол. Барлық адамды біртұтас деңгейде қарап, барынша қолдау көрсету. Ата-анамен тығыз байланыс орнатып, бүлдіршіндердің барлық жай-күйімен ақпарат алмасып отыруды қалыптастыру болып табылады. Мүмкіндігі шектеулі балалардың құқықтарын қорғап, адамдармен қарым-қатынасын дамыту үшін жан-жақты жұмыстар жүргізілгені дұрыс. Оның негізінде ізетті, өз-өзіне сенімді, айналасына бауырмал, қайырымды тұлғаларды тәрбиелейтін боламыз.

Жалпы, мүмкіндігі шектеулі жандар қашан да қоғамның ерекше назарында. Адамдардың құқығы мен жеке бас қасиеті қашан да ең басты құндылық болып табылады. Соған сәйкес, өз қалауы бойынша білім алу, таңдаған мекемесінде біліктілігін жетілдіру әрбір жанның жеке басының таңдауы. Ол таңдауға біз қашан да құрмет көрсетіп, үнемі тек қолдау көрсетіп отыруымыз керек.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс. Бізде аз емес ондай адамдарға қамқорлық көрсетілуге қажет. Бұл өзіміздің және қоғам алдындағы парызымыз. Білім беру мекемесінің ортасы денсаулығының мүмкіндігі шектеулі балалардың қажеттілігіне бейімделуі тиіс, «кедергісіз» болуы керек, өйткені мүгедек балалардың толыққанды кірігуін қамтамасыз етуі қажет», – деп атап өткен болатын.

Біздің қоғам біртұтас. Сондықтан білім беруі мәдениет, шығармашылық даму және өзге де барлық салалардың барлығы жалпыға бірдей қолжетімді болуы тиіс. Осы орайда мүмкіндігі шектеулі жандарды дамытуға ат салысу, олардың таңдауына құрметпен қарап, білімін толықтыру барысында барынша қолдау көрсеткеніміз абзал. Көзі ашық, білімге құмар, дені сау бүлдіршіндер қатары қашан да көп болсын!

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Абенова, И.Б. Мүмкіндігі шектеулі балалардың жанұясымен жұмыс жүргізу ерекшеліктері [Мәтін]/ И.Б. Абенова // Специальное образование в Казахстане.- 2014.- № 4.- Б. 12.
2. Алмешова, Д.А. Мүмкіндігі шектеулі балалардың танымдық белсенділіктері мен қызығушылықтарын арттыру жолдары [Мәтін]/ Д.А. Алмешова // Дефектология.- 2014.- №9.- Б.2.
3. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. — Астана, 2010.

**Қайназарова Н.Д.**  
(Ақтөбе, Қазақстан)  
Қ.Жұбанов атындағы АӨУ  
[n\\_k\\_98@mail.ru](mailto:n_k_98@mail.ru)

## **МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ КРЕАТИВТІЛІГІН ДАМУ**

### **Түйіндеме**

Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың креативтілігін дамыту мәселесі қарастырылған. Мектеп жасына дейінгі балалардың креативтілігін дамыту мәселесі жыл сайынғы Елбасының жолдауымен, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы негізінде өзектілігі айқындалған. Сонымен қатар, мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың креативтілігін дамытудың маңыздылығы қазіргі заманғы қоғам сұранысымен сабақтастығы көрсетілген. Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың

креативтілігін ұйымдастырылған оқу қызметінде және ойын әрекетінде дамыту жолдары көрсетілген.

Кілтті сөздер: креативтілік, креативтілік ойлау, ХХІ ғасыр дағдылары, 4К моделі.

### **Резюме**

В статье рассматривается проблема развития креативности дошкольников. Актуальность проблемы развития креативности детей дошкольного возраста определена ежегодным Посланием Главы государства, государственной программой развития образования и науки Республики Казахстан на 2020 – 2025 годы. Кроме того, в статье подчеркивается важность развития креативности детей дошкольного возраста в его преемственности с запросами современного общества. В статье показаны пути развития креативности дошкольников в организованной учебной деятельности и игровой деятельности.

Ключевые слова: креативность, креативное мышление, навыки ХХІ века, модель 4К.

### **Resume**

The article deals with the problem of developing the creativity of preschool children. The relevance of the problem of developing the creativity of preschool children is determined by the annual Address of the Head of State, the state program for the development of education and science of the Republic of Kazakhstan for 2020 – 2025. In addition, the article emphasizes the importance of developing the creativity of preschool children in its continuity with the demands of modern society. The article shows the ways of developing the creativity of preschool children in organized educational activities and play activities.

Keywords: creativity, creative thinking, skills of the ХХІ century, 4K model.

Қазіргі кезең технологияның қарыштап дамыған кезеңі. Қоғам өмірінің әлеуметтік, экономикалық және өндірістік салаларындағы жаһандық өзгерістері мен жетістіктері қоғамға бастамашыл, сыни ойлай алатын және шығармашыл адамдарға деген қажеттіліктің артатындығы сөзсіз. Қазіргі еңбек нарығына назар аударсақ, жаңа мамандықтар, кейбір жаңа мамандықтардың атауына қарап оның немен айналысатынын болжауда қиын болатын сәттер кездеседі. Бұл дегеніміз, біз қазіргі кезеңде технологияның қарқынды дамумен қатар жүретін жаңашылдықтың үздіксіз жаңарып отыратын кезеңінде өмір сүріп жатырмыз. Демек, бұл болашағы белгісіз, дәл болжауы қиындау заман ағымында әр бала өз орнын табуы маңызды. Сол, үшін ХХІ ғасырда сұранысқа жауап бере алатын, тұлғаны тәрбиелеу оқытуды мектеп қабырғасынан немесе университет қабырғасынан емес, балабақшадан бастауымыз қажет. Осы тұрғыдан мектеп жасына дейінгі балалардың креативтілігін дамыту өзекті мәселелердің бірі.

Елбасы-Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаев [1] 2018 жылдың 5-қазанындағы Қазақстан халқына арналған жолдауында мектепке дейінгі білім беру сапасын түбегейлі жақсарту қажеттігін атап, білім беру ісінде 4К моделіне: креативтікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және команда да жұмыс істей білуге басты назар аударылып келетіндігін айтқан болатын. Н.Ә.Назарбаев ойлау негіздері мен ақыл-ой, шығармашылық қабілеттер, жаңа дағдылардың бала кезден бастап қалыптасатындығына ерекше назар аударған болатын. Бұл мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың креативтілігін дамытудың өзектілігін айқындайды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев [2] 2020 жылдың 1-қыркүйектегі Қазақстан халқына арналған кезекті жолдауында мектепке дейінгі балалардың жан-жақты даму мәселесін шешумен айналысу керектігін айтты. Бұл жерде балаларды балабақшамен қамтумен қатар, олардың дамуына мән беріп, ерте жастан дамытудың өзектілігін байқауға болады. Демек, мектеп жасына дейінгі балалардың креативтілігін дамыту жұмыстарын ұйымдастыруда Президентіміздің алға қойға міндеттерінің бірін шешуде өзіндік орны бар мәселе деуге болады.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында [3] 3-6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту мәселесіне басымдылық берілген.

2018 жылдың қорытындысы бойынша «Ақпараттық-талдау орталығы» жарияланған Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің жай-күйі және дамуы туралы ұлттық баяндамада PISA-2015 нәтижесіне мектепке дейінгі білімнің ықпалына талдау жасаған. Талдау нәтижесінде мектепке дейінгі ұйымға бір жылдан артық уақыт барған мен бір жылға дейінгі уақыт аралығында барған балалардың ортақ көрсеткіштері мектепке дейінгі ұйымға бармаған балалардан жоғары екендігін көрсеткен (1-сурет).



Сурет 1. Мектепке дейінгі білім мектеп оқушыларының PISA-2015 нәтижесіне ықпалы [4].

Демек, ұлттық баяндамада келтірілген көрсеткіштен мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту баланың өмірінде, оның тұлғалық қалыптасуында аса маңызды рөл атқаратындығына нақты дәлел екендігі сөзсіз.

Жалпы баланың ерте жастан дамуына жұмсалған шығын мектепте және кейіннен жоғары оқу орнында жұмсалатын қаражаттың үнемделуіне негіз болатындығында осы тұста айта кетуге болады. Сондықтанда мектепке дейінгі балалардың креативтілігін дамыту маңызды.

Boston Consulting Group [5] зерттеулерінде ХХІ ғасырда адам табысты болуы үшін меңгеруі тиіс дағдылар тізбесін әзірледі. Бұл тізбеге сәйкес балаға күнделікті өмірде міндеттерді шешуге көмектесетін дағдыларды меңгертумен қатар, күрделі міндеттерді шешуге ықпал ететін құзыреттіліктерді қалыптастыру қажет. Бұл құзыреттіліктерге, сыни ойлау, креативті ойлау, коммуникативтік дағдылар мен командада жұмыс істей білу дағдыларын қалыптастыру қажеттігін айтаған.

Ч.Фадель, М.Бялик, Б.Триллинг жариялаған «Білім берудің төрт қыры» (Четырехмерное образование) [6] атты басылымында еңбек нарығына қажет дағдылар тізбесін де креативтілік мәселесіне назар аударылған.

Жасалған зерттеулерге шолу жасай отырып, мектепке дейінгі жастағы балалардың креативтілігін дамыту өзекті әрі жедел шешуді қажет ететін мәселелердің бірі екендігі айқын көрінеді.

Креативтілік - ағылш. create - құру, ағылш. creative –құрастырушы, шығармашыл - дәстүрлі немесе қабылданған ойлау сызбаларынан ауытқитын және тәуелсіз фактор ретінде дарындылық құрылымына кіретін принципті жаңа идеяларды қабылдауға және жасауға дайындықпен сипатталатын индивидтің жасампаз, шығармашылық қабілеті, сондай-ақ статикалық жүйелердің ішінде туындайтын проблемаларды шешу қабілеті.

Креативтілік - бұл тұлғаның дәстүрлі немесе көпшілік қабылдаған идеялардан айрықша, жаңа бірегей идеяларды қабылдауға және ұсынуға дайындығымен ерекшеленетін және дарындылық құрамында қарастырылатын шығармашылық қабілеті, сондай-ақ проблемаларды басқалардан өзгеше қарастырып, оларды ерекше тәсілдермен шешу қабілеті.

Тұрмыстық деңгейде креативтілік - мақсатқа жету, жағдайды, заттар мен мән-жайларды ерекше түрде пайдалана отырып, қиын жағдайдан тапқырлықпен шығу қабілеті ретінде көрінеді. Кең мағынада -проблеманы өткір ақылмен және ерекше шешу.

Көп адамдар баланың әлеуеті болмаса оның креативтілігін, яғни шығармашылығын дамытуға болмайды деген қателер пікірлерде кездесіп жатады. Дегенмен де мектепке дейінгі жастағы баланың жаңаны іздеп табуға, басқалардан өзгеше ойлауға қабілетті болады. Жалпы бала табиғатынан жаңалыққа жаны құмар. Зерттеушілердің пікірі оған қайшы.

Ал, креативтілік баланың шығармашылығы мен қиял процесімен қатар жүреді. Кез келген шығармашылық қызметінің, ақыл-ойының негізгі компоненті.

Креативтілікті бала күннен ерте дамыту, баланың ойын басқаларға еркін жеткізуіне, өз ойларын білдіру үшін басташылдық білдіруге, қиялын жүзеге асыруға негіз болатын маңыздылыққа ие. Мектеп жасына дейінгі балалардың креативтілігін қалай дамытуға болады деген заңды сұрақ туындары сөзсіз. Әрине, мектеп жасына дейінгі баланың жетекші әрекеті, әрине ойын болып табылады. Ахмет Байтұрсынов [7]: «... баланың жұмысы да ойын, ойыны да ойын. Бала ойын үшін барлығына дайын ...» деген қанатты ойын негіз алуға болады. Демек, мектеп жасына дейінгі балалардың креативтілігін дамытуда әрине біз ұйымдастырылған оқу қызметі барысында және одан тыс уақыттарда ойындарды балалардың креативтілігін дамытуға бағыттаймыз.

Ең қарапайым педагог 3-4 жастағы балаларға өзінің сүйікті ойыншықтарының бұрышын әзірлеуге шақырса, одан ересектеу балаларға суреттерді қию арқылы коллаждар жапсыруды тапсыруына болады. Немесе ең, қарапайым, баланың күнделікті ойнайтын лево-құрастырушыларымен түрлі машина, сарай т.б. өз қиялындағы заттарды құрастыруға тапсырмаларын ұсына алады.

Баланың креативтілігін дамыту үшін педагог көптеген техникаларды да қолдануына болады, мысалы арт-терапиялық жаттығулар, құм, саз балшық, ермексазбен түрлі мүсіндер дайындау, сулы бояларды араластыру арқылы жүргізуге болады.

Мектепке дейінгі балалардың креативтілігін дамытуда табиғи материалдардан, пластик бөтелкелерінен түрлі заттар әзірлеу.

Жалпы қазіргі таңда балалардың креативті қабілеттерін дамыту - білім берудің негізгі мақсаттарының бірі. Кішкентай балалар үшін оларға белгілі заттарды, құбылыстарды, оқиғаларды және т. б. ойластыру немесе біріктіру тән. Бұл сапаны немесе қасиетті балаға сақтау маңызды, өйткені бұл баланың сөзін ғана емес, ойлау қабілетін дамытады. Мысалы, «Ойлап табу» әдісін қолдану арқылы белгілі бір ақыл-ой әрекеттерінің нәтижесінде балаларға бұрын белгісіз өнімді жасау тәсілі. Әдіс келесі тәсілдердің көмегімен жүзеге асырылады:

а) жаңа объектіні құру мақсатында бір объектінің сапасын екіншісінің сапасымен алмастыру;

б) басқа ортада объектінің қасиеттерін іздеу;

в) зерттелетін объектінің элементін өзгерту және жаңа, өзгертілген объектінің қасиеттерін сипаттау.

Жалпы ойымызды түйіндей келе, бүгінгі бала, ертеңгі ел болашағы. Еліміздің жарқын болуы бүгінгі ұрпақтың қаншалықты сапалы тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз етілетіндігімен байланысты. Сондықтанда, мектепке дейінгі балалардың тәрбие мен оқыту процесіне немқұрайлы қарауға болмайды. Бұл, мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің үлкен жауапкершілігін қажет етеді.

## **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру. //Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2018 жылғы 5 қазан. Электронды ресурс: <https://clck.ru/UNfS5> (Сайттың қаралған күні 18.04.2021).
- 2 Жаңа жағдайдағы қазақстан: іс-қимыл кезеңі. //Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 01.09.2020. Электронды ресурс: <https://clck.ru/QphLC> (Сайттың қаралған күні 18.04.2021).
- 3 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы.
4. Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің жай-күйі және дамуы туралы ұлттық баяндамада. Электронды ресурс: <https://iac.kz/ru/project/nacionalnyy-doklad> (Сайттың қаралған күні 19.04.2021).
- 5 WEF (2015). New Vision for Education / World Economic Forum in partnership with Boston Consulting Group. [Білім беруге жаңаша көзқарас. Boston Consulting Group серіктестігіндегі Дүниежүзілік экономикалық форум] (Сайттың қаралған күні 19.04.2021). Электронды ресурс: [http://www3.weforum.org/docs/WEFUSA\\_NewVisionforEducation\\_Report2015.pdf](http://www3.weforum.org/docs/WEFUSA_NewVisionforEducation_Report2015.pdf)
- 6 Фадель Ч., Бялик М., Триллинг Б. Четырехмерное образование: Компетенции, необходимые для успеха: Пер. с англ. М.: Издательская группа «Точка», 2018. 240 с.
- 7 А.Байтұрсыновтың бала тәрбиесі туралы идеясы. Электронды ресурс: [http://rc-dd.kz/sites/rc-dd.kz/uploads/docs/dana\\_bala/4\\_2020\\_311220.pdf](http://rc-dd.kz/sites/rc-dd.kz/uploads/docs/dana_bala/4_2020_311220.pdf) (Сайттың қаралған күні 19.04.2021).

**Толебаева Ж.А-**магистр, аға оқытушы.,  
Қ.Жұбанов атындағы АӨУ  
**Аманғалиева Ш.Б-**оқытушы,  
Қ.Жұбанов атындағы Жоғарғы колледж

## **БІРІНШІ КУРС БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ КОЛЛЕДЖ ЖҮЙЕСІНЕ БЕЙІМДЕЛУІ ЖӘНЕ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ КОНТЕКСІНДЕ**

*Түйінді сөздер: бейімделу, білім алушылар, колледж, бейімделудегі қиындықтар, қашықтықтан оқыту жүйесі;*

Болашақ маман иелерінің өз мансабында жетістікке жетуін анықтайтын негізгі факторлардың бірі колледж өміріне бейімделу кезеңінің толыққанды, сәтті өтуі болып табылады. Өйткені білім алушылардың білім беру жүйесіне, өзінің білім алатын орнына интеграциясы мәселесі болашақ мамандардың



кәсібилілігіне, құзыреттілігіне, қоғамды алға қарай дамытуда өз кәсібін ұтымды пайдалануына тікелей әсер ететіні сөзсіз. Соның ішінде, оқу орындарының білім алушыларына, әсіресе, күні кеше мектеп түлектері болған бірінші курс білім алушыларының колледж ортасына әлеуметтік бейімделуі күрделі болуы мүмкін. Алғашқы оқу жылында білім алушылардың бейімделу процесінің қиындығы ең алдымен, оқу орнында мектептегі оқыту әдістерінен бөлек, білім беру процесінің өзіндік ерекшеліктері, оқу тәртібі мен талаптарындағы жаңашылдықтары болуымен, күнделікті тұрмыс жағдайындағы өзгерістер, яғни білім алушылардың тұрғылықты мекен жайын отбасынан бөлек жатақханаларға ауыстыруы, топ ішілік оқу үлгерімдеріндегі айырмашылықтар, жаңадан колледж қабырғасында оқытушылармен және басқа білім алушылармен тұлғааралық қарым-қатынастар ережелерін игеру, қалыптастыруымен байланысты.

Қазіргі кезде ғылым салаларындағы үздіксіз жаңалықтар, қоғамның қарқынды технологиясы процесі жастардың жаңашылдықтарға, инновацияларға, өзгерістерге икемді, тез бейімделгіш қасиеттерінің болуын талап етеді. Жақын арада орын алған пандемия қоғамның барлық салаларында көптеген өзгерістер әкелді. Соның ішінде білім беру саласында да карантин жағдайына байланысты көптеген өзгерістер орын алды. Соның бірі – қашықтықтан оқыту форматының оқу процесінде кең пайдаланылуы. Қашықтықтан оқыту форматы, негізінен алғанда, бұрыннан қолданыста бар оқыту формаларының бірі болып табылатынымен, мұндай өткір қажеттіліктен туындаған, жаппай кең етек алған емес деуге болады. Бүгінгі күні қашықтықтан оқыту форматына білім алушылардың бейімделуі өзекті тақырыптардың біріне айналды. Бірінші курс білім алушылардың колледж оқу орнына интеграциясы білім беру жүйесіндегі күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Өйткені білім алушылар алғашқы оқу жылында бейімделуі процесінің өту барысы, нәтижелілігі олардың мамандығы бойынша білімдер мен практикалық дағдыларды игеруіне тікелей әсер етеді. Зерттелініп отырған мәселенің көптеген тұстары біраз жылдар бойы әлеуметтік гуманитарлық, жаратылыстану ғылымдар салалары тарапынан қарастырылады. Сонымен қатар білім алу мәселелерін, оларды колледж ортасына бейімделуін отандық зерттеушілер Г.Т. Алимбекова, К.У. Биекенов, З.Ж. Жаназарова, Б.Н. Кылышбаева, А.Т. және басқалары жан-жақты зерттеген.

Жастардың студенттік өмірге әлеуметтік бейімделуі көп қырлы, ұзақ процестердің бірі болып табылады. Бірінші курс білім алушыларының оқу орнына әлеуметтік бейімделуінің нәтижелі, оңай өтуі бұл процеске тікелей қатысатын екі тарапқа, яғни, білім алушылардың өздеріне және колледж ортасына, яғни колледж басшылығына, оқытушыларға, басқа білім алушыларға байланысты. Сондықтан білім беру жүйесін тек білім алушылардың кәсіби білім алуына ғана емес, сонымен бірге, қоғамды дамытуға өз үлесін қоса алатын жеке тұлғаны, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту, білім алушылардың қоғамда сәтті

элеуметтенуін және еңбек нарығына тез әрі нәтижелі бейімделуін қамтамасыз ету сияқты, оқу орындарына қойылатын маңызды элеуметтік талаптарды орындауы үшін бірінші курс білім алушылардың колледждің ортасына тез әрі сәтті бейімделу процесіне көмектесуі өзекті екендігі анық.

Білім алушылардың оқу орнына, білім беру жүйесіне бейімделуінің *сәтті* немесе *сәтсіз* болуы олардың тұлғалық қасиеттеріне де байланысты. Оқу орнындағы ережелерге үйренісу үшін білім алушының шыдамдылығы, алғырлығы, тапқыр, білгір, коммуникативтілігі сияқты тұлғалық қасиеттерімен қатар, өзінің мамандығы бойынша оқу пәндерін сәтті игеруге қажетті білімдері мен дағдыларының болуы да маңызды.

Жастардың қазіргі заманғы талаптарына сәйкес, өз мамандығы бойынша теориялық және практикалық білімінің болуы және алғырлығы, тәрбиелілігі, инновациялық әлеуеті, коммуникативтілігі, мобильділігі, өзгерістерге икемділігі сияқты тұлғалық қасиеттерінің болуы білім алушының білім беру жүйесіне, кейін еңбек нарығына бейімделуін жеңілдететіні сөзсіз.

Білім алушылардың оқу орнына бейімделуі барлық оқу жылдары бойына жалғасуы мүмкін процесс болып табылады. Өйткені білім алушы оқу тобына, кураторына, бұрын танысқан оқытушыларына үйренісіп, сәтті бейімделсе де, мұнымен бейімделу процесі аяқталмайды. Себебі, әрбір семестрде жаңадан пәндер басталады, нәтижесінде білім алушылар жаңа білімдер және жаңа оқытушылармен танысады. Әрбір оқытушының оқыту стилінде өзгешеліктер болуы мүмкін. Сонымен бірге, әрбір пәннің өзіндік ерекшеліктері бар. Осымен қатар, өндірістік тәжірибелер кезінде білім алушылар болашақтағы кәсібі бойынша қызметінің нақты жағдайларына жақындай түсуге мүмкіндік алады. Яғни білім алушыларда бұл кезеңде де білім беру жүйесіне бейімделу процесі жүреді. Сондықтан, білім алушылардың оқу орнына, білім беру жүйесіне, студенттік өмірге бейімделу процесіне барлық оқу жылдары білім алушының ең алдымен өзі де, жанұясы да, колледж тарапынан да ерекше көңіл бөліну қажет.

Бірінші курс білім алушыларына колледж өміріне, білім беру жүйесіне бейімделу процесін оптимизациялау үшін колледж психологы топ кураторымен бірігіп консультация, тренинг жүргізуі қажет.

#### Қолданылған әдебиеттер:

Ключникова Д.В., Гребенщиков А.В., Василенко Л.И. Роль куратора учебной группы при адаптации первокурсника в ВУЗе // Международный научно-исследовательский журнал. Педагогические науки. – 2016. – №5 (47). – Часть 4. – С.58-59.

Терюшкова Ю.Ю. Индивидуальное консультирование как форма психологического сопровождения студентов первых курсов // Непрерывное образование: XXI век. – 2018. – №1 (21).– С.1-6.

Утеуова А.А., ст. преподаватель, магистр.,  
Кереймаганбетова Ж.Н. ст. преподаватель, магистр.,  
Ергарина Ж.М., преподаватель, магистр.,  
Қ.Жұбанов атындағы АӨУ  
[uteuova\\_1975@mail.ru](mailto:uteuova_1975@mail.ru), [zhanar-kn@mail.ru](mailto:zhanar-kn@mail.ru), [ergarina1987@mail.ru](mailto:ergarina1987@mail.ru)

## **ФАКТОРЫ, ВЛИЯЮЩИЕ НА ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ ЗДОРОВЬЕ ДЕТЕЙ МЛАДШЕГО ШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА**

### **АННОТАЦИЯ**

расстройств в детской популяции. Особую актуальность имеют исследования донозологических признаков нарушения психического здоровья с учетом факторов личностной уязвимости в различные возрастные периоды. В статье представлены результаты изучения взаимосвязи индивидуальных личностных особенностей с показателями психического здоровья у младших школьников.

Психологическое здоровье детей зависит от социально-экономических, экологических, культурных, психологических и многих других факторов.

Психологические исследования детей показывают, что факторы, влияющие на становление детской психики, противоречивы: в одном случае они способствуют, в другом — препятствуют оптимальному развитию личности ребенка. Так, взаимоотношения в родительской семье, отношения к ребенку со стороны родителей могут сформировать эффективную потребностно-мотивационную систему ребенка, позитивный взгляд на мир и самого себя в этом мире; те же самые факторы, но с другим психологическим содержанием, могут приводить к ущербному развитию потребностей и мотивов, низкому самоуважению, недоеданию к окружающим, дефицитности в общении со сверстниками, иными словами — к низкому потенциалу самореализации.

В психологической литературе приводится обширная феноменология родительских отношений, стилей воспитания, а также их последствий — формирование индивидуальных психологических и личностных особенностей ребенка в рамках нормального или отклоняющегося поведения, в ситуациях конфликтов и кризисных состояний.

По данным В.А. Колиеговой, А.И. Захарова и других исследователей, наибольшее число неврозов наблюдается в младшем школьном возрасте. Поступление в школу, переход к более взрослой жизни происходит достаточно тяжело, зачастую возникают акцентуации, в ряде случаев — невротические, неврозоподобные и психосоматические расстройства.

В это время отношения с родителями переходят на качественно новый этап, поэтому представляется важным проследить, каким именно образом они изменяются, чтобы не допустить возможных отклонений в нервно-

психологическом развитии детей, помочь членам семьи в целом легче адаптироваться друг к другу и пройти этот период без серьезных конфликтов и утрат.

При поступлении в школу существенно возрастают физические нагрузки, прежде всего статического характера; изменяется режим питания, сна и бодрствования; серьезно повышаются требования к уровням развития высших психических функций (внимания, памяти, мышления); интенсифицируется процесс социализации (повышаются требования к ответственности ребенка, его личностным качествам); большие требования предъявляются к способности ребенка к саморегуляции своих состояний и процессов.

Ряд авторов подчеркивает важность учета пре- и постнатальных факторов и условий развития, понимая школьную дезадаптацию как результат актуализации психофизиологических дисфункций, вызванных усложнением условий жизни ребенка на фоне сенситивного периода развития. При этом в качестве признаков дезадаптивных состояний школьников рассматриваются доминирование расстройств в психоневрологической сфере.

Так, по данным исследований около 12% детей младшего школьного возраста имеют неблагоприятное эмоциональное состояние, повышенное число страхов, невротические симптомы. Причем среди детей младшего школьного возраста мальчики в 2,6 раза чаще, чем девочки, испытывают отрицательные эмоциональные состояния.

В связи с подобной ситуацией, ряд авторов предлагает выделить содержательные показатели психологического здоровья, с целью проведения их мониторинга и последующей коррекции. Подобная функция возлагается на школьные психологические службы, предполагается организация совместной работы педагогов, психологов и родителей.

В.Э. Пахальян предлагает в системе психолого-педагогических школьных служб проводить мониторинг следующих сфер: когнитивного развития ребенка; личностного развития; эмоционально-волевого развития; развития мотивационно-смысловой сферы. Как можно более раннее закладывание основ психологического здоровья будет служить его эффективной профилактикой. По мнению И.В.Дубровиной, О.В.Хухлаевой и других исследователей, психологическое здоровье следует целенаправленно формировать. При этом особое внимание уделяется формированию внутренней картины здоровья, подразумевающей особое к нему отношение. Внутренняя картина здоровья выражается в осознании его ценности, в активно-позитивном стремлении к его совершенствованию.

По О.В.Хухлаевой, под формированием психологического здоровья следует понимать создание возможностей психологически здорового функционирования детей через организацию их жизнедеятельности.

По мнению О.В.Хухлаевой, такие ситуации способствуют развитию воли, накоплению опыта преодоления препятствий, мотивируют к саморазвитию. Следует добавить, однако, что интенсивность психоэмоционального напряжения в таких ситуациях не должна превышать индивидуальный порог адаптации, иначе воздействия трудных ситуаций могут привести к негатив-

ным последствиям в личностном развитии. Здесь предполагается наличие у учащегося способности к самостоятельному сохранению душевного равновесия, то есть способности в различных ситуациях приходить к состоянию внутреннего покоя. По сути, здесь речь идет о развитии саморегуляции у ребенка, в частности, регуляции собственных состояний.

Следует как можно раньше формировать у ребенка установку на позитивное мировосприятие, учить находить разные источники положительных эмоций. Здесь велика роль ближайшего окружения, прежде всего родителей.

В ряде работ, подчеркивающих адаптивное значение психологического здоровья, способность к эффективной саморегуляции рассматривается как один из основных критериев психического и физического здоровья человека. В частности, Г.С.Никифоров среди прочих критериев физического, психического и социального здоровья называет следующие: способность самоуправления поведением в соответствии с нормами, установившимися в данном обществе (социальное здоровье); эмоциональная устойчивость, самообладание, совладание с негативными эмоциями, сохранность привычного, оптимального самочувствия (психическое, психологическое здоровье); оптимальная работа всех функциональных систем организма (физическое здоровье).

Способность человека к управлению своими психическими состояниями (саморегуляция на психологическом уровне) может целенаправленно развиваться. Основывается она на самовоздействии человека на работу вегетативных функций организма (саморегуляция физиологического уровня), на способности к самовнушению, на способности к управлению основными психическими процессами.

Процесс целенаправленного формирования способности произвольной саморегуляции у детей младшего школьного возраста должен включать в себя следующие компоненты: формирование у детей мотивации к самопознанию, к саморазвитию, к возможности управлять собой; предоставление учащимся первичной информации об их психических процессах, о психических возрастных закономерностях, об особенностях протекания психических состояний в разных ситуациях жизни и деятельности; формирование у детей способности распознавать текущие психические состояния, обозначать их; обучение основам саморегуляции и самоконтроля эмоционального состояния.

В частности, эффективным способом регуляции психических состояний может стать овладение детьми младшего школьного возраста основами психорегуляции (А.С.Ромен, М.И.Чистякова, Л.Картавых, Л.Борисова, О.Л.Осадчук и др.). Эффективность психорегуляции обеспечивается системностью и взаимосвязанностью психического и физического уровней здоровья. Механизмы благотворного влияния психорегуляции на здоровье человека обоснованы работами И.П. Павлова, И.М.Сеченова, П.К.Анохина.

Все вышеизложенное свидетельствует, что существует необходимость формирования основ психологического здоровья у детей, начиная с дошкольного возраста. Такое обучение будет служить эффективным средством

профилактики психологического нездоровья и иметь адаптивный эффект. Одним из способов профилактики психологического нездоровья может являться обучение детей младшего школьного возраста основам психорегуляции.

## ЛИТЕРАТУРА

1. Ананьев В.А. Введение в психологию здоровья. – СПб., 1998.
2. Братусь Б.С. Образ человека в гуманитарной, нравственной психологии // Психология с человеческим лицом: гуманистическая перспектива в постсоветской психологии/Под ред. Д.А. Леонтьева, В.Г. Щур. М.: Смысл, 2017. – 296 с.
3. Войнов В.Б., Сысоева А.Ф., Варвулева И.Ю. Психоневрологическая оценка состояния детей в динамике 1-3 классов // Физиология развития чело- века. Материалы международной конференции. – М., 2019. –140 с.
4. Дубровина И.В. Практикум по возрастной и педагогической психологии. –/Авт.- сост. Е. Е. Данилова/ – М.: Издательский центр “Академия”, 2018. – 160 с.
5. Дубровина И. В. Руководство практического психолога: психическое здоровье детей и подростков в контексте психологической службы.– Москва: Академия, 2019. – 168 с.

**Утеуова А.А.**, аға оқытушы, магистр.,  
**Кереймаганбетова Ж.Н.** аға оқытушы, магистр.,  
**Каримова Г.М.** аға оқытушы, магистр.  
Қ.Жұбанов атындағы АӨУ  
[uteuova\\_1975@mail.ru](mailto:uteuova_1975@mail.ru), [zhanar-kn@mail.ru](mailto:zhanar-kn@mail.ru), [ali2005ali@mail.ru](mailto:ali2005ali@mail.ru)

## СТУДЕНТТЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫН ДАМУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

### АННОТАЦИЯ

Қоғамдағы әлеуметтік – экономикалық өзгерістер қазіргі адамның психикасына және оның қоршаған ортаға бейімделуіне жоғары талаптар қойып отыр. Адамдардың психологиялық сықаттарының белгілері көбеюде: өзінің өмірлік сұраныстарын қанағаттандыра алмаушылық және құбылмалы әлемде өмір сүру барысында әлеуметтік – құзыретті тұлға болып қала алмау, дезадаптациялық мінез – құлық және қоршаған ортадағы адамдармен тиісті қарым – қатынас сақтауға мүмкіндіктің жоқтығы. Осыған байланысты қазіргі қоғамның ғылымға жүктейтін өзекті сұранысы, тұлғаның және жалпы қоғамның психологиялық денсаулық мәселесі болып саналады.

**Тірек сөздер:** психика, психологиялық денсаулық, қоршаған орта.

Зерттеушілер «психологиялық денсаулық» категориясы денсаулықтың антропорталықтас үлгісін көрсетеді, денсаулықтың бағытын белгілеп, адамда жеке адамдықты өзектендіру сипаты мен дамудың бағыттылығын анықтайды, деген қорытындыға келді; психологиялық денсаулық – бұл, жеке өмір аясында субъектілі шынайылықтың қалыпты дамуының нәтижесі мен үрдісін сипаттайтын жағдай. Психологиялық денсаулықтың жеке нормасы – ол дамудың тиісті жағдайларында белгілі бір жаста нақты бір адамға ең жақсы мүмкін болатын нәрсе. Психологиялық денсаулықтың максимасы өмірге қабілеттіліктің және жеке адам адамгершілігінің интегралы (яғни тұтастық, толықтық және бірқалыптылық) болып табылады; психологиялық денсаулықтың бұзылуы негізінде субъектілі шынайылықтың жетілмегендігі немесе үйлесімсіз дамуы жатыр; баланың адам ретінде дамуын басымдықпен ерекше белгілейтін білім беру саласы, балалардың қамтамасыз етудің тиімді формасы болып табылады. Студенттердің психологиялық денсаулығының ақпараттық аспектісі И.И.Леоновамен қарастырылған. Автордың айтуынша, ЖОО – ның электрондық білім беру кеңістігінің аясында, ақпараттық – компьютерлік технологиялармен және оларды жүзеге асыру құралдары – жеке компьютермен, телекоммуникация жүйелерімен, әлемдік ақпараттық желілермен, әсіресе интернетпен және т.б. өзара әрекеттестіктің қарқындылығы студент жастардың психологиялық денсаулығына зор әсер етеді. Аталған технологиялармен жұмысқа берілу, ЖОО – ның білім беру үрдісіне олардың енуі тұлғаның үйлесімді тіршілік етуін, оның тұлғалық даму үрдісін баяулататын немесе тіпті бұрмалайтын, көбінесе тежеуіш факторының сипатына ие бола бастаған. Мұндай түрдегі ықпал ЖОО – ның білім беру кеңістігінің жағдайында студенттердің психологиялық денсаулығын сақтау үрдісін қамтамасыз ету қажеттілігімен және білім беру тәжірибесінің дәл осы ақпараттық – компьютерлік технология құралдарымен тым қаныққандығымен байланысты, қарама – қайшылықтардың пайда болуына әкеледі.

Нәтижесінде төмендегідей мәліметтер алынды:

1. Электрондық кеңістік жағдайында білім алатын студенттердің тұлғалық ерекшеліктері, оқу барысында нақты объектілермен өзара әрекеттестік тәжірибесін тікелей қамтамасыз етуге бағытталған жағдайда оқитын студенттердің тұлғалық өзгешеліктерінен, көп өлшемдер бойынша ерекшеленеді.

2. Электрондық білім беру кеңістігі, тұлғаның іс – әрекет аясын шектей отырып, жалпы оның психологиялық денсаулығы деңгейінің төмендеуіне ықпал етіп, оның эмоционалдық ортасын басады.

3. Студенттердің психологиялық денсаулығын қамтамасыз етудің негізгі тәсілдері ретінде, электрондық білім беру кеңістігінің тежеуіш факторларын жеңудің ерекше психологиялық жағдайлары бола алады.

ЖОО – ның электрондық кеңістігі жағдайларында тұлғаның дамуы, оқу барысында электрондық үлгілерді емес, бірінші кезекте, нақты

объектілермен өзара әрекеттестік тәжірибесін пайдаланатын жағдайда оқитын студенттердің тұлғалық дамуынан едәуір ерекшеленеді. Электрондық кеңістік тұлғаның рационалды – логикалық аясының эмоционалдық ортасынан басым болуы үшін жағдай жасайтындығымен сипатталады. Сонымен қатар ол қарым – қатынас үрдісін, оның құрылымындағы перцептивтік және интерактивтік аспектілердің рөлдерін төмендету арқылы, өзгертеді. Бұл, өз кезегінде, тұлғашылық деңгейіндегідей тұлғааралық қарым – қатынас деңгейінде де жоғары шиеленістерге, экстерналдық бағыттылықтың басымдығына, қорғаныс механизмдерінің ауқымды спектрін қолдануға, қиын жағдайларды шешуін қаламаушылыққа, өмірге бейімділіктің төмен деңгейіне, өзін және өзгелерді қабылдаудың төмен деңгейіне әкеледі.

Электрондық білім беру жағдайында өзінің жасерекшелік міндеттерін тікелей, табиғи жолмен шешудегі пайда болған мүмкінсіздік, қарым – қатынас қажеттілігі, студенттер арасындағы жақын сенімді қатынастар қажеттілігі терең тұлғашылық шиеленістерді тудырады, олардың шешілуі аталған қарама – қайшылықтарды күшейтетін тәсілдер арқылы мүмкін болады.

Электрондық кеңістік тұлғаның іс – әрекет аясын шектей келе, ақпараттық – компьютерлік технологиялар төңірегінде студенттердің қызығушылықтарын шоғырландыруға мүмкіндік береді. Бұл, алдымен, эмоционалдық әлпеті мен өз ойын білдіру мүмкіндіктерін шектеп, эмоционалдық ортасында көрініс табады. Осылайша, эмоционалдық ортасы төмен және орташа қалыптасқан сыналұшылар өзінің эмоционалдық ортасымен қатынас жасағанда қиындықтарға жолығады, бұл тұлғааралық өзара әрекеттестік пен қарым – қатынаста, сонымен қатар жалпы өмірмен қанағаттануда тиісті мәселелер тудырады.

Студенттердің психологиялық денсаулығын сақтаудың аса маңызды тәсілі болып, электрондық кеңістіктің баяулатқыш факторларын жеңудің психологиялық жағдайларын жасау болуы мүмкін: психологиялық пәндер циклын меңгеру барысында студенттер даярлығының тұлғалық құрамын тереңдету және кеңейту; білім беру үрдісі субъектілерінің психологиялық денсаулығы мен оны сақтау жағдайлары саласында, олардың құзыреттілігін арттыру мақсатымен ЖОО оқытушыларымен жұмыс жасау; аталған психологиялық жағдайларды жасауға психологтардың белсенді қатысуы; электрондық кеңістіктің баяулатқыш ықпалдарын жеңуге арналған бағдарламаға қатысу үшін студенттердің психологиялық даярлығы.

Алынған нәтижелер қазіргі студенттердің психологиялық денсаулығына жағымсыз әсер ететін тұлғаның келесі психологиялық ерекшеліктерін белгілеуге мүмкіндік берді:

– тұлғашылық шиеленіс аясында жүретін және конформдылықтың өсуімен қатар жүретін қарым – қатынастағы түсініксіздікпен және үстірттілікпен шартталған экстраверсияның басымдылығы. Әлеуметтік желілерді қолдану арқылы қарым – қатынастың шеңберін шексіз ұлғайтуға



тырысу, сонымен қатар студенттердің жалғыздық қорқынышымен, өз қарым – қатынасының деңгейімен қанағаттанбағандығынан туындаған қарым – қатынастың үстірттілігін күшейту;

– агрессия мен жалғандықтың жоғары деңгейі. Өзін – өзі таныту басқыншылық сипатқа ие, бұл жерде студент жасындағы тұлғаның даму үрдісінде соған «кептелу» байқалады. Демонстрациялық агрессия шыдамсыздыққа айналып, мазасыздану аясындағы жалғандық демонстрациялық жалғандыққа ауысады;

– негізгі көрсеткіш болып, бірге оқитын курстастарының тұлғалық және іскерлік ерекшеліктерін біліп, оларды эмоционалды тұрғыда қабылдауға негізделген, құрбыларымен тұлғалық қарым – қатынас, іскерлік қарым – қатынас шеңберін кеңейту саналады. Бұл жерде аталған қатынастарды дамыту барысында студенттік қоғамда курстастарының тұлғалық ерекшеліктерін білгендік ұлғаяды, ал студенттік ұжымды қабылдау төмендейді. Мұндай жағдай студенттердің қарым – қатынас жасау қажеттіліктерінің қанағаттанбағандығын білдіреді және ол жастардың психологиялық денсаулығына жағымсыз әсер етеді, себебі қарым – қатынас қажеттілігі студенттік ұжымнан тыс жүзеге асады да субъект – субъектілі сипатқа ие болады, ал интернет – технологиялардың қорларын, әсіресе әлеуметтік желілерді пайдалану арқылы жанамалық сипатты иеленеді;

– студенттердің тұлғааралық қатынастарының дамуы спонтандықтың, аггравацияның, тұлғаишілік шиеленістердің, аутоимпатияның, басқалардың жағымды қатынастарын күтудің, өзін – өзі кінәлаудың деңгейімен байланысты болады. Және студент үшін, басқа адамды қабылдаудан, оның тұлғалық ерекшеліктеріне деген қызығушылықтарынан құралатын, әсіресе тұлғалық қарым – қатынас маңызды; психологиялық денсаулықтың маңызды көрсеткіші болып, студенттердің өмірлік құндылықтар жүйесі саналады. Онда өзге адамдармен және әр түрлі салаларда, өзара әрекеттестік құндылығына басты орын бөлінеді; альтруистік құндылықтардың өзара қатынастардағы рөлі ерекше, сондықтан олардың қалыптаспағандығы қоршаған ортадағы адамдарды тануға байланысты студенттерде қиындықтар тудырады. Басқа адамдармен өзара қатынастардың құндылығы мен альтруистік, адамгершілік құндылықтардың төмен деңгейінің арасындағы қарама – қайшылықтар тұлғаишілік ширығуға, психологиялық денсаулықтың ауытқуларына әкеледі;

Студенттердің көп жоспарлы ашық іс – әрекеттері мен кәсіби – оқу іс – әрекеті сипатының арасында, сонымен қатар басқа да маңызды сырластық – тұлғалық қарым – қатынастың негізгі компоненттерінің арасындағы келіспеушіліктер психологиялық денсаулықта ауытқулардың пайда болуына ықпал етіп, тұлғалық дамудың бұзылуына әкеледі.

Тұлға ерекшеліктерінің мазмұнды талдауы, студенттің ЖОО – на бейімделу кезінде қарым – қатынас ортасы аса қиын болатындығы туралы айтуға мүмкіндік береді. Оның мәні әлеуметтік өзара әрекеттестік үрдісінде ол өзін – өзі таныту қажеттілігін жүзеге асыратындығымен анықталады.

Бұл жерде қоршаған ортадағыларға қатысты рефлексиялық ұстанымның болмаған кезінде қабылдануды қалағандық, өзін – өзі таныту барысында агрессияның өсуіне әкеледі, олардың ішкі тепе – теңдігін бұзады. Осы арада студенттердің бір бөлігінде терең тұлғалық қатынастарды орнату дағдысы қалыптаспайды, соның нәтижесінде мазасыздық, сенімсіздік, эмоционалдық тұрақсыздық, тұлғаишілік шиеленістер пайда болады.

Қазіргі кезде әдебиеттерде адам үшін тұлғалық маңызды ақпараттармен айналысатын «қызба» интеллект (тәжірибелік, әлеуметтік және эмоционалдық), деп аталатын ұғым кеңінен талқылануда. Тәжірибелік интеллект деп, күнделікті өмірде іс жүзіндегі міндеттерді шеше алу қабілеті аталады. Әлеуметтік интеллект басқа адамдардың мінез – құлқын дұрыс түсініп, болжай алу қабілетін білдіреді. Эмоционалдық интеллект – ол эмоцияларды түсініп ажырата білу қабілеті және оны өзінде де, басқа адамдарда да басқара алу. Теориялық құрылымдар мен диагностика әдістерінің талдауы көрсеткендей: 1) әлеуметтік интеллект –ол тұлғаишілік қатынастар саласындағы тәжірибелік интеллект; 2) эмоционалдық интеллект өзін – өзі реттеу жағдайында тәжірибелік міндеттердің барлық спектрінің барынша тиімді шешілуін қамтамасыз етеді; 3)эмоционалдық интеллект басқа адамның эмоционалдық күйінің реттелуі түрінде, әлеуметтік бейімділікті ғана қамтамасыз ететін әлеуметтік интеллектке қарағанда, оның мінез – құлқына ықпал етуге мүмкіндік береді.

Белгілі болғандай, психологиялық тұрғыда дені сау, жетілген тұлғаның басты сипаттамасы болып, оның тіршілік әрекетіндегі барлық салаларға әсер ететін құндылықтар бағдары саналады. Студенттердің негізгі өмірлік құндылықтарының талдауы М.Р. Гинзбург әдістемесінің нәтижесінде жасалды [197].Осы әдістеме бойынша жүргізілген зерттеудің жалпы нәтижелері бірінші орынға келесі реттегілер шыққандығын көрсетті: сырластық қатынас (9,0), дербестік (8,6) және өмір мәні мен мақсатының болуы (8,6). Олардан соң қоршаған ортадағылар тарапынан қабылдау құндылықтары (8,5) және өздігінен даму (8,3), кәсіби және оқу – кәсіптік (8,3), қоғамдық – саяси және материалдық (8,4), отбасы – тұрмыстық (8,0), ересектермен қатынастар (7,9) орын алды. Студенттерде ең аз байқалатын альтруистік құндылықтар болды (7,8), адамгершілік және бос уақыт (7,5), сыртқы тартымдылық (7,1), мәртебе, шығармашылық (6,7). Сонымен қатар әжептәуір студенттер нақты құндылықтар құрылымын көрсете алмады.

В.В. Лысенконың айтуынша, қазіргі қоғамда болып жатқан өзгерістер, әлеуметтік тұрақсыздық, оқиғалардың қарама – қайшылығы және бірқалыпты еместігі, белгісіздігі, құндылық бағдарлардың өзгеруі, дағдарысты жағдайлардың көбеюі –тұлғалық өзін – өзі реттеуге және әлеуметтік бейімделу механизмдеріне үлкен талаптар қояды, тұлғаға өткен және қазіргі уақыттағы оқиғаларды қайта ойластыруды және өмірлік маңызды құндылықтарды сақтау қажеттілігін жүктейді.

Психологиялық денсаулықты сақтаудың бір шарты ретінде автор саногендік рефлексияны қалыптастыру қажет деп, санайды. «Басымдық

кажеттілігі», «сәтсіздіктер аясындағы интерналдық», «эмоционалдық» көрсеткіштерімен белгіленетін, саногендік рефлексия жасауға үйрету өзін – өзі реттеу компоненттерінің арақатынасын өзгертеді. Саногендік рефлексияға үйрету ашушандық көрсеткіші мол адамдарда оны төмендетуге көмектеседі, эмоциялықтың жалпы деңгейіне ықпал етуді қалпына келтіреді, жетістіктерге жету қажеттілігі көрсеткішінің деңгейі төмен адамдарда, оны көтереді.

#### Литература

1. Песталоцци, И.Г., Избранные педагогические сочинения в 3-х томах, Т.3, / И.Г. Песталоцци. -М.: Просвещение, 1961-1965 гг., с. 228-229.
2. Антонова Л.Н. Психологические основания реализации здоровьесберегающих технологий в образовательных учреждениях/ Л.Н. Антонова, Т.И. Шульга, К.Г. Эрдынеева. - М.: Изд-во МГОУ, 2004.-100с.
3. Здоровьесберегающее образование: теорет. и приклад. аспекты: сб. ст./ Перм. гос. пед. ун-т [и др.]. - Пермь: Кн. мир; Звезда,2002.-205с.
4. Вайнер Э.Н. Формирование здоровьесберегающей среды в системе общего образования// Валеология.-2004.-№1.-С.21-26.
5. Васильева О.С., Филатов Ф.Р. Психология здоровья человека: эталоны, представления, установки.- М.: Академия, 2001.- 462 с.
6. Чупаха И.В. Здоровьесберегающие технологии в образовательно-воспитательном процессе: научно-практический сб. инновац. опыта/ И.В. Чупаха, Е.З. Пужаева, И.Ю. Соколова. - М.: Илекса; Ставрополь: Сервисшкола,2001.-400с.
7. Опыт реализации комплексной стратегии образования, формирующего здоровье школьников: сб. статей и научно-методических разработок/ Под ред. Ю.В. Науменко. – Волгоград: Изд-во ВГИПК РО,2005.- 236с.- (Приложение к журналу «Учебный год», №8. Серия «Здоровьесбережение». Вып.2).
8. Богданов Е.Н., Зазыкин В.Г. Введение в акмеологию.- Калуга: КГПУ им. К.Э. Циолковского, 2001.- 145 с.
9. Гревцова Е.А., Буробина Л.Н., Николаева А.Д. Формирование здорового образа жизни будущего учителя // IX Всероссийская научно-практическая конференция «Образование в России: медико-психологический аспект»: материалы конференции.- Калуга: КГПУ им. К.Э. Циолковского, 2004, с.113-115.

## ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНДЕ ҚИЫН ЖЕТКІНШЕКТЕРДІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕЛЕУ ЖОЛДАРЫ

### АННОТАЦИЯ

На сегодняшний день отечественными и зарубежными психологами и социологами отмечается рост количества «трудных» детей. Дети испытывают трудности в процессе социализации, воспитания и обучения, не стремятся к развитию себя как личности. Статья посвящена вопросам изучения причин трудновоспитуемости детей в подростковом возрасте и оказании своевременной коррекционной помощи в организации воспитательного процесса подросткам родителям совместно с педагогами и психологами.

Оқу-тәрбие ісінде қиын балаларға педагогтар мен психологтар ерекше назар аударуда. Кімді болса да қиын бала деген кім, ол қалай пайда болады деген сұрақ толғандырады. Міне, сол үшін пайдасыз әдістердің зиянды салдарын түзеу үшін жан-жақты ойластырылған, ғылыми негізделген психологиялық-педагогикалық жүйе болуы керек. Қалыпты отбасынан «қиын» бала шыға қоймайтыны белгілі. Алайда, Л.Толстой жазған: «барлық бақытты отбасылар бір-біріне қандай ұқсас болса, әрбір бақытсыз отбасы бір-біріне ұқсамайтын әрқилы бақытсыз», десе ал ұлы Абайдың сөзі қайта тәрбиелеу ісін жігермен бастауға дем береді: «баланы ең алдымен қоршаған ортасы, көшесі тәрбиелейді», - деп тұжырымдайды.

Психолог-педагог ғалымдар А.Выготский, П.Блонский «қиын» балалар мәселелерін жан-жақты зерттей отыра зерттеу жұмыстарының нәтижесі бойынша «қиын» балалардың шығуына үш фактор себепші болады деп көрсетеді:

Отбасы тәрбиесінің дұрыс ұйымдастырылмауы, тұрмыстағы ұрыс-керіс, маскүнемдік, ата-ананың біреуінің болмауы.

1. Мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда жіберілген кемшіліктер, яғни жеке оқушылардың мінез-құлық ерекшеліктерін, ынта-ықыласын, қызығуын, талап-тілегін ескермеу.

2. Жұртшылықтың, қоғамдық ортаның тәрбие үрдістеріне дұрыс көңіл бөлмеуі.

«Қиын» балалар кім және оның нақты анықтамасын қалай тұжырымдауға болады деген сұраққа ғалым психологтардың зерттеу нәтижесінде көздері жеткен мәселелеріне сүйенуге болады. Мәселен: В.Трифанов зерттеулеріндегі «қиын» бала анықтамасы-күнделікті педагогикалық әсерге көне бермейтін, өзіне үнемі қосымша уақыт бөліп қарауды, мұғалімнің ерік-жігерін, күшін, қажырлы педагогикалық еңбегін қажетсінетін оқушы. А.Фортунов «қиын» бала ұғымына үлгірмеушілер мен

тәрбие ықпалына көнбейтін балаларды жатқызады. В.А.Сухомлинский қиын балаларға тән мінез ызалылық, ашуланшақтық, дөрекелік, бірбеткейлік, ұрыс-жанжалға жақын, айқай-шу шығарып айналасындағыларға маза бермейтіндер, теріс ықпалға тез түсетіндер тобын жатқызады. Қиын бала дегеніміз П.П.Блонскийдің пікіріне жүгінсек, қиын оқушы мұғалім еңбегінің өнімсіздігінен туындайды. Л.С.Выготскийдің ойынша оқушы қиындығының негізінде баланың өсу жолындағы өтпелі шақтың аномаль құбылыстары жатады деп тұжырымдайды.

«Қиын» баланың шығу себептеріне ХХ ғасырдың басында өмір сүрген қазақ зиялылары мен ағартушылары да назардан тыс қалдырмаған. Мәселен, Ж.Аймауытов, Ә.Жұмабаев, мектептің «қиын» оқушыларымен жұмыс жүргізу жүйесін жасады. Сондай-ақ ғалым-педагог Л.К.Керімов «қиын» балаларды жеке және топтап қайта тәрбиелеу бағдарламасын ұсынды.

Ғалымдардың анықтамасына сүйенсек, «қиын» балалар қатарына психикалық дамуы уақытша баяулаған, тез ашуланшақ, уайымшыл, өзін төмен санайтын, мінез-құлқында психопатиялық формалар кездесетін, қозу күйін дәрі-дәрмек беру арқылы тежейтін, кәмелетке жасы толмаған құқықтық тәрбие бұзушы жасөспірімдер жатады.

Жеткіншектер аса еліктегіш келеді. Әке, шеше және отбасының басқа да мүшелері жеткіншектерге тек сөз арқылы ғана емес, жеке бастарының өнегесімен, іс-әрекетінің үлгісімен ықпал етеді. Осы ретте тәрбиені нәтижелі ұйымдастыру үшін отбасылық жағдайды мектеп өмірімен ұштастыру қажет. Кейде отбасының көп жыл бойы балаға жасаған ықпалы, оны қоршаған ортаның қоғамдық әсерінен басым түсуі әбден ықтимал. Сондықтан, отбасы тәрбиесіне теріс ықпал ететін жағдай жеткіншектің бойында ұнамсыз қасиеттердің болуына, қоғамға жат ой-пиғылдардың қалыптасуына әсер ететін басты себептердің бірі болып табылады. Елдегі эканомикалық-әлеуметтік жағдайдың нашарлауы отбасындағы күнкөріс, тіршілік ету жағдайына өз ықпалын тигізеді. Отбасындағы мұндай келеңсіздіктер балалардың оқуға бармай, дала кезіп, ұрлық, кісі тонау секілді қоғамға жат қылықтармен айналысуына әкеп соғады, нәтижесінде мектеп өмірінде мінез-құлқы күдік келтіретін «қиын» деген балалар қалыптасады. «Қиын» балалардың тағдырына қазіргі күнде қоғам, мемлекет ұйымдары ерекше көңіл аударып келеді.

Қазақстан Республикасының «Кәмелетке жасы толмағандар арасында заң бұзушылықтың алдын алу және балалар арасында қаңғыбастықты болдырмау» заңындағы мемлекеттік саясаттың мақсаты:

- кәмелетке жасы толмағандардың құқықтық санасын және мәдениетін қалыптастыру жөніндегі мақсатты жұмысты қамтамасыз ету;
- кәмелетке жасы толмағандармен жеке профилактикалық жұмыс жүргізу үшін құқықтық негіздерді қалыптастыру;
- кәмелетке жасы толмағандар ата-аналарымен және басқа да заңды өкілдерімен өзара қарым-қатынас жасау;

- балаларды оқыту , тәрбиелеу, емдеу, спорт және өзге де мекемелермен тиісті дәрежеде жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- кәмелетке жасы толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзғаны үшін жауапкершілікті белгілеу;
- балалардың дене бітімі, зияткерлік, рухани және имандылық дамуына, оларды патриоттыққа, азаматтыққа және бейбітшілік сүйгіштікке тәрбиелеуге ықпал етуден тұрады.

Ғылыми деректерге қарағанда, тәрбиесі қиын балаларда байқалатын белгілер: біріншіден, анамальды қажеттілік, екіншіден, тұрақты жаман қасиеттердің жиынтығы, үшіншіден, ата-аналарымен немесе мұғалімдермен тұрақты егесу жағдайлары, төртіншіден, басқа адамның көмегінсіз өзін-өзі түзетуге қабілетсіздігі.

Белгілі психолог ғалым К.К.Платонов жеке адамның психологиялық болмысын төрт салаға бөледі:

1. Баланың темпераменті және жыныстық ерекшеліктері мен жас ерекшелігі (физиологиялық ерекшеліктер);
2. Жеке адамның дамып қалыптасуына негіз болатын психологиялық құбылыстар (түйсік, елес, ой, сезім, тілек, қабілет, қызығушылық, мінез, әдет- биологиялық ерекшеліктер);
3. Баланың күнделікті өмір тіршілігі, білімі, әдет-дағдысы, икемділігі;
4. Ұстанған бағыттары мен адамгершілігі.

Негізінен, барлық мәселе ата-аналар тарапынан баланың бос уақытының орнықты пайдаланбаудан, тұрмыстың нашарлығы мен отбасындағы қақтығыстардан бастау алады. Ата-ананың жылуынан, сүйіспеншілігінен, ыстық ықыласынан айырылған балалар көшесінің қағидасымен өмір сүруге бейімделеді. Қылмыстық жолға түседі. Жасөспірімдердің осындай келеңсіз оқиғалардан аулақ болуын жан-жақты тұрғыда қарастырып, бірлесіп іс-әрекет жасағанда ғана іске асыруға болады. Осы орайда қиын жеткіншектерді қайта қалпына келтіру орталығында және жалпы білім беретін орта мектептерде психологиялық қызметті ұйымдастыруды жүйелі жолға қойса, мектеп психологы ата-аналармен және мектеп инспекторларымен етене жұмыс жүргізсе, қиын бала мәселесі біршама орнымен шешілуі мүмкін болар еді деп ойлаймын.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Выготский Л.С. Проблемы возраста. П.С.С. Т.4. М.,1982.
2. В.Г.Баженов, В.П. Баженова. Психолого-педагогическая диагностика и коррекция девиантного поведения школьников. Тараз, 2003.
3. Л.С. Байсеркеев. Нравственные основы правового воспитания школьников. Алматы, 1999.

# БОЛАШАҚ ЗАҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНДЕГІ ЕРІК САПАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Төлебаева Ж.А-магистр, аға оқытушы.,  
Қ.Жұбанов атындағы АӨУ

## АННОТАЦИЯ

Мақалада болашақ заң қызметкерлерінің тұлғасын құрайтын ерік феномені және ерік қасиетін түсіндіретін психологиялық және философиялық тәсілдердің алуан түрлігі қарастырылады.

**Кілт сөздер:** ерік, оқу қызметіндегі ерік, ерік пен мотивация байланысы.

**Ключевые слова:** воля, воля в учебной деятельности, взаимосвязь воли и мотивации.

**Keywords:** will, will in learning activity, interrelation of will and motivation.

Ежелгі кезден бері ғалымдар ойы араларында дискуссия, дау-дамай тудырған ерік және іс-әрекеттің еріктік регуляциясы мәселелерімен болды. Антикалық философияда бұл ұғым Платонның шәкірті ежелгі грек философы Аристотельмен қарастырылды. Оның ойынша, «Ерік» ұғымы адам қалауларына емес, орындалудағы саналы шешімге негізделген іс-әрекетті қалыптастыруды түсіндіруде енгізілді. Аристотель өз еңбектерінде ерікті жанның саналы бөлігінде талаппен бірге қозғаушы күшке ие саналы шешімдердің қосылуы арқылы пайда болады деп түсіндірді [1].

Француз философы, математигі және физиологы Р. Декарт Аристотельге қарағанда ерікті ынталылықты қалыптастыратын және адамның әр әрекетіндегі мотивацияны анықтайтын, рефлекторлық принцип негізінде түсіндірілмейтін жан икемділігі. Еріктің негізгі функциясын Р. Декарт сананы қолдану негізінде таңдамалы әрекеттерге ниетті қалыптастыру үшін құштарлықтар күресі ретінде ашып қарастырды [2].

И. Кант өз жұмыстарында «ортақ ерікті» индивидтер ынтасының бірлігі ретінде сипаттайды, яғни, ерік белгілі бір тұлғаға ғана емес бүкіл халыққа тән [3]. Кант ортақ ерік тек индивидтің еркін білдіруінің жай жинағы емес, ол берілген ынталар байланысынан туындаған жаңа сапалы жағдайы деп түсіндірді. Сонымен қатар, мақсатқа жету мүмкіндігі әр адамдардың бастамасымен емес, ұйымдағы азаматтардың бірігуінен артады деген [4].

Өз философиясында неміс философы Л. Г. Гегель ерік пен ойлаудың үздіксіздігін атап, ерікті жан азығы деп жариялайды. Гегель ерік адамда ойлаумен бірге болатын еркіше болмыс, ойлаусыз ерік те мүмкін емес процесс деп пікірін білдірді [5].

Л. Фейербах атақты неміс философ-материалисті Гегельдің көзқарасын дамытып, жалғастырды. Фейербах ерік пен ойлауды тепе-тең деп ойлаған жоқ, дегенмен, ортақтан жекеге ретінде бір-бірінің қарым-қатынасын байланыстырды. Автор еріксіз ойлау болмайды деп айтып, оларды бір-бірінен бөлмей ерік ойлаудың бір құрылымы болу керек, былайша, ойлау бос, қажетсіз болар еді деп есептеді. Субъект қандай да бір мәнге қатысты әлдебір ынтаны қанағаттандыруға ұмтылады, сонымен бірге, ынталы мән белгілі бір сезім тудырады. Фейербах еріктің пайда болуының бастапқы көзқарасына сезімді есептеді, сезім болмаса ерікте болмайды [6]. Ерік тек адамға тән болуы мүмкін, немесе «ерік ынталы адам болмаған да, не болуы мүмкін?» [7].

Кейбір философтар ерік мәселесін әрекетті еркін таңдау мәселесімен түйістірді. Дж.Локк бойынша, еріктік актілерде адам әрекеті еркін сипатта емес, ол қажеттілікке бағынышты. Еркіндік туралы Локк ол «біз әрекет ете алатынымыздан немесе біздің таңдауымыз бен ынтамызға байланысты әрекет етпеуімізден» тұрады деп атап кеткен [8].

Ерік мәселесін түсіндіруде неміс философы А.Шопенгауэр қызықты көзқарасты ұсынған болатын. Ерік барлық адамға тән белсенділікке қатысты ортақ қабілет деп

анықтады. Ерікті және әрекетті Шопенгауэр бірыңғай тұтастыққа түйістіріп, «осы екі аталған күй себепкерлік байланысымен бірікпеген, олар екі ерекше қабілеттермен ұсынылған. Дене әрекеті, оның ойынша, объектке көзделген ерік акті секілді» - деп атап кетті [9]).

Психология тарихында алғаш рет еріктің ғылыми эксперименталды зерттеулері жайлы еңбектердің авторы Н. Ах болды. Н. Ах бойынша, еріктік акт қиындықты жеңумен байланысты және екі кезеңнен тұрады: феноменологиялық және динамикалық. Феноменологиялықтың өзі төрт тарапқа бөлінген: бейнелі (күшті сезіну), көрнекілі (әрекет мақсатының көрінісі), өзекті (ерік актісінің ең маңызды бөлігі), күйдің кезеңі (жігерлік қиындығын уайымдау). Динамикалық жағы әрекеттің орындалуының сәттілігімен сипатталады [10].

В. Вундт ерік көрінісін аффективтік процесстермен байланыстырды. Оның ойынша, аффектсіз еріктік әрекеттер мүмкін емес. Әрбір еріктік акт аффектті қалыптастыратын мықты немесе әлсіз айқындалған сезімдер мен эмоциялармен сүйемелденеді. В. Вундт «аффектті процесс ерік процесінен айырмашылығы еріктің әлдебір әрекет түріндегі аяқталуында» - деп атап өткен [11].

В. Франкл адамға барлық өмір сүру барысында қандай да бір физиологиялық себептер әсер етеді, бірақ «адами әрекеттің адамгершілігі» субъективті негіздеулермен анықталады деп айтып кеткен. Сондықтан да, дәл осылар адам әрекетінің таңдауының детерминациясы болып табылады. Бірақ, В. Франклдің пікірінше, таңдау еркіндігі әрқашан еркін бола бермейді, ол «еркіндіктен» емес, ол «еркіндік үшін». Осыған негізделі В.Франкл мындай формуланы ұсынды: «еркіндік, детерминизмге қарамастан». Ішкі және сыртқы шарттарға қатысты қалыпқа еркін тұра алады, бірақ сол шарттардан еркінсіне алмайды. Ішкі және сыртқы шарттарды басқару адамдарға байланысты немесе олар адамды басқаруы мүмкін. Яғни, берілген шарт адамның іс-әрекетін толықтай анықтамайды. Сонымен қатар, автор ерікті өзінің қалыптастырған функцияларының бірі өмір мәнін іздеумен байланыстыруда екпін жасайды [12].

Р. Ассаджиоли ерік функциясын қалған психикалық процесстердің реттеуші ретінде қарастырады (ойлау, эмоция, ынта, қиял, ес). Ерік тұлға жүйесінде басты орында тұрады.

Еріктің келесідей түсініктері У.Джемспен ұсынылды. Ол ерік көріністерін қосымша нәтиже ретінде дәлелдеді. Ерік көріністері алдын-ала ынталандырылған болып келеді, адам алдын-ала талпынады, сол себепті де олар болжанатын әрекетпен жасалады. Демек, Джемс ерікті немесе еркін әрекеттер біздің ағзамыздың қосымша функциясы болуы тиіс деп есептеді [13].

Сонымен, шетел философиясы мен психологиясында ерік туралы ойлар әртүрлі. Аристотель «Ерік» ұғымы адам қалауларына емес, орындалудағы саналы шешімге негізделген іс-әрекетті қалыптастыруды енгізді. Р.Декарт ерікті ынталылықты қалыптастыратын және адамның әр әрекетінде мотивацияны анықтайтын, рефлекторлық принцип негізінде түсіндірілмейтін жан икемділігі деп атады. Бірнеше философтар ерік пен ойлаудың үздіксіздігін атап, ерікті жан азығы деп жариялайды және еріксіз ойлау болмайды, оларды бір-бірінен бөлмей ерік ойлаудың бір құрылымы болу керек, былайша, ойлау бос, қажетсіз болар еді деп есептеді (Л. Фейербах Л. Г. Гегель). Дж. Локк ерік мәселесін әрекетті еркін таңдау мәселесімен түйістірді. Н. Ах психология тарихында алғаш рет еріктің ғылыми эксперименталды зерттеулерін жүргізді және еріктің қиындықтарды жеңумен байланысты екенін анықтады. В. Вундт В. ерік көрінісін аффективтік процесстермен байланыстырды. Оның ойынша, аффектсіз еріктік әрекеттер мүмкін емес. Р. Ассаджиоли ерік функциясын қалған психикалық процесстердің реттеуші ретінде қарастырады. У. Джемс ерік көріністерін қосымша нәтиже ретінде дәлелдеді.



Заңгер тұлғасы да іс-әрекеті мен маман ретіндегі кәсіби еңбегінде, қызметте немесе қызметтен тыс кәсіби әрекетінде көрінетін белгілі бір қасиеттер мен ерекшеліктері бар адамдар тұлғасы ретінде түсіндіріледі.

Заңгердің ерік сапасын зерттеу даму процесінде өзіндік мақсатты көздейді:

1. Мамандығына байланысты қатты немесе жай, жағымды немесе жағымсыз әсер ететін ерекшеліктер жүйесі мен қасиеттерді анықтау;
2. Тұлғаның кәсіби портрет пен кәсіби әлеуметтік тип қалыптастыратын шынайы ерік қасиеті мен ерекшеліктер жүйесін суреттеу;
3. Қоғамның заңгер тұлғасына пайдалылық, әрекеттілік, шынайы және жалған, этикалық, құқықтық-қағидасына қатысты талаптарын талдау.

Заңгер тұлғасының мәселесін әрдайым талқылау қоғамға өзінің саналы қызығушылықтарын қанағаттандырып, кәсіби қызметін арттыруға мүмкіндік беретінін атап өту керек. Заңгер тұлғасының құрылымын талдау заңгердің барлық үш деңгейінде заңгер тұлғасын зерттеп және бағалауға қамтамасыз етеді. [14].

Өз кезегінде С. С. Алексеев және В. Ф. Яковлев басқа да ғалымдар секілді заңгер моделін өңдеу барысында, яғни заңгер тұлғасының қалаулы күйінің ерекше типін дамытуда заң мамандықтары мен қызметтерінің әртүрлілігіне қатысты ұсынылған модельге ортақ талаптар мен заңгер моделінің арнайы көрсеткіштерін қосты. Негізгі ортақ көрсеткіштер, олардың ойынша:

- ✓ марксисттік-лениндік идеялық, саяси кемелдену, табандылық, мықты ерік, қоғамдық және мемлекеттік міндетін дұрыс түсіну;
- ✓ жоғарғы ортақ мәдениет, рухани және интеллектуалды даму;
- ✓ жоғарғы және «арнайы» адамгершілік деңгейі – заңгер қызметінің этикалық нормалар қатарына бағынуы (адалдық, адамдарға сыйластықпен және ілтипатпен қарау);
- ✓ тиісті ортақ заң мәдениеті, заңды ойлаудың дамуы;
- ✓ заңнаманы және оны практика жүзінде жүзеге асырудағы терең білім;
- ✓ ортақ заңды практикалық дағдылар – «икемділік» (фактілерді зерттеу дағдысы, нормативті актілерді табу және талдау, заңды құжаттарды толтыру, заң саласына қатысты сұрақтарға ауызша жауап беру және т.б.);
- ✓ ортақ коммуникативті және ұйымдастырылған сапа, адамдармен жұмыс жасау дағдысы, тұлға психологиясын білу;
- ✓ ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу дағдысы;
- ✓ қоғамдық қайраткер сапасы, көпшілік алдында сөйлей алу дағдысы.

Ал, біз өз жұмысымызда ерік сапасы мен оның кәсіби қызметке әсерін қарастырамыз..

Тергеушінің, судьяның, прокурордың кәсіби маңызды сапасы ең алдымен олардың әр тұлғаға өз мамандығының әлеуметтік маңыздылығын терең түсінуге мүмкіндік беретін көзқарастарымен, бағытытылығымен, дүниетаным жүйелігімен, идеялық сенімділіктен тұрады, міндетті сезімге, әділеттілікке, объективтілікке, адалдыққа кәсіби функцияның топтамасы ретінде тәрбиеленеді, сонымен қатар, әлеуметтік маңызды бастаманы білдіріп, қоғамдық өмірге жігерлі түрде ат салысуға талпыну ретінде тұлға белсенділігінің алдына алады.

Берілген жоспарда әділеттілікті орнатуға байланысты орындайтын еріктік функциялар үлкен маңыздылыққа ие. Бұл функциялардың әлеуметтік маңыздылығы тұлғаның адамгершілік моделін анықтайды, профессиограмма құрылымын қалыптастырады.

Ерік сапасы – ол тұлға қасиеті болып кеткен және нақты арнайы жағдайларда көрінетін, жеңе алатын қиындықтар сипатымен ескертілген ерік регуляциясының ерекшелігі.

Ерік сапасының көрінуі тек қана адамның мотивімен және адамгершілік нұсқауымен анықталмайтынын ескеру қажет (мысалы, жетістік мотиві, екі құрамнан

тұрады: жетістікке талпыну, сәтсіздіктен қашу), ол жүйке жүйесінің қасиеттерінің туа біткен ерекшеліктерінің көрінуімен: күштілік-әлсіздік, ептілік-енжарлық, жүйке процестерінің тұрақтылық-тұрақсыздығымен анықталады. Мысалы, қорқыныш жүйке жүйесі әлсіз, ептілігі тежелетін адамдардың жүзінде айқын көрінеді. Сондықтан да, оларға мықты болып көріну типологиялық ерекшеліктері қара-қарсы адамдарға қарағанда қиын. [15].

Ал, ерікті қалыптастыру – ұзық процесс және ерте балалық шақтан басталады.

Тұлғаның барлық құрылымы қабілеттердің дамуы мен көрінуіне әсер етеді. Сонымен бірге, қабілеттер мен ұғынушылық психологиялық бейненің және оның әрекетте көрінуіне, адам қызметінің қалыптасуына әсер етеді.

Заңгерлердің ерік сапасын қалыптастыруға келетін болсақ, келесідей дифференциаланатын белгілерімен айқындалады:

- Мақсат көлемі өзгертіледі және кеңейеді (мақсатқа талпынушылық);
- Индивид барлық көбейетін ішкі және сыртқы қиындықтарды жеңеді (ерік күші қалыптасады);
- Индивид ерік күшінің беріктігіне қол жеткізеді (ерік шыдамдылығы артады);
- Өз ынтасындағы еркін тежегіш қабілеті артады (өзін-өзі ұстау мен төзімділік);
- Индивид алыс мақсаттарды көздеу және оған жету үшін бар күшін жұмсау қабілігіне ие болады;
- Мақсаттар мен оған жету жолдарын индивидтің өзі анықтайды.

Сонымен, ішкі және сыртқы кедергілерді жеңіп, әртүрлі қызметті атқара отырып заңгер өзін тұлға ретінде сипаттайтын оқу, еңбек маңыздылығы бар ерік сапасын дамытады. [16].

Демек, ол әлсіз, жасқаншақ, шыдамсыз болу мүмкіндігі «ерік күшін» көрсетпеуге байланысты емес, ол ода «ерік күшін» көрсету үшін генетикалық мүмкіндіктерінің аздығына байланысты (тума нышандардың аздығы).

Бұл тұлғаның ерік өрісін дамыту үшін күш жұмсамау керек дегенді білдірмейді. Дегенмен, адамның ерік өрісінің әлсіздігін жеңуде артық оптимизмнен және қалыпты, әсіресе волюнтаристтік тәсілдерден алшақ болған жөн. «Ерік күшін» дамыту жолында маңызды қиындықтармен кездесіп қалу мүмкіндіктерін білу керек, сол себепті де, шыдамдылық пен педагогикалық даналық, сезгіштік, ырғақ қажет (мысалы, жасқаншаққа қорқақ таңбасын жабыстыруға болмайды).

Сонымен қатар, бір адамда әртүрлі ерік сапасы бірдей көрінбеуі мүмкіндігін атап өтіп кету керек: біреуі жақсы, біреуі басымырақ болады. Демек, ерік (кедергілер мен қиындықтарды жеңе алатын механизм, яғни «ерік күші») біртекті емес және әр кезде алуан түрлі көрінеді. Яғни, барлық жағдайларға арналған біртұтас ерік жоқ, әйтпесе, әр жағдайда ерік берілген адаммен бірыңғай сәтті немесе бірыңғай сәтсіз көрінер еді.

Заңгерлердің индивидуалды ерекшеліктердің көптүрлілігінде ерік маңызды орында тұр. Ол нақты мамандықты, жоғарғы өндірісті жұмысты және әрқашанғы жетілудің сәтті игеруінің маңызды ішкі шарттарының бірі болып табылады. Ол білім мен дағдыларға түйістірілмейді, ол белгілі бір мамандық талаптарына жауап беретін психикалық қызметтің тұрақты ерекшелігі ретінде сипатталады. Біртектес қабілеттер бір іс-әрекетке қабілеттілік және басқа әрекетке қабілетсіздік ретінде бағаланады [17].

Берілген мамандықтағы еріктің болуы, оның ішінде заңгерлерде жоғарғы кәсіпқойлықтың, жұмысқа деген қызығушылықтың, қанағаттану сезімінің міндетті алғышарты.

Мамандыққа деген әлсіз ерік – жұмыстағы сәтсіздіктің, кедергіліктің, артық күш жұмсаудың, өз толымсыздығына және өмірлік бағытына деген ауырлық сезімінің, орын ауыстыруға, қызғаншақтыққа әкелетін бірде бір себеп.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Аристотель. О душе // Соч.: В 4 т. Т. 1. – М., 1975.,443
2. Декарт Р. Избранные произведения. М., 1950.
3. Кант И. Антропология с прагматической точки зрения // Кант И. Критика чистого разума. М.; Спб.; 2007. С 1070.
4. Кант И. Об общественном договоре, или Принципы политического права// Руссо Ж.-Ж. Трактаты. М., 1969. (С. 161).
5. Гегель. Работы разных лет. В 2-х т. М., 1971, т.2.
6. Фейербах Л. Избранные философские произведения: В 2 т. М., 1955. Т. 1.
7. Фейербах Л. Избранные философские произведения: В 2 т. М., 1955. Т. 1.
8. Еникеев М.И. Общая и социальная психология: Учебник / - 2-е изд., перераб. и доп. - М.: НОРМА: ИНФРА-М, 2010. - 640 с(259)
9. Фейербах Л. Избранные философские произведения: В 2 т. М., 1955. Т. 1
10. Ах Н. Об активности воли и о мышлении. Гёттинген, 1905.
11. Вундт В. Введение в психологию. СПб., 2002.
12. Франкл В. Человек в поисках смысла. М., 1990.
13. Джемс У. Научные основы психологии. Минск: Харвест, 2003
14. Венедиктов А.В. Правовая природа государственных предприятий. М., 1928.
15. Венедиктов А.В. Государственная социалистическая собственность. М., 1948.
16. Ойгензихт В.А. Воля и волеизъявление (Очерки теории, философии и психологии права). Душанбе, 1983. С. 153.
17. Вилкин Сергей Сергеевич. Гражданско-правовая природа волевых актов коллегиальных органов юридического лица / Диссертация / Москва. 2009

## БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ МАМАНДАРДЫҢ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

**Булекеева Э.**

*(Ақтөбе, Қазақстан)*

Ғылыми жетекшісі - Тоғайбаева А.К. п.ғ.к., доцент.,

Қ.Жұбанов атындағы АӨУ.,

[aikat\\_76@mail.ru](mailto:aikat_76@mail.ru) , [elmok\\_74\\_02@mail.ru](mailto:elmok_74_02@mail.ru)

**Аннотация.** Қазіргі жағдайда оқытушыға қойылатын талаптар оның цифрлық білім беру іс-әрекетіне жан-жақты дайын болуының негізі болып табылады. Осы қызмет аясында бір жағынан оқытушының психологиялық, психофизикалық және физикалық дайындығына қойылатын талаптар, екінші жағынан кәсіби негізі ретінде теориялық және практикалық білімдерін болуы. Осы ретте бірқатар ғалымдардың еңбектерін талдай келе болашақ педагог мамандарға және жалпы педагогтарға қойылатын құзыреттілік талаптарын да сөз етуімізге тура келеді. Осыған байланысты қазіргі заманғы оқытушының цифрлық оқыту жағдайында кәсіби іс әрекетке қажетті білім көлемін ғана емес сонымен қатар жоғарыдағы аталған барлық құзыреттіліктерді тгеру қажет, оларды оқу іс әрекетінде шығармашылықпен

қолдана білу қажет; танымдық іс әрекеттің мақсаттарын тиімді пайдалану қажет; қойылған мақсатқа жетудің тиімді жолдарын табу қажет; әр түрлі ақпарат көздерін тиімді пайдалану қажет; қажетті ақпараттарды іздеу және табу қажет; алынған нәтижелерді бағалау қажет; өз қызметін ұйымдастыру қажет; цифрлық білім беру кеңістігінде білім алушылармен бірлесіп жұмыс жасай білуі қажет. Осыған орай, мақалада ғалымдардың зерттеулеріне баса назар аударылған.

Тірек сөздер: сөз мәнері, тәрбие, ақпараттық құралдар, оқушыларға сөйлеу мәдениетін үйрету

Педагогикалық шеберліктің маңызды бөліктерінің бірі – сөз мәнері мәдениеті болып табылады. Сөз мәнері педагог үшін оқу материалын тарату және тәрбиелік өзара қарым-қатынас құралы болып саналады.

Сөз мәнеріндегі мәдениеттілік жөніндегі оқу Ежелгі Грецияның және Ежелгі Римнің ораторлық өнер тәжірибесімен теориясында пайда болған, ал Ресейде оны М.В. Ломоносов ашқан. Жазушылар, заңгерлер, ғалымдар, педагогтар сөз мәнеріндегі шеберлікті өз саналарына қарай бейімдейді.

Я.А. Коменский педагогтың оқушы назарын өзіне аудару алатындай деңгейдегі сөз мәнері болуы қажет деп санады[1]. Ол мұғалім тілі оқушыға түсінікті, нақты, әрі тартымды болуы керек деп жазды. Сөз мәнеріндегі мәдениеттілік педагогтың рухани байлығының, ойлау мәдениетінің маңызды көрсеткіші және тұлғалық қалыптасу құралы болып табылады.

Зерттеушілер П.В.Сысоев, С.В.Тришиналардың пікірінше ақпараттық құзыреттілікті кәсіби мәселелерді шешуге бағытталған ақпараттық технологиялар саласындағы білім, білік, дағды және іс әрекет жұмыс жасау тәсілдері ретінде түсіндіріледі[2,3].

Мұғалім балалармен істес болады: егер олар бір нәрсені түсінбесе, онда мұғалім шәкірттерді кінәламай, оларға дұрыс түсіндіре алмағаны үшін өзін-өзі кінәлауы керек. Мұғалім балалармен сөйлескенде ашуланбай, күйгелектенбей, сабырлықпен сөйлеп, шұбалаңқы сөздер мен керексіз терминдер қолданбастан әрбір затты ықыласпен, қарапайым тілмен түсіндіру керек.

«Сөз мәдениеттілігі» немесе «тілдік мәдениет» сөз тіркестері үш мағынада қолданылады: Сөз мәдениеттілігі – сөз өнеріндегі коммуникативтік жетілдіру үшін көрсететін қасиеттері мен белгілері; Сөз мәдениеттілігі - адамның сөз мәнерін табысу мақсатында дұрыс қолдануын қамтамсыз ететін білімділігі мен дағдыларының жиынтығы. Сөз мәдениеттілігі – сөз мәнері және оның коммуникативті сапалы жүйесі жөніндегі лингвистикалық білімдер жиыны.

Сөз мәнерінің коммуникативті сапасы оқушыларға сөз мәдениеттілігі ретінде әсер етсе, біз оның құрылымын коммуникативті әсері жағынан қарастырамыз. Бүгін мультимедиялық презентациялар білім беру саласы ғана емес, бизнес саласындағы стандартты ақпараттарды ұсыну, ауысымға

келген қағаз корпоративтік брошюраны, каталогтарды, жылдық есептерді, жарнамалаық қағаздарды үгіт қағаздарын дайындауға да қолданылады. Презентацияны анимацияланған GIF файл ретінде сақтау, оқу материалдарын түрлі құрылғыларда арнайы әсерлерін сақатй отырып көрсетуге мүмкіндік береді. Осы салада жаңа ұғымдардың пайда болуы және олардың нақты мәндерінің түсіндірілуіне салыстырмалы талдау жасауда Б.Кханның пайымдауын басшылыққа алғанда ақпараттық білім беру қашықтан оқыту технолоиялары бағыттарына неғұрлым жақын екендігі көрінеді. Жоғарыда айтылғандардың пікірлерін қорытындылай келе ағылшын тіліндегі білім беру дискурсінде: алдымен қашықтан білім беру, қашықтан білім алу және білім беру үшін өзара байланыс құрылды, қамтамасыз ету құралы ретінде пайда болды. Соңында бұл дискурстардың бірігуі ашық жіне коммерциялық тұрғыда орта ретінде қалыптаспы таза академиялық бағыттағы ашық электронды курстардың пайда болуына әсер етті[4].

Педагог сөзінің әрекет ету күші орнықтылықпен де (оқушылармен тіл табысу кезінде) байланысты. Оқушыларға білім беру және оның меңгерілуі айтылған мазмұнның тиімділігін жеңілдетеді. Жаңа оқушы келген күннен бастап, жаттықтырушы тек оның физикалық мәліметтерін ғана біліп қоймай, психикалық қасиеттеріне де назар аударады, мінез-құлқын, темпераментін, ұнамды, интеллектуалды және эстетикалық сезімдерін, талғамын, қажеттілігін, дағдылары мен қызығушылықтарын, көңіл-күйінің өзгеруін және оларды қадағалау мүмкіндігін таниды. Тұлғаның психикалық қасиеттерін есепке ала отырып, тәрбиеленушімен сұхбаттасын орынды және таңдау қажет. Бір спортшымен көпшіліктің көзінше сөйлесу керек болса, енді бірімен оңашада сөйлесу қажет болады. Заңдылық бойынша әңгіме жай, қарапайым түрде дауыс көтермей өтеді, кейбір мадақтаулар немесе әрекет ету жөніндегі кештер өзгеше тонмен, мейлінше қаттырақ дауыспен өтеді. Педагогтың кез келген сөйлеу мәнерінде жағымсыз сөздер болмауы тиіс. Сөйлесу екпіні оқушы психикалық жағдайына, рухани тепе - теңдігіне, жасалған әрекеттерге байланысты қайғыруына қарай таңдалады.

Сөз мәнері тіл ережелері бойынша жүзеге асады. Тілдің маңызды қоғамдық функциялары мыналар:

- Күнделікті тіл табысу – сөйлесу стилі.
- Хабарлама – іскерлік және ғылыми стиль
- Әрекет ету – публицистикалық және көркем – беллетристикалық стиль.

Педагогтың сөйлеу мәдениеті тек оқыту міндеттерін ғана шешпейді. В. А. Сухомлинский мұғалімнің педагогикалық шеберлігі сөздің тәрбиелік мағынасын аша білу дағдысына тікелей байланыста анықталады деп санайды. Педагог кадрларды даярлаудың маңызды шарты – барлық сала бойынша студенттерде тілге деген ұқыпты қарым-қатынасқа тәрбиелеуді қалыптастыру [5]. К. Паустовский былай деп жазған: «әр адамның өз тіліне деген байланысы бойынша оның мәдениеттілік деңгейін ғана емес, сонымен

бірге азаматтық құндылығы жөнінде де пікір айтуға болады[6]. Отанға деген шынайы махаббат өз тіліне деген махаббатсыз қалыптаспайды». Оқытушының кейбір функцияларын орындау. Бұл бағдарламалық құралдар әдетте компьютерде жұмыс жасауға арналған командалар, жұмысты тоқтату туралы, тексеруді орындау, ақпаратты өзгерту қажеттілігі туралы, қосымша деректерді алу туралы, жұмыс барысын талқылау туралы нұсқаулар береді.

Презентациялық өнім масштабталған пайдаланушы интерфейсін пайдаланады, ол пайдаланушыларға өзіндік презентациялық материалдардың ауқымдылығын арттыруға және азайтуға, кеңістікте ақпарат бойынша көрсетуге және жылжытуға мүмкіндік береді. Онлайн және офлайн Prezi редакторлары пайдаланушыларға панорамалау және масштабтау, сондай ақ айналдыру немесе насынды редакциялау үшін жалпы құралдар политрасын пайдалана отырып, әзірлейді. Презентацияны пайдаланушы кеңепте орналастырады және бейнелер, суреттер, мәтіндер және басқа презентация құралдары арасын жылжытады. Кадрлар презентациялық медианы презентацияның бір нысаны ретінде бірге топтастыруға мүмкіндік береді. Өз жазылушыларын, яғни қолданушыларына дербес режимде жұмыс жасауға өз презентацияларын Windows немесе MAC жүйесінде жасауға және сақтауға мүмкіндік береді. Prezi бұл бірлескен жұмысқа арналған интерактивті функция он адамға дейін нақты уақытта өз презентацияларын өңдеуге және көрсетуге мүмкіндік береді. Байқап отырғанымыздай құжаттар мен медиафайлдарды бірлесіп жасауға және қолдануға арналған құралдар, яғни ақпараттық технологиялық бағдарламалар көптеп кездеседі [7].

Оқушыларға білім беру және оның меңгерілуі айтылған мазмұнның тиімділігін жеңілдетеді. Жаңа оқушы келген күннен бастап, жаттықтырушы тек оның физикалық мәліметтерін ғана біліп қоймай, психикалық қасиеттеріне де назар аударады, мінез-құлқын, темпераментін, ұнамды, интеллектуалды және эстетикалық сезімдерін, талғамын, қажеттілігін, дағдылары мен қызығушылықтарын, көңіл-күйінің өзгеруін және оларды қадағалау мүмкіндігін таниды. Тұлғаның психикалық қасиеттерін есепке ала отырып, тәрбиеленушімен сұхбаттасын орынды және таңдау қажет. Бір спортшымен көпшіліктің көзінше сөйлесу керек болса, енді бірімен оңашада сөйлесу қажет болады. Заңдылық бойынша әңгіме жай, қарапайым түрде дауыс көтермей өтеді, кейбір мадақтаулар немесе әрекет ету жөніндегі кештер өзгеше тонмен, мейлінше қаттырақ дауыспен өтеді. Ұғым дегеніміз – шындықтың объектілері мен құбылыстарын жалпыланған түрде түсіретін ой[8]. Ғылыми ұғымдар оларға ұқсас объектілер мен құбылыстарды ажыратуға мүмкіндік беріп, олардың маңызды белгілерін айқындайды. Ғылыми ғғымдардың өзіндік мазмұны бар. Ғылыми ұғымдардың мазмұны – оларда көрініс табатын негізгі ерекшеліктердің өзегі болып табылады. Көлемі – ұқсас белгілері бар объектілері мен құбылыстардың бірінғай белгілерін сипаттайды.

Тілде және сөз арқылы әр адамның өз Отанының, өз халқының өткен және осы жағымен байланысты анықталады. Сондықтан үнемі сөз мәнеріне, ана тілдің тазалығына мәнерлеп сөйлеу мәдениетіне көңіл аудару қажет. Бағдарламалық оқыту – профессор Б.Ф.Скиннер ұсынған және көптеген елдердің мамандарының жұмысында дамыған оқыту түрі [9]. Бұл тренинг арнайы әзірленген оқу бағдарламасына негізделген, ал оқытушының және білім алушылардың іс-әрекеттері жүзеге асырылатын және бақыланатын нақты тапсырмалардың тізбегі болып табылады. Кейбір сөйлеушілер сөздерін бастағанда ақырын бастайды, себебі ол адам тыңдаушылардың назарын өзіне аударғанын талап етеді. Тыңдаушыға назар ауару маңызды. Ол сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы қарым-қатынасты әрі қарай жүзеге асыратын бірінші қадам. Қарым-қатынас ауыспалы мәселе. Қатынастар бүкіл аудиториямен толық және толық емес болып бөлінеді. Аудиторияны қарату - ол сөз сөйлей бастағанда қалыптасады және оны сөздің кез келген жерінде қолдануға болады. Көптеген жағдайда ол тыңдаушы мен сөйлеуші арасындағы қарым-қатынасты жақсартады. Ең маңыздысы оларды жеткілікті немесе аса тым асырып бағалап жібермеген жөн. Философиялық категориялар шындықтың кең таралған белгілері мен байланыстарын, жақтары мен қасиеттерін көрсетеді; педагогика ғылымы зерттейтін шындықтың даму заңдылықтары мен бағыттарын түсінуге және бейнелеуге көмектеседі. Әлеуметтену категориясы педагогиканың негізгі объектісі туралы теориялық білімдермен түсіндіре отырып, мәні, құбылысы, жалпы, жеке, қарама-қайшылық, себеп, эффект, мүмкіншілік, шындық, сапа, сана, болмыс, сан, заң, жүйелілік ұғымдары мен категориялары педагогика саласында кеңінен қолданылады. Жалпы ғылыми категориялар – көптеген жеке ғылымдарға ортақ, бірақ философиялық категориялардан өзгеше.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Я.А. Коменский педагогтың оқушы назарын өзіне аудара алатындай деңгейдегі сөз мәнері болуы қажет деп санады Коменский Я.А., Локк Д., Руссо Ж.Ж. и др. Великая дидактика // Педагогическое наследие: сб. – М.: Педагогика, 1989. – С. 12-104.

2. Сысоев П.В., Евстигнеев М.Н. Развитие информационной компетенции специалистов в области обучения иностранному языку // Язык и культура. 2008. №4. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/razvitiye-informatsionnoy-kompetentsii-spezialistov-v-oblasti-obucheniya-inostrannomu-yazyku>(дата обращения: 21.04.2021).

3. Тришина С.В. Информационная компетентность как педагогическая категория // Интернет-журнал "Эйдос". - 2005. - 10 сентября. URL: <http://www.eidos.ru/journal/2005/0910-11.htm>.

4. Шешендік өнер ғылымы, риторика. <https://stud.baribar.kz/12817/sHesHendiK-oener-gHylyMy-riToriKa/>

5. Сухомлинский В.А. О воспитании. – Изд. 3-е. – М.: Политиздат, 1979. – 270 с.

6. Сапрыкина Т.В. Эстетический идеал К. Г. Паустовского: прекрасное в природе // Учёные записки ЗабГУ. Серия: Филология, история, востоковедение. 2011. №2. URL:

<https://cyberleninka.ru/article/n/esTetichesKiy-ideal-K-g-pausTovsKogo-preKrasnoe-v-priode> (дата обращения: 21.04.2021).

7. Сағалиева Ж.К. және т.б. Білім беру кеңістігіндегі цифрлық педагогика / Цифровая педагогика в образовательном пространстве: Оқу құралы / Авторлық ұжым Ж.К.Сағалиева, М.Д.Есекешова, Ғ.С.Ғұмаров, А.А.Жүсіпова, Э.Ш.Кочкарбаева, К.Ж.Нұрмуханова, Ш. Жақанқызы. – Алматы: «Бастау», 2020. – 388 бет.

8. Образование и наука: энциклопед. словарь / под ред. Ж.К. Туймебаев и др. – Алматы: 2008. – 448 с.

9. Б.Ф.Скиннер. Цифровой педагог в онлайн образовании // Научные труды Института непрерывного профессионального образования. 2016. - №6(6).-С.117-122.



## МАЗМҰНЫ

### М.АРЫННЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МҰРАЛАРЫ ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ И ЛИНГВИСТИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ М.АРЫНА PEDAGOGICAL AND LINGUISTIC HERITAGE OF M.ARYN

---

<b>Ә.М.Рахымжанов</b> .....	4
ҚҰРМЕТТІ КОНФЕРЕНЦИЯҒА ҚАТЫСУШЫЛАР	
<b>А. Айталы</b> .....	9
М.АРЫН ӨМІРІНІҢ КЕЙБІР СӘТТЕРІ	
<b>А.Ж. Мұхамбетжан</b> .....	11
ҚАЗАҚИ РУХАНИЯТ ШЫРАҚШЫСЫ	
<b>Г.М. Бейсетбайқызы</b> .....	16
ХАЛЫҚТЫҢ ҰСТАЗЫНА АЙНАЛҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒА	
<b>А. А.Алдарбай</b> .....	23
М.АРЫНОВТЫҢ Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік УНИВЕРСИТЕТІНЕ ҚОСҚАН ТАҒЫЛЫМДЫ ҮЛЕСІ.	

### ҰЛТТЫҚ РУХАНИЯТ КЕҢІСТІГІ: М.АРЫННЫҢ ТӘРБИЕ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫНДАҒЫ «БЕС АНЫҚ» МИР НАЦИОНАЛЬНОЙ ДУХОВНОСТИ: КОНЦЕПЦИЯ ВОСПИТАНИЯ М.АРЫНА «БЕС АНЫҚ» THE WORLD OF NATIONAL SPIRITUALITY: THE CONCEPT OF EDUCATION OF M. ARYN "BES ANYK"

---

<b>К.Г. Токтасиновна</b> .....	29
ЖАҚСЫДАН ӨСИЕТ, АСЫЛДАН ҚАСИЕТ	
<b>Тургамбаева С. С</b> .....	33
ҰЛТ КЕЛБЕТІН АНЫҚТАЙТЫН БЕС ҚҰНДЫЛЫҚ	
<b>Жұмабек С.С</b> .....	38
МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА М.АРЫННЫҢ МАЗМҰНДЫ МҰРАЛАРЫН ҚОЛДАНУ	
<b>Kussametova G.K Vozgulanova N.Y.</b> .....	43
PEDAGOGICAL IMAGE OF FUTURE TEACHER	
<b>Қ.Ж. Қоныскұлқызы, Жүсүпова Ж.А</b> .....	47
БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫ ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МАМАНДЫҚ ТАҢДАУЫНА КЕҢЕС БЕРУГЕ ДАЯРЛАУ	

### БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ДӘСТҮРЛЕР ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАР ТРАДИЦИИ И ИННОВАЦИИ В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ TRADITIONS AND INNOVATIONS IN THE EDUCATION SYSTEM

---

<b><u>Момбаев К. Ж., Курмашова Г.С.</u></b> .....	58
БІЛІМ БЕРУДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МӘСЕЛЕЛЕРІ	
<b><u>Ғанибаева Ж. А.</u></b> .....	62
БІЛІМ БЕРУДЕ СЫНИ ОЙЛАУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ	
<b><u>Тлеуғабылова А.Ш., Түребаева К.Ж</u></b> .....	68
АУТИСТ БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ОРТАҒА ҚОСУ	
<b><u>Абайқызы П., Түретаева Г.И</u></b> .....	71
АУТИСТІК СПЕКТР БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ЗЕЙІНІН ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ДАМУ	
<b><u>Үмбетқали А.Д., Қартбаева Ж.Ж</u></b> .....	75
ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КӘСІПТІК БАҒДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ	
<b><u>Искаирова У.К., Тоғайбаева А.К</u></b> .....	79
А.А.КАЛЮЖНЫЙ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫРЛАРЫ	
<b><u>Бердығалиева А.С., Қартбаева Ж.Ж</u></b> .....	83
БОЛАШАҚ МЕКТЕП ПСИХОЛОГТАРЫН ДАЙЫНДАУДЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ - ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ	
<b><u>Омарова С. А., Түретаева Г.И</u></b> .....	87
АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ STEM ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ - ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ	
<b><u>Батырбай А.К</u></b> .....	91
ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ЕҢГІЗУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	
<b><u>Н.М.Нурлан</u></b> .....	96
МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН БАЛАЛАРДЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ЖАҒДАЙЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ	
<b><u>Қабеш А.К., Имжарова З.У</u></b> .....	103
ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ	
<b><u>Қайназарова Н.Д</u></b> .....	107
МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ КРЕАТИВТІЛІГІН ДАМУ	
<b><u>Толбаева Ж.А., Аманғалиева Ш.Б</u></b> .....	112
БІРІНШІ КУРС БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ КОЛЛЕДЖ ЖҮЙЕСІНЕ БЕЙІМДЕЛУІ ЖӘНЕ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚИТУ КОНТЕКСІНДЕ	
<b><u>Утеуова А.А., Кереймағанбетова Ж.Н., Ергарина Ж.М</u></b> .....	115
ФАКТОРЫ, ВЛИЯЮЩИЕ НА ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ ЗДОРОВЬЕ ДЕТЕЙ МЛАДШЕГО ШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА	
<b><u>Утеуова А.А., Кереймағанбетова Ж.Н., Каримова Г.М</u></b> .....	118
СТУДЕНТТЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫН ДАМУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	

<b><u>Төлебаева Ж.А</u> .....</b>	<b>124</b>
ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНДЕ ҚИЫН ЖЕТКІНШЕКТЕРДІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕЛЕУ ЖОЛДАРЫ	
<b><u>Төлебаева Ж.А</u> .....</b>	<b>127</b>
БОЛАШАҚ ЗАҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНДЕГІ ЕРІК САПАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ	
<b><u>Бүлекеева Э</u> .....</b>	<b>131</b>
БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ МАМАНДАРДЫҢ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ	